

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ**

*Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде*

**4-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

ӘОЖ 930.85(574)=512.122

КБЖ 71.1 (5 Каз)=632.4

Қ 18

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

**Құрастырушы авторлар:** Г.А. Байжабагинова., Л.Г. Матвеевкова, А.В. Волкова, А.К. Сламбекова, З.Н. Нұрлыгенова., Б.Г. Нұғман, А.Е. Даниярова, Ж.А. Түсүпбеков, Г.С. Байпелова, К.С. Тілеуғабылова, С.Д. Шаймұханова, А.А. Әбдірахманова, М.Ж. Сүлейменова, Т.Ж. Мақалақов, К.Ш. Жәлелов.

Қ 18 **Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы.** Студенттік топтар кураторларына көмек. 4-кітап /ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 119 б.

Жинақ Қазақстан дамуының негізгі тарихи-мәдени кезеңдерін ашатын мақалалардан қамтылған. Жинақ материалдары кураторларға Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев тұлғасы өнегесінде қазақстандық патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде куратор сағаттарын және басқа шараларды дайындау үшін ұсынылады.

ӘОЖ 930.85(574)=512.122

КБЖ 71.1 (5 Каз)=632.4

© Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті, 2011

## *Kіpіcne*

«Мәдени мұра» ұғымы ХХ ғасырда тұжырымдалып, терең мағынаға ие болды. Осы ұғым нені білдіреді? Мәдени мұра – бұл халықтың, қоғамның, мемлекеттің баға жетпес құндылықтарының рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталы. Табиғат байлықтарымен қатар, бұл - ұлттық өзін-өзі сыйлау және әлемдік қауымдастықты мойындату үшін басты негіз.

Тарихи-мәдени мұра қазіргі қоғамда айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл, бәрінен бұрын, экономиканы, саясатты ғана емес, сонымен бірге рухани саланы да қамтыған жаһандану процесімен байланысты.

Әрине, адамзат қоғамы дамуының табиғи процесі ретінде жаһандану тек келеңсіз жақтарды ғана емес, сонымен бірге позитивті жақтарын да қамтиды. Алайда, оның рухани саладағы сөзсіз зардабы - жеке тұлғалардың ғана емес, сонымен бірге тұтас халықтардың өзіндік жеке қасиеттерінің жойылуы, өз бірегейлігі мен өзгешелігін жоғалтуы, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлердің, соның ішінде әдептік, адамгершілік қағидалардың ұмытылуы. Бұқаралық ақпараттың электрондық құралдары, бір жағынан, кез келген ақпаратты неғұрлым қол жетерліктей жасаса, ал екінші жағынан, құндылықтар жүйесін, өмір қалпын бір стандартқа әкелетін, жаңа көпшілікке тән дүниетанымды әлемге таратады.

Осылайша, қазіргі қоғамдағы мәдени мұра ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық компоненті болып қалыптасады. Ол халықтың тарихи жадысын сақтап, қалпына келтіре отырып, жалпы оның адамзат мәдениетіндегі орнын объективті түрде қамтамасыз етеді.

Бұл жағдайда азаматтық қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған отаншылдық тәрбие берудің рөлі артады.

Азаматтық – бұл адамның мемлекеттікке қарым-қатынасын шамалайтын, яғни өзін мемлекетке жақындататын, өзін мемлекетпен рухани байланыстыратын сана-сезім түрі. Бұл сезім ұлы адамдарды зерттеу арқылы немесе өз елінің көп ғасырлық тарихы мен мәдениетінің қасіретті беттерін оқудан, оның әлемдік тарих пен мәдениеттегі рөлін пайымдаудан және осы елдің өткені, қазіргісі және келешегі туралы ойлардан туындаған рухани байланысты сезінуден қалыптасады.

Ұсынылып отырған жинақта Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің оқытушыларымен дайындалған Қазақстанның тарихи-мәдени дамуының көне дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі негізгі кезеңдерін, Қазақстан Республикасының қазіргі жаһандану кезеңіндегі мәдени саясатының негізгі бағыттарын сипаттайтын материалдар берілген. Материалдар «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы» тақырыбы бойынша кураторлық сағаттарды дайындау және өткізу кезінде кураторларға ақпараттық көмек береді.

## Қазақстан жастарының отаншылдығын білім беру жүйесінің призмасы арқылы дамыту және нығайту



*Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаты  
К. Бұрханов*

Отаншылдық идеясы барлық замандарда тек қоғамның рухани өмірінде ғана емес, сонымен бірге оның қызметінің барлық маңызды – мәдениет, идеология, саясат және т.б. салаларында ерекше орын алды. Қазір қазақстандық отаншылдық тәрбиесі туралы, осы ұғымның мағынасы қандай, оның негізгі принциптері қандай деген пікірлер жиі айтылады. Бірақ отаншылдық ұғымының өзі - өте терең, бағалануы қиын. Отаншылдық сезім – бұл қасиетті сезім. Кеңестік отаншылдық тәрбиесінде өсіп, қалыптасқан біздің ұрпақ посткеңестік мемлекеттердің барлығына тән дәуірлік өзгерістерді бастан кешіріп жатыр. Мемлекет құру және мемлекеттіктің өз тұжырымдамалары бар жаңа мемлекеттер пайда болды. Олардың ішінде біздің еліміз – Қазақстан да бар. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың: «Біз өзіміз де өзгердік, біздің ойымыз да, көзқарасымыз да өзгерді. Біз ерекше тұспалсыз-ақ жақсы тұрмыстың негізі меншікті еңбек қана бола алатынын түсіндік, ал мемлекет осы үшін қажетті жағдайлар жасауы тиіс» - деген орынды сөзі бар. Бүгінгі күні қазақстандықтар өз тағдырының иелері.

Көптеген адамдардың түсінігінде өсіп келе жатқан ұрпаққа отаншылдық тәрбие беру әскери парызын өтеумен ғана шектеледі, ал бұл отаншылдық тәрбие беру ұғымының мазмұнын едәуір тарылтады. Қазіргі кезде жастарға отаншылдық тәрбие беру ісі отаншылдық сананы қалыптастырудың талаптарына толық жауап бере алмайды, соның ішінде мемлекетшілік сананы қалыптастыру, өз Отанына шын берілгендік пен адалдық сезімін тәрбиелеу, азаматтық парыздары мен негізгі конституциялық міндеттерін орындауға дайын болу тәрбиесі де артта қалып келеді. Қазақстандық отаншылдық – бұл өзгеше сана-сезім, себебі бұл жағдайда сөз Қазақстанның көп ұлтты халқының ортақ Отанына айналған Қазақстанға деген қарым-қатынасы туралы болмақ.

Қазақстандық отаншылдық – бұл өзінің шамдандыратын, ауқымды өзгерістерімен шетел саясатшылары мен көсемдерін ғана емес, сондай-ақ өз отандастарын да таң қалдырған, посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып алға шығып, жаңа мемлекет құрған, өз Отанымен мақтанудың орынды негізі. Сондықтан біз әрбір азаматты, оның жасына қарамай, өз Отанына деген отаншылдық сезімде тәрбиелеп, отаршылдық және кеңес кезінде жойылған мемлекеттік сана-сезімді қалпына келтіріп, осы философия мен идеологияны барлық жерде енгізуіміз тиіс. Мемлекеттік сана-сезімі бар адам өз мемлекетінің заңдарын құрметтейді, өз мемлекетін сүйіп, қорғайтыны баршаға аян. Бұл үшін

Қазақстан азаматтарының мемлекеттік санасын және мемлекеттік идеологияны қалыптастыру бойынша бағдарлама әзірленуі тиіс.

Мемлекеттік идеология саяси өмірге қатысты қалыптасқан көзқарастардың, түсініктердің, идеялардың тұжырымдамалы жүйесі ретінде мемлекет пен қоғамның мүддесін, дүниетанымын және идеалдарын аңғартып, елдің дамуында бағыт таңдайтын маңызды рөлді атқарады. Ол мемлекет құрудың әрбір кезеңінде қажет, өйткені мемлекеттік идеология қоғам интеграциясы, тұлғаның әлеуметтенуі және әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттің өзін ерекшелеуіндегі ауқымды әлеуетін қамтиды. Әрбір азамат сана-сезімінің арқасында қоғамға қажет мемлекеттік идеологияны іске асыруға септігін тигізуі мүмкін. Бірақ, мемлекеттік сана-сезімді қалыптастыру проблемасы тек өсіп келе жатқан ұрпақта ғана емес, Қазақстан Республикасының азаматтарында да бар екенін атап өту қажет. Мемлекеттік сана-сезім, ең алдымен, ұлт пен халықтың тарихи санасының негізінде қалыптасатыны барлығына аян.

Мемлекеттік сана-сезім және мемлекеттік дүниетаным халықтың тарихи сана-сезіміне, тарихи біліміне сүйенеді. Алайда отаршылдық және тоталитарлық жүйе өктемдік құрған жылдары Қазақстан халқының тарихи сана-сезімі барлық құралдармен өшірілді. Халықтардың тарихи жадысынан ұлы мемлекеттер, атақты қолбасшылар, өз Отанына және мемлекетіне қызмет еткен және туған жерін қорғаған халық батырлары өшіріліп тасталды. Халықтың тарихи жадысын біртіндеп жоя отырып, қазақ этносын «мал бағатын халыққа» айналдыруға тырысты, ал бұл өз кезегінде халықтың көзқарастар жүйесінде мемлекеттік, мемлекеттік сана-сезімді жоюға қызмет етті. Қазіргі жағдайда біздің жастарымыздың санасында мемлекеттік сана-сезім, мемлекеттік дүниетаным, мемлекеттік қалыптастыру үшін халықтың тарихи жадысын қалпына келтіру, қазақстандық отаншылдық негізінде жататын, тарихи сана-сезімін қалыптастыру қажет.

Өзінің ұлы ата-бабаларының даңқты тарихына ортақтасу, заманалар арасындағы байланыс, мыңдаған жылдар бойы тіршілік еткен мемлекет алдындағы жауапкершілік әрбір азаматтың және қазақстандық отаншылдың көзқарасындағы мемлекеттіліктің берік базасы болып табылады. Яғни тарихи сана-сезім өз мемлекетінің тарихи жадын сақтау, өз елін сүйе білуге тәрбиелеу қажеттігін сезінуге мүмкіндік береді.

Біздің көшбасшымыз Н.Ә. Назарбаев: «Көп ұлтты жастарды өздерін Қазақстан тарихымен, алдыңғы ұрпақтың маңызды өмірлік құндылықтарымен байланыстыруға үйрету керек. Жастарға нақты өмірлік бағдарлар беріп, күмән тудыратын түрлі идеялардан сақтау керек» - деп атап өтті.

Қазақ халқының тарихы дүниежүзілік тарихтың маңызды бөлігін құрайды, сондықтан оны зерттеу қазақстандық отаншылдық пен жастардың тарихи сана-сезімін қалыптастыруда маңызды орын алады. Қазақстан тарихын зерттеу негізінде келесі тұжырымдамалар болуы тиіс: бұл Қазақстанның мемлекет құраушы этносының көп ғасырлық тарихы бар екенін; қазіргі заманғы қазақтардың бұрынғы ата-бабалары сақтар, сарматтар, ғұндар, аварлар екенін және қазақ этносының қалыптасуында және дамуында маңызды рөл атқарған,

ұлттық мемлекет негізін қалағанын мемлекеттерге Үйсін мемлекеті, Қаңлылар мемлекеті, Түрік қағанаты, Түргеш, Оғыз және Қарлық мемлекеттері, монғол ұлыстары, Алтын Орда, Көк орда, Ақ орда және Қазақ хандығы және т.б. жататынын түсіну.

Бұл проблеманың шешімі білім беру және мәдениет жүйесімен өзара тығыз байланысты, өйткені білім жүйесінің алдында жастардың тарихи-мәдени мұраға деген құрметін тәрбиелеу міндеті тұр, ал бұл өз кезегінде мемлекеттік және тарихи сана-сезімнің өсуіне, жастардың бойында қоғамның барлық буынын біріктіретін, жалпыға қажет құндылықтарын қалыптастыруға әкеледі. Елдің бейнесі және Отанымен ажырамас байланысын сезінуі мемлекет, қоғам тарапынан механизмдер мен институттар арқылы, бәрінен бұрын, білім арқылы ерекше ынтамен қалыптасады. Осыған оқушыларды қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелейтін білім беру мекемелерін белсенді түрде қатыстыру қажет. Білім беру ұйымдарында барлық хронологиялық тізбек, тарихтың бүкіл философиясы мемлекеттік идеяға және Қазақстан Республикасының аумағында әр түрлі тарихи кезеңдер мен мерзімдерде құрылған мемлекеттер тарихына негізделген отандық тарихтың (Қазақстан тарихы) оқытылуына ерекше көңіл бөлуі керек.

Қазақстан тарихын зерттеу негізінде келесі тұжырымдамалар болуы тиіс: бұл Қазақстанның мемлекет құраушы этносының көп ғасырлық тарихы бар екенін; қазіргі заманғы қазақтардың бұрынғы ата-бабалары сақтар, сарматтар, ғұндар, аварлар екенін және қазақ этносының қалыптасуында және дамуында маңызды рөл атқарған, ұлттық мемлекет негізін қалағанын мемлекеттерге Үйсін мемлекеті, Қаңлылар мемлекеті, Түрік қағанаты, Түргеш, Оғыз және Қарлық мемлекеттері, монғол ұлыстары, Алтын Орда, Көк орда, Ақ орда және Қазақ хандығы және т.б. жататынын түсіну. Біздің алдымызда көптеген аналитикалық материалдар және жаңа ақпарат көздерінің негізінде Қазақстанның қазіргі тарихын жан-жақты және мұқият зерттеу міндеті тұр.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазіргі жастарымыз келешекте қоғамның саяси, экономикалық және ғылыми элитасының негізін қалыптастыратынын ұмытпауымыз керек. Олар әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер процесінде басты қызметті атқаратын болады. Қазақстандық қоғамның дамуы жастардың тұлға ретінде қай бағытты таңдайтынына, білім жүйесінің оларға қандай әлеуметтену түрін ұсынатынына, жастардың азаматтық санасында қазақстандық мәдениеттің, тарихтың, менталитеттің қандай құндылықтары нығаятынына байланысты.

*22.04.2009 ж. Мәжілістің дөңгелек үстелінде  
сөйлеген сөзінен*



## Қазақстан аумағындағы қола және тайпалық қауымдастықтарының мәдениеті

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
оқытушысы  
З.Н. Нұрлығенова,*

Қазіргі таңда қазақтардың нақты тарихы жаңаруды қажет етеді. Тарихи естеліксіз ұлттық абырой мен патриоттық сезімдер болмайды. Қазақстан тарихында тек тарихи ғана емес, ұлттық маңыздылығы бар оқиғалар бар. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Қазақ жерінің жаңа еуразиялық масштабтағы - әскери технологиялардан бастап, баспаналарды құру әдістері мен мал шаруашылығымен айналысуға дейін, металлургиядағы ерекше технологиялардан әдеби шығармашылық ескерткіштеріне дейін жететін мәдени зор жаңашылдықтардың аумағы болғанын білмеу үшін адамның қаншалықты білімсіз болу керектігін елестету қиын» екенін атап өтті.

Б.з.д. II мыңжылдықтың басында Қазақстан аумағында өзінің мал шаруашылығы және жоғары дамыған металлургияны байланыстыратын кешенді шаруашылығы қалыптасты. Қазақстан аумағының кең байтақ жеріне қарамастан, қола дәуірінің тайпалары неолит дәуіріндегі тайпалық айырмашылықты алмастыратын мәдени бірізділікті көрсетеді. Соңғы жылдары тарихшылар арасынан Авестада жазылған ария, тура, хьон және басқа халықтар андрон мәденитіне жататыны туралы ғылыми дәлелдемелер айтты. Археологиялық-этнографиялық зерттеулер де зооаристризмнің ежелгі мәтіндерінің салыстырмалы тарихи-лингвистикалық дәлелдемелері талдауының осы ғылыми болжамның пайдасына көрсететінін мәлімдейді.

Б.з.д. II мыңжылдықтың басында Қазақстан тайпалары қола заттарының өндірісін меңгерді. Қола – мыс пен қалайының, сонымен қатар, кейде әр түрлі сәйкестіктегі сүрме, қорғасын мен мырыштың қорытпасы. Қазақстан тайпаларының шаруашылығы мен тұрмысындағы өзгерістер ауа-райының күрт өзгерісімен байланысты болды. Өзен ағымдары азаяды, терассалар бірітіндеп құрғайды, көлдердің деңгейлері төмендейді. Осыған байланысты, ол б.з.д. II мыңжылдықтың соңына қарай жетекші орынға ие болады. Металлургия мен мал шаруашылығының қарқынды дамуы қоғамдық еңбектің өнімділігі мен күшейтіліп мамандандырылуына, қоғамдық өмірдің күрт өзгеруіне әкеліп соқты.

Соңғысы қола дәуірінде шағын өзендер, көлдердің жағасында орналасты. Орналастыру орнын таңдау принциптері біріншіден шаруашылық мүдделермен байланысты болды. Себебі, малға бай шөп қорегі, егін шаруашылығына

құнарлы топырақ қажет болды. Әдетте елді мекендер 10-20 баспанадан құралды, олар жалпы қорғаныс дуалдары немесе шұңқырлармен қоршалды. Тұрғын үйлердің аудандары әр түрлі – 100 ш.м. бастап, 300 ш.м. дейін жетеді. Әдетте жартылай жер үйлердің саны асады, тереңдігі 1-1,5 м дейін барады. Ағаш кесінді екі қабат оралған шатырмен жабылды. Шатырды бірнеше бағаналар тіреп тұрды. Орталық және Батыс Қазақстанда баспаналарды салуда тас басты қызмет атқарды. Кеш салынған баспаналар төрт қабатпен оралған шатыры бар, жер үстінде салынатын үйлер үлгісінде, шаршы тәрізді шағын көлемді болды. Олар жеңіл жиналып, бөлшектелді. Елді мекеннің жанында тайпалық молалар орналасқан.

Ежелгі тайпалардың көркемдік талғамы мен мәдениеті туралы олардың әшекейлері мен шеберлік бұйымдарынан білуге болады. Құрбандыққа шалу және гимннің шырқалған тау шатқалдарындағы керемет суретті галереясы - Тамғалытас, Сынтас және т.б. табылды. Онда садақ тартқан батырлар, екі аяқты күйме арбалар, салттық билерде шыр айналған бишілер бейнеленген. Және барлық көріністерде «күн басты бейнелер» үстем болды.

Қола дәуіріндегі тайпаларда отқа табыну болды, бұл сол кездегі мәйітті өртеу ырымының кең тарағанының дәлелі. Мәйіт көмілген орынның өзінде де күл мен көмірдің қалдықтары кездеседі. Көптеген көмулерде мәйітке қызыл бояулар себілген және қызыл бояудың кесегі тасталған. Ежелгі адамның санасында қызыл түс отпен теңестірілді және сиқырлы күшке ие бола отырып, жын-перілерден сақтайды деген ой қалыптасқан. Діншілдіктің басым түрі арғы аталарының аруағына ғибадат ету болды. Бұл өлген адамның азық-түлікпен, киіммен, еңбек құралдарымен, әшекей-бұйымдармен қамтамасыз етілумен түсіндіріледі.

Біздің заманымызға дейін бірінші мыңжылдықта Орта Азия, Таяу және Орталық Шығыс аумақтарында Ассирия және Мидия мемлекеттері қалыптасты. VI ғасырда Мидия ірі мемлекетінің орнына Ахеменидтер мемлекеті келеді. Оның негізін салушы 550 жылы Орталық Азияның оңтүстік аймақтарын қамтыған ірі мемлекетті құра отырып, Мидияны талқандап, өзіне бағындырған Кир II патшасы болды. Ахеменид мемлекетінің құрамына (б.з.д. 530 және 552 жылдар аралығында) Парфия, Хорезм, Бактрия, Соғды, Сақтар кірді. Бактриялықтар, соғдылардан және хорезмдіктердің сол жағына қарай, ал Қазақстанның жазық далаларында «жүйрік аттары бар» көшпенді турлар өмір сүрді. Парсы дереккөздерінде турлар сақтар деп аталады, «күдіретті тұлғалар» деген мағынаны білдіреді, ал грек авторларының шығармаларында тайпалардың әдеттегі өмірінде синоним ретінде қолданылатын скифтердің есімдерімен аталады.

Сақ тайпаларының тарихы, олардың материалды, рухани мәдениетінің маңызды қайнар көзі археологиялық ескерткіштер – молалар, жартастарға салынған суреттер, сақ заттарының қазыналары болып табылады. Археологтардың зерттеулері Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы сақтардың жарқын, өзіндік ерекше мәдениетін ашуға зор үлесін қосқанын көрсетеді. Сақ тайпалары жартылай көшпенді және көшпенді мал шаруашылығымен айналысты, ол табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық



жағдайлармен байланыстырылған. Көшпенді тұрмыс жағдайына байланысты жылжымалы баспаналар, киізден, теріден, ағаштан, металдан жасалған заттардың өндірісі қалыптасты [3, с. 11].

Ежелгі көшпенділердің көркемөнері бір жағынан, Ахеменидтік Иран мен Бактрияның өнерімен, екінші жағынан, Чжоу және Хань дәуіріндегі Қытай өнерімен тығыз байланысты болды. Сақ дәуіріндегі жартастарға салынған суреттердің негізгі тақырыбы жануарлар әлемі мен адамдар болып табылады, бірақ бейнелеудің жаңа тәсілдері де қолданылған. Ежелгі шеберлер материал ретінде жылқылардың, қойлардың, маралдардың түтік тәрізді сүйектерін, сонымен қатар, әшекей-бұйым әзірлейтін жануарлардың мүйіздерін аса зор қызығушылықпен қолданды: шаншыма, белдіктің жапсырмалары, тоғалар, қарсы ілгектер, шашқа арналаған тарақтар, шаш түйреуіштер. Жұмсақ материалдан жасалған заттар, киізден жасалған бұйымдардың бөліктері Жетісудағы Бесшатыр қорғанында табылды және тігіншілік өнерінің дамығаны жөнінде мәлімдейді. Сонымен қатар, сақтар алтын құю, қалыптаумен таныс болды және әсемдігімен таң қалдыратын адамның киімін алтын, күміс, көгілдір ақықпен әшекейлейтін бұйымдарды, ат-саймандарын, тұрмыстық заттарды жасай алды. Сақ зергерлік бұйымдарының көркемөнері Есік қорғанында атақты сақтардың киген киімдері, бұйымдары, соғысқа аттанарда қолданған қарулары туралы көрініс беретін материалдар бойынша табылды.

Егер атақты Есік қорғанының қазыналары туралы бүкіл дүние жүзіне әйгілі болса, Жетісу өңірінде табылған сақтардың басқа да заттары туралы дәлелдемелер көпшілікке мәлім емес. Бұл біріншіден, Алматы қаласынан 200 км қашықтықта, Кеген с. шағын ауылға жақын орналасқан Жалаулы қазынасына қатысты айтылған. Табылған орынды зерттеген археологтар барлық заттардың киізден жасалған қаптарда жатқанын, XX ғасырдың басында «белгісіз аңшының» жерге көмгені туралы анықтады. Барлық алтын бұйымдар сақтардың өмір сүру аясының бірі болып табылатын Кеген аңғарларындағы сақ қорғандарынан тоналған. Екі жүзден астам заттардың ішінде жиынтық белдіктерінің қаңылтыр белгілері, киім мен бас киім әшекейлері, сонымен қатар, төс әшекейі пектораль ерекше көзге түседі. Ол шомбал сопақша түріндегі пластинаны қамтиды, шеттері ширатылған алтын сым темірмен безендірілген. Белдіктің қаңылтыр белгілері мен пекторальдар тау архар-қойларының балқытылып жасалған пішіндерімен әшекейленген. Егер Алтайдағы, Сібірдегі, Арал, Қара теңіз маңайындағы аймақтардағы сақ мәдениетінің басқа да аудандарынан табылған бұйымдармен ұқсастығын алатын болсақ, Жалаулын қазынасының алдын ала мерзімдеуі б.з.д. VII - V ғғ. Аралығында анықталады.

Сақтар басқа да халықтар сияқты табиғат күштері – құдайлар бейнесінде елестейтін күнге, желге, найзағайға, күннің күркіреуіне табынды. Ал құдайлар олардың түсінігінше қанатты аттар, грифтер сияқты қиял-ғажайып жануарларына, құстарға және хайуанаттарға айналған. Мифология мен фольклорда бұл бейнелердің танымалдылығы еуразия даласының «аң стиліндегі» өнерінің өмірге деген ерекше қатынасын танытты. Қола және күміс сауыттардағы жазбалар Қазақстан аумағында тұратын тайпалардың б.з.д. V ғасырдың өзінде-ақ жаза білгенінің бір дәлелі.

Жетісу сақтарының жазбасы – аймақтағы мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысатын тайпалар кірген мемлекеттің болғаны жөнінде мәлімдейді. Кейін келе ол аймақ б.з.д. III ғ. басып алған юедждер мен үйсіндердің соққысынан ыдырап кетті.

Б.з.д. 177 ж. Жетісу аумағының негізін үйсіндер салды. Қазіргі таңға дейін үйсіндердің этникалық шығу тегі соңына дейін анықталмаған. Кейбір зерттеушілер үйсіндерді Жетісудың бұрынғы тұрғындары «тиграхауд-сақтардың» ұрпағы десе, басқалары үйсіндерді түркілердің арғы тегі ретінде танып, оларды Орталық Азиядан келген деп санайды. Үйсіндердің алғаш мекендері Шу алқабында, Қырғыз Алатауы шатқалының Луговое селосына жақын жерде табылды. Қазба жұмыстарына дейін бұл саз балшықтан тұрғызылған және едендері балшықпен сыланған баспаналардың қалдықтарын жасырған төбе болды. Едендерде тағам дайындайтын ашық ошақтар болды. Балшықтан жасалған ірі сауыттардың көп бөлігі, тастан жасалған дәнді ұсақтауыш пен кетпен жаңа қоныстанушылардың үй жануарларын асыраумен байланыстыра отырып, егін шаруашылығымен шұғылданғаны туралы дәлелдейді. Тянь-Шаньнің таулы аймақтарында орналасқан көптеген мекендер тау шатқалдарында кездеседі. Олардың бірі (Ақтас) Кеген ауылына жақын жердегі Құрайлы өзенінің жағалауында орналасқан. Мұнда қабырғасы тастан қаланған бес баспана мен шаруашылық құрылыстарының қалдықтары ашық күйінде табылды. Кенттің жанында өзеннен шыққан арықтармен суарылған ежелгі алқаптар табылды.

Үйсіндер отырықшылықпен айналысты. Олар тастан және кірпіштен жасалған екі түрлі үй салды (шөппен араласқан және күннің көзіне кептірілген балшықтан жасалған). Бұл үйлерге мал асырау үшін жалғастыра салынған қашалар да, басқа да шаруашылық жүргізуге қажетті қосымша құрылыстар салынды. Үйсіндер ошақтарын үйдің нақ ортасына жаққан, оның жанында жылынып, тағам дайындайтын. Дегенмен, қоныс отбасы болып өмір сүретін 4-5 үйді қамтыды. Малды жазғы жайылымға айдау кезінде олар киіз үйлерде тұрды, себебі олардың арасында жайылымды маусымды пайдалану кеңінен тараған. Табиғи жағдайлар бір жайылымнан екінші жайылымға көшуге мүмкіндік туғызды.

Үйсіндердің шаруашылығы кешенді болды: егіншілік - мал шаруашылығы. Үйсіндер тұрмысында мал шаруашылығы басты роль атқарды. Олар жылқылар мен анағұрлым ұсақ малды (қой, ешкі, есек) өсірді. XIX ғ. дереккөзі Хэ Цю-Тао ежелгі дереккөздерге сүйене отырып, ежелгі үйсіндердің «алқаптарды өңдеумен айналыспаса да», «ағаштарды отырғызғандары» туралы жазғанын мәлімдейді. Осы жерден үйсіндерде егін шаруашылығымен айналысудың өрістегені туралы болжауға болады. Бақшаларда көкөністер, бақтарда жеміс-жидектер өсіріп, егін екті. Ежелгі үйсіндер тұратын үйлердің жанында суару каналдары - егістіктер табылды. Мұны табылған бидайды ұнтақтауға арналған диірменнің тасы дәлелдейді.

Үйсіндер тастарда, ағаштар мен сүйектерде қашап оюмен айналысты. Оларда зергерлік өнер жоғары деңгейде дамыды, бұйымдар аң стилінде орындалды, мұны сақ мәдениетінің әсер етуі жөніндегі дәлелдемелер

мәлімдейді. Сақтар сияқты үйсіндер әлем құрылымының идеясын аңдармен байланыстырды. Құстар аспанды, аңдар жерді, ал қанатты аттар күнді білдірді. Олар алтын мен асыл тастардан моншақ, сырға, киімге арналған әшекейлерді жасады. Сонымен қатар, үйсіндер мыстың, қорғасынның, қалайының кен орындарын өңдеді, садақ, пышақ, қанжарлардың ұштарын дайындауға арналған темірді балқытты.

Үйсіндердің көрнекті өнер туындыларының бірі қоладан әшекей-бұйым жасау болып табылады. Әдетте бұл бұйымдар кездейсоқ табылады. Бір кездері осы заттарды қолданған адамдар оларды жасырды, содан соң, белгісіз бір себептермен олар музей экспонаттары мен ғылыми зерттеулердің заттары ретіндегі жаңа қолданысын «жандандыратын» сәтті жағдайдың түспегенінше қажетсіз болып қала берді.

Әдетте қазыналардың көпшілігі көктемгі және күзгі жайылымға ыңғайлы, шөбі шүйгін, су, орманға бай таулы аймақтардың жанынан табылды. Ол б.з.д. VIII ғ.-дан бастап б.з. IV ғ. дейін осы жерде мекендеген ежелгі тайпалар – сақтар мен үйсіндердің қола дәуірімен белгіленеді. Бұлар дүниетанымға, халықтың рухани мәдениетіне тікелей қатысы бар заттар деп есептеледі: жоғарыдағы әлеммен байланыстыратын, тау шыңдарында өмір сүретін, құдіретті күшті құдай мен адамдар арасындағы өзіндік ғарыштық байланыс каналдары ретінде қолданылатын және отты тұтататын шырақтар; құрбандыққа шалынған малдың еті пісірілетін қазандар, құрбандыққа шалу үстелдері. 1912 жылы Верный қ. Большая станица аумағында табылған «жетісу михрабы» көпшілікке кеңінен танылды.

Б.з. аралығы мен б.з. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Қазақстанның оңтүстігінде Шығыс тарихында маңызды роль атқарған ірі қуатты мемлекеттік қауымдастық – Қаңлы мемлекеті пайда болып, дамыды. Оның халқы егін егу мен мал шаруашылығымен, қолөнер кәсібі, саудамен айналысты. Қаңлы саяси, экономикалық және мәдени қатынастар бойынша Қытаймен, Парфиямен, Рим және Қошан империясымен байланыс орнатты [6].

Қаңлылар туралы ең алғаш (қытай тілінде айтылуы - канцзюй) б.з.д. II ғасырдағы жазбаша дереккөздерде айтылған. Олар үйсіндердің аумағынан солтүстік-батыс аумақты алып жатқан жерді мекендеді. Олардың негізгі бөлігі Қаратау және Сырдарияның ортаңғы ағысындағы аудандарда өмір сүрді.

Қаңлылардың біздің заманымыздың аралығындағы саяси тарихы толық зерттелмеген. Оның билеушісінің Битянь қаласында (Түркістан қаласының жанында орналасқан қаңлылар астанасы) тұрғаны, 120 мың отбасынан құралған 600 мың қол астындағылары болғаны мәлім. Қаңлылардың жалпы саяси даму бағыты олардың жалпы жер бетінде өмір сүру кезеңінде Ферғана мен Аралдың бойындағы аумақтарға дейінгі Сырдария арқылы өтетін Жібек жолы жерін өз билігінде сақтап қалуға талпынумен байланысты болды. Жібек жолының Сырдария арқылы Солтүстік-батысқа, Кавказға және Қара теңіз жағалауларына, сонымен қатар Иран, Таяу Шығыс пен Үндістанға дейін жүрген жолы туралы қалашықтарды және қаңлылардың сағаналарын, сонымен қатар, Яньцай-Аланья тұрғындары қазбаларын қазу жұмыстарын жүргізу барысындағы табылған заттар мәлімдейді: қытай ақшалары мен айналар, Үндістаннан келетін маржан

моншақтар, Еуропадан жеткізілетін қоладан жасалған қарсы ілгектер, Ираннан келетін әр түрлі тастар. Сонымен қатар, қаңлылар Қытай, Парфия, Рим, Кавказ мемлекеттерімен саяси, экономикалық және мәдени қатынастар бойынша байланыс орнатты.

Қаңлылардың билеушісі елтебер, жабғу, қаған лауазымдарына ие болды. Билік мирасқорлық арқылы беріліп отырды. Мемлекеттік басқаруда мемлекетті билеуші үш көмекші уәзірге сүйенді.

Соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер қаңлылардың сырт бейнелерін олардың замандастарының суреттері бойынша елестетуге мүмкіндік берді. Олар осы кезге дейін теріден жасалған негізге тігілген сүйек тілімшелерде оюланып салынған бейнелер түрінде жетті. Тілімшелер Самарқан облысындағы Қорған-Тепе ескі қала орнының жанындағы қаңлылардың қорғанын ең алғаш рет қазған кезде табылды. Оның бірінде салт атты және жаяу уәзірлердің шайқастарының көрінісі бейнеленсе, екіншісінде жылқы аулау бейнеленген. Шайқас пен аң аулауға қатысушылар бірыңғай этникалық түрге жатады. Барлығының бастары созылыққы, төбеге қарай сүйірленген аласа маңдайлы болып келеді. Шаштары төбесіне қарай, самайларындағы шаштары құлақтың артына таралған. Көздері ромб тәрізді, дөңес мұрынды, мықты иекті. Кескінді иекке дейін жететін мұрт пен сақал толықтырады. Жауынгерлердің үстіндегі шекпендерге тілімшелерден тігілген жартылай сопақша тілімшелер киілген; бастарында сүйірленген дулыға бар, мойындары қапталған жағалармен жабылған; табанының астына қарай тартылған денеге жабысқан шалбарлар бар.

Қаңлылардың қару-жарақтары ланцет тәріздес ұштары бар ұзын найзалар; ұзын екіжақты жүзі бар семсер, екі белдікше арқылы белдікке жалғанатын пышақтар, күрделі құрылымды садақ, ұштары үш қырлы садақтар; кең бөліктері бар садаққа арналған ұзын және жебеге арналған екі жіңішке үш бөлікті қорамсақ түрінде беріледі. Сопақша қалқан тілімшелермен көмкерілген. Жауынгерлердің бірінде соғысқа арналған балта болды. Қаруланған салт аттылар сауыт-сайманмен қамтылмаған аттарда отырды. Аттың жалы қырқылған, құлақтарының арасында жиналған кекілі бар.

Ертеде қаңлылар қоныстанған аудандарда археологтар ескерткіштердің көп тобын тапты және оларды қауыншы және отырарлық-қаратау мәдениеттеріне жатқызады. Біріншісі Ташкенттік алқаптарда, екіншісі Сырдарияның ортаңғы ағысының аудандары мен Таласқа дейін жететін Қаратау шатқалдары аудандарында кең өріс алды. Қауыншы мәдениетінің түбегейлі зерттелген ескерткіші Сырдарияның оң жақ жағалауында орналасқан Шардараға жақын жердегі Ақтөбе қонысы болып табылады. Қазба жұмысы орнының бірі ауданы 28 x 18,5 м тең орда сарайын толығымен ашты. Сарай крест тәрізді орналасқан бес бөлмеден, кіру кешені мен екі құрылысты батыстан шығысқа қарай қиятын коридорлардан тұрды. Ортаңғы бөлігінде шаршы зал болды, ол басқа бөлмелермен арка арқылы өтетін жерімен байланыстырылды. Ол ертеде жазық шатырмен жабылған.

Залдың айналасында орналасқан бөлмелер қорап тәрізді күмбездермен, ал бірі Орта Азия мен Қазақстандағы ежелгі күмбез шатырларының түрлері болып

табылады. Ғимарат құрылысында саты және күмбездегі люк арқылы өтуге болатын шатыр басты рольді атқарды. Сарайдың қабырғалары, шатырлары, арка арқылы өтетін жерлер тікбұрышты және төртбұрышты өңделмеген кірпіштен орындалған.

Отырар-қаратау мәдениеті ескерткіштерінің ең ірі шоғырланған орталықтарының бірі Отырар алқабы болып табылады. Арыс өзенінің сол жақ жағалауында салыстырмалы шағын аумақта (100 ш.м. шамасында) екі жүз төбенің қалдықтары сақталған, олардың көлемдері әр түрлі: Пұшық-Мардан, Қостөбе, Чаштөбе, Сейітман-Төбе, Ахайтөбе, Шөлтөбе және т.б.

Қаңлылар темірді балқытып, олардан қолдану заттарын жасай алды. Орақ, пышақ, садақтың ұштарын соғуға арналаған дөңгелек темірден жасалған бұйымдар табылды. Сүйектен күрделі құрылымды садақтар, пышақтың сабы, түйреуіштер, қарсы ілгектер, әр түрлі тұмарлар үшін жапсырмалар дайындалды. Қасқырдың, бүркіттің, иттің қаптал жағынан қайралған тұмарлар өте тартымды. Сүйектен жасалған пішінді ілгіші бар түйреуіштер өте ерекше саналады.

Зергерлік бұйымдар мен әшекейлер алтыннан, қоладан жасалды. Мысалы, жасанды түйіршікпен пішінделген қызыл тасы бар алтын қақтамадан жасалған қаңылтыр белгі табылды. Моншақтар күрең-қызыл түсті асыл тастан, ақықтан, көгілдір ақықтан, әр түрлі шыныдан жасалды. Қару-жарақтар темір үш қалақты ұшты садақтардан, сүйектен жасалған жапсырмалары бар күрделі садақтардан, қысқа темір семсерлер мен бір жүзді қанжарларды қамтиды. Теріден тігілген белдіктерден қалған темір және қоладан жасалған тоғалар көп кездеседі. Әшекейлердің арасынан – тас, металл, шыныдан жасалған моншақтар, түсті металдан жасалған қола немесе алтын кішкене шарлары бар сырғалар мен ілгіштер, сым найзалардан соқтырылған гривналар, шаш түйреуіштер табылған.

Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасына қарай көшпенді Монғолия мен Ордос тайпаларының негізінде сюнну және дунху тайпаларының одағы құрылды, алғашқылары іргелес мемлекеттердің тарихына зор әсерін тигізе отыра, өз дәуірінің тарихи оқиғаларында маңызды роль атқарды. Бұл топ тайпаларының атауы әлі де болса белгісіз. Кейінгі «Хунналар» немесе «Ғұндар» этнонимдері сюнну атауынан шыққан және көбінесе этникалық емес, саяси болған. Ғұндардың этникалық шығу тегіне қатысты мәселе анықталмаған күйде қалады. Зерттеушілердің көбі оларды түркілердің арғы тегі деп санайды.

Ғұндар Қытайлармен төрт ғасырдан астам уақытқа созылған қатал күрес жүргізді, бұл соғыс бірнеше рет ғұн тайпаларын талқандауға әрекет тудырған. Ғұн тайпаларының жоғары дәрежеге жетуі Мөденің билік жүргізуімен байланысты болды. Ол ғұн тайпаларын қуатты мемлекетке айналдырған реформаларды жүзеге асырды. Одан әрі ғұн билеушілерінің қол астында Байқал жағалауларынан Тибетке дейінгі жер, Шығыс Түкістаннан Хауанхе өзенінің ортаңғы ағысына дейінгі аумақ кірді.

Еуропалықтар үшін хунналар ғұн атауы арқылы мәлім және бұл мағына батылдық, қаталдық және жабайылық түсініктерімен байланыстырылады. Ғұндар Аттиланың басшылығымен еуропа елдерін аяусыз талқандады. Олар халықтардың ұлы қонысының негізі болды. Б.з. 93 ж. ғұндардың екінші рет

қоныстану легі басталды, бір тайпаны басып алып, екіншісін өзіне қаратып, батысқа қарай бет ала отырып, Сырдария, Арал жағалаулары, Орталық және Батыс Қазақстанға енді. Б.з. IV ғасырда хунналар мен басқа да көшпенді тайпалар оңтүстік ресейліктер даласын басып алды, Дунайға дейін жетіп, ғұндар атауымен Венгрияға қоныстанды. Осындай «Халықтардың ұлы қонысы» Қазақстанның, Орталық Азияның, сонымен қатар, Еуропаның саяси картасын едәуір өзгертті. Зерттеушілердің пайымдауынша, ғұндардың басып алуы шығыс-иран тайпаларының түркіленуінің бастамасымен байланысты болды. Б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысынан бастап Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның антропологиялық түрі өзгерді, монғолоидтық бет келбеті пайда болды.

Хунну мәдениеті скифтік-сарматтық мәдениетпен ұқсастығы болды. Олар киіз үйлерде өмір сүрді, алайда, археологтар жер едендері бар балшықтан тұрғызылған үйлерді де тапты. Оларда үйлердің қабырғаларының жанында орналасқан және үйді жылытатын ошақ түгіндігі - жылу жүйелері жүрді. Табылған дәнді ұнтақтаушы еңбек құралдары оларда егін шаруашылығының болғанын мәлімдейді. Ғұндарда қолөнер кәсібі – киіз үйлерге арналған ағаш дiңгектерінен жасалған заттар дамыды.

Киім негізінен өздері өсіретін малдың терісі мен жүнінен тігілген. Сонымен қатар, оқтарды балқытып құюға арналған қалыптар, жартылай үрілген ошақтар және ғұндардың жергілікті мыс кен орындары мен темір рудаларын пайдалану негізінде металлургияның дамығанын анықтайтын басқа да дәлелдемелер табылды. Сонымен қатар, «полихромдық үлгінің» дамуын дәлелдейтін зергерлік әшекейлер – ілгіштер, алқалар табылды. Ғұндардың басқа да қолөнерінің ішінен қыштан зат істеу ісін айта кеткен жөн: сапасы жоғары, жылтыр, оюмен безендірілген алуан түрлі ыдыс-аяқ.

Осылайша, қола дәуірінің халқы, сақ тайпаларының одағы, үйсіндер, қаңлылар мен ғұндардың ежелгі мемлекеттік қалыптасуы мемлекеттік қоғамдық ұйымдастырылуымен, ерекше материалдық мәдениет және өнермен сипатталатын көшпенді мәдениеттің жоғары дәрежесіне жеткендерін белгілеуге болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. А. В потоке истории. Алматы, 1999.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992.
3. История искусств Казахстана: очерки. Т. 1. /Отв. ред. Г. А. Бегалинова. Алматы, 2003.
4. Акишев К. А. Курган Иссык. М., 1978.
5. Агатов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата, 1979.
6. Байпаков К.М., Подушкин А.М. Археологические памятники древнеземледельческой культуры Казахстана. Алма-Ата, 1988.



## Қазақстан тарихында түрік кезеңінің рухани мәдениеті. Қазақстан аумағына әлемдік діннің енуі

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
аға оқытушысы, ф.ғ.к.  
Нұғман Б.Г.*

Адам ең алдымен рухани тіршілік иесі бола отырып, айналасында болып жатқан табиғи және әлеуметтік процестерді әрқашан ұғынуға тырысты. Оларды бақылау, адамның өзінің осы процестерге тікелей қатысуы белгілі бір адамгершілік, эстетикалық және басқа да әлеуметтік құндылықтар тұрғысынан бағалау әлемнің тұтас бейнесін тудыруға алып келеді.

Мифологияда, ең бастысы, ежелгі адамдар тұрмысының дүниетанымдық негіздері бейнеленген, ол негізгі дүниетаным мәселесін, «Ол» және «Біз» өзара қарым-қатынастар туралы мәселені тудырды. Ол адам мен ғарыш, адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасын түсінумен нақтылануы мүмкін. Бірақ мифологиялық сана шеңберінде, оған сәйкес ойлау тәсілі негізінде жаратылыстан тыс тұрмыс туралы ұғым туады. Осылай дүние мен адам жаратылысы туралы дүниетанымдық мифтер туады. Олар ғарыштың хаостан жаралғаны, ақыр заман туралы, алғашқы адамның және халықтың арғы тегінің жаралуы туралы, адамның мәдениеттің түрлі жолдарын сыйлайтын мәдениет қаһармандары туралы, табиғи және ғарыш циклдарының жаралуы және т.б. туралы әңгімелейді. Осы себептер сол немесе басқа дәрежеде әрбір халықтың мифологиясында болады. Жалпы әлемдік мифологиялық сюжеттер көбінесе ертегіде, эпоста, аңыздар мен хикаяларда көрініс түрінде сақталған. Осындай кең эмпириялық материалдарды жалпылау дүниетаным қызметінің жалпы даму бағыттары мен заңдылықтарын, сонымен қатар түрік көшпенділер әлемі өкілдері санасының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берген болар еді.

Л.Н. Гумилев ежелгі түріктерде Қытай, Иран, Византия және Индия мәдениетіне қарсы қойылған «айқын қалыптасқан дүниетанымның» болуын ерекше атап өтті. Орхон мәтіндерінің куәландыруынша, оның себебі көршілерінің белсенді мәдени экспансияға, түріктерге өз рухани құндылықтарын жапсыруға талпынуында болды: «табғаш халқының... тілдері - тәтті, ал асыл бұйымдары жұмсақ (яғни бай, үлбірететін) болды; тәтті тілмен және бай асыл бұйымдарымен қызықтырып, олар өздеріне алыс (тұратын) халықтарды соншалық еліктірді. (Солай) тығыз қоныстана отырып, онда жаман данасынуды орнатты» [1, с. 336-337]. Осы шағын көріністен, түріктер саналы түрде қытай мәдениетін теріске шығарды, себебі оның әсерінің теріс нәтижелерін айқын түсінді.

Түріктер-номадтар рухани шығармалық процесінде дүниенің өзіндік моделін құрды. Бұл әлем картинасына Кеңістік пен Уақыт бейнелері, моральдық-адамгершілік құндылықтар, экологиялық өзара әрекеттесу принциптері, басқа халықтармен қарым-қатынас және әлемді рухани игеру тәсілдері енеді.

Л.Г. Сатаева, «рухани мәдениетті өзінің тұтастығы мен өзін-өзі анықтағыштығында санамен зерттеу, жекеше түрде мәдениет философиясы болып табылады, алайда мәдениет маңызының абстракты ұғымы өзіне Шығыс пен Батыс таңбасын түсірген нақты философиялық тұжырымдамаларда сөзсіз ұйғарылады» деп, атап өтеді. Батыс пен Шығыс мәдениетінің рухы сөзсіз орталық Азия мәдениетінің рухымен толығады, себебі адамның өз тұрмысын мәдени мойындаудың барлық алғашқы үш негізі өзін-өзі рухани анықтауда тұтастыққа, өзін-өзі толықтыруға ие. Олар барабар емес, алайда әлемді түсіну тереңдігінде олардың жолдары мәселенің берілгендігімен тоғысады – өз «меніне» талпынуда жеке тұлғалық сана рухани-мәдени интерпретацияның әр түрінде басқаша түсініледі [2, 372-б.]. Сонымен, номадтар санасының басты принципі – жолдар идеясының динамикалығы, өзгерістерге генетикалық төзімділік.

Дүниетанымын қалыптастыру түрлі факторлардың әсерінен жүреді – бұл мекен ету ортасы, шаруашылық типі, басқа халықтармен мәдени ауызекі сөйлесу. Селенга өзеніндегі Тоныкөк жазбаларында: «... түріктер, шөп мен судың соңында жүргендіктен, тұрақты мекен ететін жерлері жоқ және тек әскери әдістермен жаттығады» делінген. Көшпенді өмір бейнесі ежелгі түрік дүниетанымының ерекшеліктерін анықтады. Егер егіншінің әлемі ауылдық қауым аумағымен шектелсе, онда көшпенді алдында шексіз дала жатты. Бірақ осы кең байтақ кеңістік жақсы игерілген және оған қорқыныш ұялатпайтын еді. Онда көшу, жайылым, діни рәсімдерді өткізетін, бұрынғы шайқас орындары белгіленген, кеңістік әр тектіленген және оның әрбір бөлігінің ерекше маңыздылығы бар, эмоциялық бояудағы түйсіктермен байланысты. Зерттеушілер атап өткендей, «бұл байланыс кеңістігі, жеке байланыс оқиғалары, Евклидтің сызған кеңістігіне қарама-қайшы кеңістік көзбен көруден гөрі алдымен дене арқылы сезіледі... Түріктердің психологиялық типі оларға тән өмір салты мен кеңістікті сезіну әсерінен қалыптасқан деген ой келеді». Еуразиялық идеологтардың бірі Н.С.Трубецкой өз кезінде «... әдеттегі түрік... негізгі, айқын қабылданатын бейнелермен операция жасауды және осы бейнелерді айқын және қарапайым сұлбаларға топтастыруды артық санайды» деп, атап көрсетті [3]. Номадтың рухани әлемінің картинасы негізгі реңктерде, жалпақ жағындылармен жазылады. Ол үшін нақтылау мен жартылай реңк жат, ол кеңінен және ұзын бойына дамиды.

Зерттеушілер буддизмнің, митраизмнің, манихействоның, несторианствоның ену фактілерін атайды. Алайда жоғары дәрежеде осы діни ойлардың бір де біреуі жан-жақты қамтитын өркениетті доминант ролін ойнаған жоқ. Сонымен, мысалы, Иран таулы өлкесінің патшалары мен батырларының жауы, Тұран қожасы Афрасиаб түрік болып шықты. Осылай түріктердің «ирандық» генеалогиясын құрудың және бір мезгілде түрік



элементінің ирандық мәдени дәстүр жүйесіне тереңдеп енуінің алғашқы қадамы жасалды.

Түрік-номадтар уақытты ұрпақтардың біртіндеп алмасуы ретінде қабылдады. Әрбір адам үшін өз генеалогиясын білу маңызды болды. Көбінесе белгілі бір мәдени батырды, тарихи тұлғаны, жануарды (қасқыр) арғы ата-аналары ретінде санады. Рудың көнелігі оның өкілдерінің әлеуметтік маңыздылығын анықтады. Мысалы, Күлтегін өзінің шыққан тегін әлемнің жаратылған күнінен бастайды. Номад өзін мына әлемге кездейсоқ тасталған деп сезбейді, ол өз тегіндегі ата-бабаларының ұзақ кезегінің жалғасы болды және өз ұрпағының жалғасы болды.

Сол немесе басқа оқиғаның анағұрлым дәл күнін қою үшін аңдар циклі пайдаланылды, онда әрбір жыл қандай да бір жануарға сәйкес келді. Номадтар өмірінде жануарлардың өмірлік циклі таңбалық мәнге ие болды. Уақытты ұғыну ұрпақтар сабақтастығымен және ежелгі түріктердің шаруашылық нысанымен – жануарлармен тығыз байланысты болды, олардың қысқа өмірлік циклі олардың көз алдында бұлттарып кетті. Егер Көк тәңірі шексіздікті кейіптесе, онда Умай туу, некеге тұру және өмірден қайту актілерінен тұратын соңғы жер уақытын кейіптеді. Адам өміріндегі әрбір кезең ерекше салттарды орындаумен жүрді. Бірақ уақыт адам үшін жер үстіндегі өмірден кетумен аяқталған жоқ, ол о дүниедегі өмірде жалғасты. Номадтарда өлімнің келгенін белгілеу үшін «өткен» деген сөзді пайдаланады, яғни тірілер әлемі мен өлілер әлемінен бөлетін шектен өтті. О дүниеде жақсы өмір болу үшін өлген адамның жанына шаруашылыққа қажетті пайдалы заттарды салды. Ежелгі түрік салты қайтыс болған адамның тас мүсінін табытына қою және оның алдына құрбандыққа шалу, адам қайтыс болғанмен тірілер өмірінен кетпегенін куәландырады, ол олардың арасында көрінбестен тіршілік етті, Тәңірі алдында олардың қорғаушысы болды [4, 211-б.].

Осының бәрі түрік-номадтарға уақытты оқиғалардың қарапайым кезектесуі ретінде механистік қабылдау жат болғандығы туралы айтады. Бабалары туралы естелік арқылы, ұлы батырлар мен әскери жорықтар туралы аңыздар арқылы тарих адам өміріне органикалық түрде енді. Ол үшін уақыттың киелі мағынасы болды, кеңістік адам мен қоғамның табиғатқа кіретіндігін мойындаумен рухтанады. Дәстүр номадқа табиғатпен үйлесімде өмір сүруге, бабаларын құрметтеуге, өз халқының салт-дәстүрін сақтауға ұйғарым берді. «Дәстүр» түрінде ұжымдық естелік «хаосқа» қарсы тұру және «ғарышты» ұйымдастырылған бастау ретінде құтқару тәсілдері сақталды.

Қазақ менталитетінде қазіргі кезге дейін, ежелгі және жаңа заманғы батырлар психологиясы туралы ұғымдар беретін келесі түсініктер кездесіп, сақталып келді. Осы ұғымдардың біріншісі «ар», Ар – намыс, қасиет, Адамның жоғары санаты. Екінші ұғым - «ру». «Ру» - отбасы, тегі, қауым. Адамның ең маңызды мінезді – «ар - ру» еске сақтап, жоғалтпау. Үшінші ұғым «ар – ру – ақ» - бұл намыс, тек және киелі. Жер бетіндегі ұрпақ аруақ атына кір келтірмеуі керек. Келесі ұғым – «ел». Ел – бұл отан, өзінің тіршілік ету мақсатын мойындау. «Елді» сезінбестен адам мәңгілік мәңгүртке айналады. Ел қорғаны - ер. Еркектің намысын оның руы асқақтатады, ел: «Ер намысы – Ел намысы».

Бұл ақпарат ауыз әдебиет шығармашылығында, сондай-ақ әдебиетте көркемдік түрінде белгіленген.

Тұтастай, номадтардың рухани мәдениетін екі үлкен кезеңге бөле отырып, қарастыруға болады.

Бірінші кезең – Тәңірлік дәуірі, оның келесі ескерткіштердің пайда болуына байланысты төрт бөліктен тұрады:

1. Қасиетті кітап «Авеста» және поэма «Гильгамеш туралы аңыз» ариялары.

2. Сақтардың батырлық эпостары: «Алып Ер Тоңға» (Афрасиаб) және «Шу».

3. Ғұндардың эпостық поэмалары: «Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекөн».

4. Түрік қағанаты дәуірінің эпостық шығармалары: «Күлтегін», «Тоныкөк» және «Білге қаған».

Екінші кезең – Ислам дәуірі, үш шектен тұрады:

1. Ислам немесе көшпенді рухани мәдениеттің шарықтау дәуірі, оған Әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Хас Хажыба Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмета Йассауи, Сүлеймен Бақырғани, Қорқыт, «Кодекс куманикус» және басқалардың еңбектері мен іс-әрекеттері жатады.

2. Алтын Орда дәуірі, оған: Хорезмидің «Махаббат наме», Құттубаның «Хусрау Шырын», Сайф Сараидың «Түрік Гүлістаны», Дүрбектің «Жүсіп пен Зылиха» және басқалары жатады.

3. Қазақ Хандығы дәуіріне қазақ жазба әдебиеті жатады: Әбілғазы Бақадүрхан «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалаири «Шежірелер жинағы», Бабур «Бабур наме», Хайдар Дулати «Рашида тарихы»; казахская поэзия XIV-XVI ғғ. қазақ поэзиясы немесе «Жерұйық»; «зар заман» дәуірі.

Біздің заманымыздың алғашқы мың жылдығы ортасында түрік-номадтар руна жазуы деп аталатын жеке жазу жүйесін пайдаланды. Соңғы зерттеулерге сәйкес руна жазуы біздің заманымызға дейін туған, сақ заманында болуы мүмкін. Б.з.д. III-V ғғ. руна жазуының Жетісу мен Моғолия аумағында кездесетін екі нұсқасы – ғұн және шығыс болды. VI-VII ғғ. соңғысы негізінде орхон-енесей деп аталатын ежелгі түрік жазуы дамиды. Ғұн руна жазуы бұлғар және хазар жазуының, сондай-ақ қыпшақтар жазуының дамуына негіз болды. Жазуды қолдану мәселесіне қарай кейбір қорытындылар мынадай. Номадтар немесе Қазақстанды қоныстаушылар арамей, соғды, тұрфан және түрік жазуларын пайдаланды:

арамей жазулары арамейлер ортасында біздің заманымызға дейін алғашқы мың жылдық басында финики жазуы негізінде туды. Ол дауыссыз дыбыстардан тұрады. Оңнан бастап солға қарай жазылады;

соғды жазуы, арамей жазуының бір түрі болып табылады деуге болады. Ол Соғдыианда немесе Соғды мемлекетінде қолданылды. Соғдыианның алғашқы тұрғындары сақтардың тұрғылықты және көшпенді тайпалары болды;

турфан жазуы (ұйғыр жазуы) б.з.д. бірінші ғасырдан бастап біздің заманымыздың тоғызыншы ғасырына дейін пайдаланылды. Жоғарыдан төмен

қарай жазылды. Әріптер сөздің басында, ортасында және аяғында әр түрлі сызуға ие болды;

түрік жазуы (руна жазуы) – әріппен жазу, 35 әріптен тұрады. Оңнан солға қарай жазылады. Бұл жазуда 8 дауысты фонема қолданылады. Ол төрт полифониялық әріптермен белгіленеді. 16 дауыссыз фонема 31 әріппен белгіленеді [5, с. 12].

Алматы түбіндегі Ыстық қорғаннан табылған - Ыстық тостағанындағы жазбаны Египетте Тутанхамон мазарынан табылғанмен салыстырады. Қорғанда «Алтын Адам» көмілген жер мен «күміс тостаған» табылған, онда 26 белгіден тұратын екі жол жазба бар. Тостаған сақтарда жазу болғанын куәландырады. Ғалымдардың пікірінше, жазба ежелгі «алтай» тілінде руна алфавитімен орындалған.

Түрік жазуының ескерткіштері – бұл шіркеулердің қабырғаларындағы, стелалардағы, кірпіштердегі, алтын және күміс ыдыстардағы, ақшалардағы, қола айналардағы, терідегі, қағаздағы мәтіндер. Олар жанры бойынша әр түрлі: жазба-эпитафиялар, тарихи-көркемдік, шаруашылық-тұрмыстық, сиқырлы, діни және заң мәтіндері.

Көптеген орта ғасырлық және жаңа заманғы авторлар түркі тілдес халықтарда өзіндік монотеистік дін – тәңірге сыйынушылық белгілі болғанын атап өтеді. Бұл діни жүйе еуразияның көшпенді қоғамының қойнауларында біздің заманымызға дейін пайда болды және бүгінгі күні қазақтардың санасында, соңғыларының исламға сырттай үйренісіп кеткеніне қарамастан, өзінің ұстанымдарын сақтап келеді.

VI – VIII ғғ. Қазақстанның тіркі тілдес халықтарының арасында, әлі де біршама ерте дәуірге көтерілетін ауызша-поэтикалық дәстүр болды. Түріктердің ежелгі поэтикалық дәстүр элементтері қытай тарихи әдебиетінде белгіленген. Қытай шежірелері аңыздар мен халықтық тарихи хикаяларды сақтаған, олардың сюжеттері тайпалардың ежелгі тотемдік ұғымдарын және олардың географиялық қоныстануын бейнелейді. Аңызға айналған жерлерді поэтикалау, орхон ескерткіштерінде және Әл Бируни, Марвази, Махмұд Қашқари еңбектерінде бірнеше рет ескерілетін қасиетті жер туралы «Өтеген» тарихи хикаясы кеңінен танылған.

Ергенековтың ертегілік тау аңғары туралы поэтикалық аңыз қызығушылық тудырады. Аңғар жаудың қолы жетпейтін тайпалардың бейбітшілік мекендейтін жері болып бейнеленеді. Ол жан-жағынан өткізбейтін таулармен қоршалған және аңғарды мекендеушілер өмірі қауіпсіз. Бұл аңыз халықтың бейбір өмір туралы арманын бейнелейді. Ежелгі тарихи аңыздар негізінде VI – VIII ғғ. халықтың ерлігін, оның еркіндікке талпынысын, бөтен жердің шапқыншыларына деген жек көрушілігін бейнелейтін ауызша шығармашылық.

Сонымен қатар VI – VIII ғғ. ауызша халық шығармашылығында ежелгі поэмалар мен орхон ескерткіштерінде белгіленген эпостық поэзия дәстүрлері туған. Оның элементтері V – VII ғғ. оқиғаларынан хабар беретін Күлтегін мен Білге қағанның қабірі үстінде стелалардағы мәтіндерден көрінеді. Күлтегін

жазбалары эпитеттермен, метафоралармен қаныққан, олар соңында дәстүрлі болып кетті және ұрпақтан ұрпаққа жетті. Күлтегіннің әскери аттарының атаулары, мысалы «Ақ - өксіз», «Ақ - адман», «Башғы - Боз», Ежелгі поэтикалық дәстүрмен байланысты, «көк», «ақ», «күдіретті» эпитеттері орхон мәтіндеріне тән.

Күлтегін жазбасында кейінірек эпосқа айналған әдет-ғұрып поэзиясының әуендері сақталған. Батырлар түрлі эпостық аттармен аталады: Мойыншор Көңтері (сауыт терілі), Арслан – арыстан жүректі, Елтуған – тұтық (ел қорғаны). Батырлардың жалпы синонимдері – Алып, Ер (батыр).

Сол кездегі халық шығармашылығының дамуы туралы, данышпан, поэтикалық халықтың мәдени және өмірлік тәжірибесі бейнеленген көптеген мақалдар мен мәтелдер түсінік береді. Тұжырымды нақыл сөздерде ғибраттар мен кеңестер берілген, адамдық кемістіктер әжуаланады. Ауызша шығармашылық мысалдарын келтірейік. Еңбек туралы мақалдар: «Еңбек еш кетпейді», «Тас басты жарады, еңбек тасты жарады», «Соқаға бекітілген одақ, орақ кезінде жоғалмайды», «Күздің келетіні көктемнен белгілі». Тұрмыстық мәтелдер: «Диірменде туған тышқан тарсылдан қорықпайды», «Киізді адам су болмайды», «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің», «Атқан оқ кері қайтпайды», «Түйеге мінген қой отарына жасырына алмас» және басқалары.

Қазақстан аумағында анағұрлым танымал ежелгі эпостар – «Қорқыт ата» және «Оғыз наме» тікелей құрастырылды. Осы дәуір шығармашылығының ең ірі шығармасы - «Құтты Білік». Оны Баласағұннан шыққан қажы - Жүсіп Хас Қарахан мемлекеті билеушілерінің бірі - Сатық Богра ханға арнап жазған. Шығарманың жалпы көлемі 13 мың екі шумақты өлең. Поэма сөйлесу, нақыл сөздер мен ғибрат сөздер түрінде құрылған. Терең мазмұны мен жарқын поэтикалық тіл оны анағұрлым әйгілі етті. Ол барлық сауатты адамдардың үстел үсті кітабына айналды. Поэманың негізгі идеялық мазмұны, білім – билеушілердің де, сондай-ақ халықтың да жағдайын жақсартудың жалғыз ғана көзі екендігімен шектеледі. Мемлекетті білімді, нұрлы біліммен қаруланған билеуші басқаруы керек деп бекітеді Жүсіп.

Халықтың мәдени өмірінде ислам діні ақындарының, уағызшыларының суфиттік мағынадағы шығармалары айтарлықтай орын алды. Осы жазушылардың арасында ірісі XI – XII ғғ. ислам уағызшысы Қожа Ахмет Яссауи болды. Ол «Диуани Хикмет» (Даналық туралы кітап) – ең алдымен діни-мистикалық мазмұндағы жинағын жазды. Сонымен қатар онда мәдени-тарихи, этнографиялық және әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы дәлелдерді табуға болады. Жинақ сол кездегі тайпалардың тілін, этнографиясын үйренуге маңызды ежелгі әдеби ескерткіш ретінде қызығушылық тудырады.

Яссауидің кіші замандасы, оқушысы және пікірлесі, Хәкім Ата ретінде танымал Сүлеймен Батырғани болды. Сүлеймен Бакырғанидың «Диуани Хикмет» әсерінен жазылған кітабы «Заму назир кітабы» (Ақыр заман туралы кітап) деп аталады. Шығарманың негізгі ойы: жер бетіндегі жақсы да жаман да – бәрі алланың еркімен жасалған. Ақыр заман болғанда, күнәлілер де, күнәсіздер де, періштелер де, шайтандар да, барлық Жаратылыс өледі, тек Құдай ғана қалады, ол қайтадан әлемді жасайды, бәрі өмірге қайтып келеді. Екі

жинақ та жүз жыл бойы Орта Азия мен Қазақстанның барлық медресесінде оқу құралы ретінде қызмет етті.

Қазақ әдебиеті түріктердің әдеби дәстүрлерін мұра еткен, немесе түрік ескерткіштері барлық қазіргі түркі тілдес халықтардың жалпы мұрасы болып табылады. XIV-XVIII ғғ. қазақ поэзиясында ежелгі түрік әдебиетінің дәстүрін жалғастырушылар жыраулар болды. Олар суырып салу арқылы өздерінің поэтикалық шығармаларын шығарды. «Жырау» деген сөздің өзі «жыр» - жаса немесе жасаушы деген сөзден шығады. Жыраудың негізгі жанры - толғау. Толғаудың екі түрі болды: философиялық және лирикалық. Келесі жанр – бұл арнаулар, мадақтаулар, үндеулер мен жоқтаулар. Жырау шығармалары ғибрат беру сипатын алады, олардың тіліне афористік (қысқаша нақыл, сығымдалған, нақты түрдегі аяқталған ой) тән. Көптеген жолдары уақыт өте мақалдар мен мәтелдерге айналды.

Ақын-жыраулар өз шығармашылықтары арқылы қоғам өмірінің негізіне «ізгі сөз», «игі іс» және «игі ой» принциптерін қоюды ұсынды. Осылайша, Орталық Азия мен Қазақстанның мәдениеті мен көзқарастарын қалыптастыруға көбінесе философ-ақын жыраулар поэзиясында бейнеленген адамгершілік қарым-қатынастарды зерттеу ықпал етті. Олар номадтық ойлау типі түріндегі жалпы бастауы бар қазіргі ұлттық мәдениеттің қалыптасуына көмектесті.

XIV-XVIII ғғ. шешендік өнер негіздері жалғасын тауып, даму алды. Шешендік сөздер – қазақ ауызша шығармашылығының ерекшелігі байқалатын жанр. Шешендік сөздерде ақиқат тақырыбы бар және негізгі үш түрге бөлінеді: арнау, толғау, пікірталас.

Осылайша, түріктер мәдениеті – сол кездегі әлемнің ғылыми орталықтарының бірі болғанын көресіз. Баласағұн және Отырар сияқты орталықтар ғылыми білімнің дамуында өте үлкен роль атқарды. Өкінішке орай, аз ғана сақталып қалды. Атақты Отырар кітапханасы жойылды, онда қазақстандық ғалымдардың еңбектерді сақталған, бірақ бізге жеткендері Қазақстанның түркі тілдес халықтарының арасында ғылымның шынайы кемелденгені туралы куәландырады.

Қорыта келе, Қазақстанда VI – XIII ғғ. мекендеген халықтар мәдениеті сақ-ғұн кезеңі мәдениетінің табиғи жалғасы болғанын және өз кезегінде, қазақ халқының көшпенді өркениетпен байланысқан мәдениеті дамуының іргетасы ретінде қызмет еткенін атап өтейік.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Молодая гвардия, 1993. – 496 с.
2. Сатаева Л.Г. Истоки культуры мышления и мировоззрения народов Центральной Азии и Казахстана // Науки о человеке в современном мире. – СПб., 2002. – 1 Ч. – 407 с.
3. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М., 2000. – 657 с.
4. Кодар А. Степное знание: Очерки по культурологии. – Астана: Фолиант, 2002. – 208 с.
5. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.



## Орта ғасырдағы Қазақстанның қала мәдениеті (VI – XVII ғғ.)

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
доценті, т.ғ.к.  
М.Ж. Сүлейменова*

Қазақстанның ұлан байтақ аумағында ежелден – отырықшы, ал орта ғасырларда қала өмірімен сипатталатын ірі тарихи-мәдени аудандары болған. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу осындай болған.

IX – XIII ғғ. басында тау етегі алқабында Жумишлағу және Манкент жаңа қалалары пайда болды. Фараб төңірегінде Отырардан басқа, жаңа астана Кедер, Весидж және Бурух пайда болды. Шауғарда Яссы мен Шағылжан, Қарнақ және Қарашоқ, Шұр (Сүре) бой түзеді. Алғаш рет дереккөздер Сауран қаласын, Сырдария сағаларында – Сығанақ, Янгикент, Жент, Баршукентті атайды. Қаратаудың солтүстік баурайында - Баладж және Берукент, ортаншы Сырдарияда Сүткент қалалары болды.

Қазақстанның оңтүстігінде орта азиялықтарға сәйкес ірі қалалар үш бөліктен – қамалдан, шахристаннан және рабадтан тұрады. Цитадель – өз бетінше қорғануға лайықталған қаланың немесе бекіністің анағұрлым бекінген орталық бөлігі, қорғаушылардың штурм кезіндегі соңғы баспанасы. Қалалардың цитадельдерінде билеушілер сарайлары орналасты, олардың интерьерлерін топырақтың, қашалған ағаштар үстінен әшекейлеу, оюлау арқылы сәндендірді. Шахристан – қаланың негізгі ядросы (билеуші мен ақсүйектердің резиденциясы), оған қабырғамен қоршалған цитадель жатады. Рабад – шахристаннан тыс орналасқан қолөнер слободасы жатады.

Сырдарияда Құйрықтөбе қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде XI – XII ғғ. басындағы кварталдардың қалдықтары ашылған. Олардың әрқайсысында 8 бастап 10 дейін үйлер санауға болады. Қаланың қазып алынған кварталдарының бірінде қолөнер кәсіпкерлігі болған – көзешілер қоныстанған.

Қарастырылатын кезеңнің қалалық құрылысы құрылымындағы жаңа элемент мешіт болып табылады. IX - XII ғғ. жазбаша шығармаларында қалаларды сипаттау кезінде міндетті түрде мешіт, оның қалада орналасуы ескеріледі.

Қала өміріндегі маңызды роль базарға және сауда құрылыстарына берілді. Қала ішілік рыноктарды араб авторлары - «сук» және «асвак», парсылықтар «базар» деп атайды. Базарлар шахристанда да және рабадтар аумағында болатын.

X – XII ғғ. Оңтүстік Қазақстан қалаларында моншалар пайда болды. Оларды Орта Азияда біршама ерте сала бастады. Үлкен қалаларда бірнеше ондаған моншаларды санауға болатын. Қоғамдық құрылыс қатарында монша

көрнекті орын алды. Отырар рабадында XI – XII ғғ. екі монша қазып алынды.

Оңтүстік Қазақстанда қала үйлерінің дәстүрлі даму желісін жалғастырған XII-XIII ғғ. үйлерде жаңа типті ошақтар – өсімдіктің және геометриялық өрнектермен әсем әшекейленген дөңгелек және тік бұрышты темір пеш-сандалдар пайда болады.

Жетісуда жаңа қалалардың саны да артты. Жазба деерктер кәуландырғандай, олардың саны 21 орнына 26 болды. IX –XIII ғғ басында олардың саны 70 дейін артты. Оның үстіне санының артуы Талас алқабында болды, онда Жікіл, Балү, Шелже, Тақабкет, Көл, Кендек, Талхар, Лабан, Қаялық қалалары рәсімделді. Шу алқабының астанасы Балсағұн болды. Қала X – XII ғғ. хан ставкасы базасында қалыптасады. Қала үйлері үйлердің екі типімен сипатталады. Біріншісіне жоспарда квадрат немесе тік бұрышты бір бөлмелі жер үсті үйлері жатады. Барлық немесе үш қабырға бойымен сопылар орналасқан. Ортасында немесе шығар жерге жақын тік бұрышты немесе бір бөлігі дөңгеленген саздан жасалған ернеулері бар еден үсті ошағы орнатылады.

Екінші типке екі бөлмелі үйлер жатады, оларда тұрғын бөлмелерден басқа шағын қойма болды. Қабырғалардың іргесі қой тастардан салынған. Құрылыста пахса, шикі кірпіш, күйдірілген кірпіш және ағаш пайдаланылды.

Жетісу үйлерінің негізінде бөлмелерге қатынасатын дәлізбен біріктірілген, қатарланған ұзын жіңішке бөлмелерді орналастыру принципінде «тармақталған жоспарлау» жатыр [1].

Осы кезеңде отырықшы және қала өмірі Орталық Қазақстанға таралады. Қалалар мен елді мекендер Жезді, Кеңгір, Сарысу алқаптарында, Ұлытау етегінде орналасқан.

Қалалар Шығыс Қазақстанда, Ертіс алқабында бой түзеді. Жазба деректер, бұл қалалар қимақтардікі болғанын хабарлайды. Имақия қаласы – патшаның (қағанның) жаздық резиденциясы біршама ірі болды. Астанадан басқа Дамурия, Сараус, Бенжар, Дахлан, Астур қалалары белгілі болды.

Қалалар-ставкалар Батыс Қазақстанда, Урал алқабында пайда болады. Олар түрік-оғыздардікі болды.

Ірі қалалардың қазбалары оларды салуда алдыңғы кезеңмен салыстырғанда болған өзгерістер туралы ұғым береді.

Қала санының артуы, олардың аумақтық кеңеюі, қалалық елді мекендер санының ұлғаюы керамикалық қолөнер кәсібінің одан әрі дамуына әсер етті. Суланатын керамика пайда болады. Бұйымдардың анағұрлым таралған түрлері графиндер, құмыралар, тостағандар, сапты аяқтар, флакондар болды. Шыны бұйымдарды өңдеу арта түседі. Шыныдан терезе дисктері жасалды. Көзешілер кварталдарының қазбалары бойынша талқыласақ, XI – XII ғғ. шағын қолөнер шеберханалары пайда болады. Оларда тар мамандандыру болды, көзешілер цех ұйымдарына біріктірілді.

Темір соғу кәсібі қалада анағұрлым маңыздылардың бірі болды. Бұйымдарды мыстан өндіру қалаларда жаппай таралды, оның үстіне полиметалдар мен мысқа әзірлеу қала орталықтарынан алыс емес Қаратау, Талас, Іле және Жоңғар Алатауында болды. Мысшылар, зергерлер бола отырып, ыдыстар, шырақтар, түр қойғыштар жасады.

Сүйектен ою қолөнері және тасты өңдеу даму алды. Сүйек пен мүйізден қашалған оюмен әшекейленген пышақтардың тұтқалары, түймелер, түйрегіштер жасалды. Талғар қаласында сүйек шахмат фигуралары табылған.

Ережеге сай, қалалар сауда жағынан да және стратегиялық жағынан да қолайлы жерлерде немесе ықшам аудандар мен облыстардың орталықтарында орналасты. Қалалар мен қала мәдениетінің дамуында Жібек жолы бойымен транзиттік сауда маңызды роль атқарды. Қалалардың орналасуының өзі олардың сауда жолдары трассаларына байланымын көрсетеді.

Сауда қаланың дамуында маңызды факторлардың бірі ретінде қызмет етті. Қалада негізгі үш бағыт түйісті: елдер арасында тауар алмасу, қолөнері мен ауыл шаруашылығы (қала мен оның төңірегі), қара мен көшпенді дала арасында болды. Осы уақытта халықаралық керуен саудасы кеңінен белгілі болды, оның дамуында соғдылықтар мен түріктерге маңызды роль беріледі. Ұлы Жібек жолы Қазақстанның оңтүстігі бойынша Жетісу арқылы өтті. Оның, Суяб, Тараз және Испиджаб қалалары арқылы өтетін учаскесінің сипаттамасы белгілі. Испиджабта ол солтүтік-батысқа – Фарабқа, Шабғарға одан әрі Сырдария сағасына тарамдалды.

Қытайдан жібек, лак бұйымдар, қағаз, айналар әкелінді. Қытайға батыс елдерінен қасқа жағатын бояулар, вавилон кілемдері, асыл тастар, маржан және інжу, шыны, маталар әкелінді.

Көшпенділермен алмасу саудасы жәрмеңкелерде жүзеге асырылды, олар үлкен және шекаралық қалаларда - Испиджабта, Отырарда, Дех-Нуджикесте болды. Оңтүстік-батыс Жетісудің маңызды сауда орталығы Тараз болды, ол туралы деректер «саудагерлер қаласы» ретінде айтады, Шу алқабында Суяб болды, онда «әр түрлі елдердің саудагерлері аралас тұрады», қала тұрғындарының жартысын саудагерлер құрайды [2].

IX – XIII ғғ. бұрынғыдай батыстан шығысқа қарай Жібек жолы белсенді қызмет етеді. Сауданың анағұрлым ірі орталықтары Қазақстанның оңтүстігінде Испиджаб, Кедер, Отырар және Янгикент; оңтүстік-батысында Тараз бен Баласағұн; солтүстік-шығыс Жетісуда Талғар мен Қаялық болды. Испиджабта жабық базарлар мен маталар базары жұмыс істеді.

IX – XII ғғ. үшін тауарлық-ақшалай қатынастардың артуы тән болды, ол тауар алмасуды ығыстырды. Қазақстанның ірі қалаларында ақша сарайлары қызмет етті. XI – XII ғғ. қатырм-қатынас құралы ретінде алтынның ролі артты.

Қазақстанның орта ғасырлық қала мәдениетінің өркендеуі XIII ғ. басында монғол әскерлерінің жаулап алу жорықтары әсерінен үзілді. Қалалар мен көшпенді даланың дәстүрлі байланыстары бұзылды. Бірақ XIII ғ. ортасына қарай қала өмірінің жандануы жүреді, аудандардың экономикалық байланыстары жаңғырады, қалалар халықаралық сауда және дипломатиялық байланыстар орбитасына ден қояды.

Оңтүстік Қазақстан қалаларының экономикалық өмірінің жандануының куәсі нумизматикалық материал болып табылады. XIII ғ. ортасында Отырардың ақша сарайы қарқынды жұмыс істей бастайды, онда басында алтын динарлар, сосын күмістелген дирхемдер, сонымен қатар мыс фельстер соғылады. Олардың бәрі тек жергілікті ақшалай сауданы ғана емес, облыс аралық сауданы



да қамтамасыз етті. Отырардан басқа ақшалай өнімді Кенже мен Жент шығарды.

XIII ғ. ортасында халықаралық керуен жолдарында Урал өзенінде Сарайшық, Сайран, Саудакент, Барукет, Құмкент, Созақ сияқты және т.б. жаңа қала орталықтары пайда болып, дами бастады.

Монғол басқыншылары қираған қалалардың әскери бекіністер ретінде өрлеуіне әрқашан кедергі жасады, дегенмен біртіндеп қалалардың іргелері қайтадан көтеріле бастады. Осы кезде, қазба материалдары куәландырғандай үйлердің жаңа типтері қалыптасады. Олардың арасында сызықтық және айқаспа тәріздес жоспарланған үйлер көзге түседі, XIII-XV ғғ. олардың одан әрі дамуы жүреді.

XIII ғ. екінші жартысында қалаларда қолөнер өндірісі дамуын жалғастырды. Отырар қаласында 10 шеберхана зерделенді, бұл үй маңындағы шеберханада жұмыс істейтін өз бетіндік қолөнершілердің жеке өндірісінің куәсі. Шеберханалар өлшемдерін, олардың әрқайсындағы пештер санын салыстыру керамистер ортасында әлеуметтік дифференциация туралы талқылауға мүмкіндік береді. Өндірілетін өнім талдауы осы кезде болатын мамандандыру туралы куәландырады [3].

Өлкелер мен Сығанақ, Сауран, Отырар қалалары экономикасының көтерілуінде, XIV ғ. басында, Қазақстан аумағында монғолдардан кейінгі уақытта жергілікті экономикалық негізде құрылған алғашқы ірі мемлекеттік білім болған Ақ орда құрамына кіргені сөзсіз маңызды роль атқарды.

Қазақстанның оңтүстік аудандарының Темір империясына қосылуы, саяси жағдайдың тұрақтануы экономикалық және мәдени өмірдің біршама жандануына ықпал етті. Түркістанның, Қарнақтың, Отырардың көтерілуіне Ахмет Яссауидың алып кешенінің, Арыстан Баб мешітінің құрылысы; әскерлердің көп санының Отырарда, Ясыда, Сауранда шоғырлануы және осының салдары ретінде облыс аралық сауданың жандануы маңызды роль атқарды.

Жетісуда қала мәдениетінің тағдары басқа болды. Монғол шапқыншылығының алғашқы жылдары мұндағы жағдай салыстырмалы түрде жайлы болды. Іле алқабында Қайлық, Ілебалық ескеріледі, Талас және Шу алқаптарындағы қалалар аталады. Олардағы өмір жеткілікті түрде қарқынды жүріп жатты. Дегенмен XIII ғ. ортасына қарай егіншілік және қала өмірінің жалпы құлдырауы басталады. Жетісу қалаларының қирауын тудырған себептер әр түрлі болды, бірақ оларға отырықшылықтың ежелгі дәстүрлері де, орталық билік қам жасаған қала мәдениетін сақтап қалу талпыныстары да, Жетісу арқылы өтіп жатқан сауда жолдары да қарсы тұра алмайтындай шоғырға бірікті. Жетісуда көшпенді халықтың үлкен массасы қоныстанды, олар жоғарғы үкіметтің мадақтауымен отырықшы ауыл шаруашылығына тағылықпен қарады, оның үстіне көшпенді ақсүйектердің мүддесімен жайылымдарға, егінге, бақшаларға, бақтарға пайдаланылған мәдени жерлер бөлінеді.

Осылайша, отырықшылық мәдениетінің, транзиттік сауда және қолөнер өндірісінің орталықтары болған қалалардың құлдырауы XIII ғ. ортасында әлі де сырттай жайлы болып көрінеді, бірақ оларды қоректендірген егіншілік аймағы

қарқынды түрде құлдырайды, бұл жуық арада қалалардың өзінің жойылуына алып келеді.

XV – XVII ғғ. екінші жартысында монғолдардың жаулап алу салдарына қарамастан, Қазақстан қалаларының өркендеу процесі басталады. Бұл ең алдымен Қазақ хандығының құрылуына байланысты. Оңтүстік Қазақстанда қала өмірі дамуын жалғастырды. Ибн Рузбихан «Түркістанның отыз бекінісі» туралы еске алады. Олардың жиырмадан астамының атаулары деректерде кездеседі (Яссы, Отырар, Сайрам, Сығанақ, Үзгент, Аққорған, Құтжан және т.б.), дегенмен мәдени және экономикалық орталықтары 5-6 ғана анағұрлым ірі қалалар болды, егер орта ғасырлық экономиканың шектеулігін, оның табиғи сипатын, тұрғындар санының салыстырмалы аздығын және басқа факторларды ескеретін болсақ, бұл мұндай шағын аумақ үшін аз емес.

Сырдария маңы қалалары қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы және нығаюы кезеңінде Қазақстан тұрғындары өмірінде көп жоспарлы роль атқарды. Мысалы, Сығанақ, Шығыс Дешті-Қыпшақ үшін «бірінші айлақ» болды. Ол бірінші қазақ билеушілерінің астанасы болды. Ясы (Түркістан) атақты сауда бекеті, ірі егіншілік аймағының орталығы болып қалуын жалғастырды. XV-XVII ғғ. шегінде осы қала Қазақ хандығының астанасы болды, ол барлық Түркістан мен іргелес қазақ даласы үшін басты діни орталық болды.

Отырар оңтүстік Қазақстан жерлерінің ірі сауда-қолөнер орталығына айналды. Отырардың орны басым екенін, осы қала үшін күрес туралы деректердегі көптеген куәліктер қалдырған замандастар жақсы түсінді, оны билеу барлық облысқа билікті қамтамасыз етті.

Сауран XVI ғ. қорғаныш құрылысының тұтас жүйесімен белгілі болды, олардың арасында мұнаралары бар биік бекініс қабырғалар, бекініс білігі, «өзенге ұқсас» терең ор деп аталады, онда медресенің – «көрнекті сәулеттік құрылыстың» болуы, сонымен қатар ерекше суландырғыш үймереттер - кәріздер салу және пайдалану, олардың біріне шаһарбақ - бақтары мен жүзім ағаштары бар қала сырты шаруа мекенін орнату. Сайрам жақсы бекінген бекініс, Қазақстанның оңтүстігіндегі, сауда және әскери жолдар тоғысындағы ірі сауда-қолөнер орталығы болды, бұл қала дербес уалаяттың әкімшілік орталығы болып табылды.

Қаратаудың солтүстік баурайындағы Созақ үнемі басты тірек, Қазақ хандығы билеушілерінің далалы аудандарда билік үшін де, сондай-ақ Түркістандағы қалалар үшін күресте де стратегиялық бекеті болды. Созақ тек жақсы бекініс қана емес, сондай-ақ далаға жылжытылған сауда және қолөнер орталығы да болды. Созақ ауданында басқа отырықшы қазақ қоныстары: Күлтөбе, Ран, Тастөбе, Тасқорған, Көктөбе қалалары деректерде атап өтілді және археологтар зерттеді. Олардың бірі - бекіністер, екіншілері егіншілік елді мекендері болды.

Қазақстанның барлық дерлік қалалары алдағы уақытта қалаларды жоспарлау негізін мұра етеді. Кейінгі орта ғасырлық қалалар топографиясында «хисар» – қабырғалармен қоршалған қаланың орталық бөлігі және қала маңындағы аудандар болып бөлінеді. «Хисар» терминін «қала», «бекініс» және «қала қабырғасы» ретінде де түсінеміз. Хисар – қаланың қалың қоныстанған

бекінген бөлігі, онда үкіметтік ғимараттар, казармалар, жиналыс мешіттері, басты базарлар мен қолөнер шеберханалары, негізгі қала тұрғындарының тұрғын үйлері шоғырланған.

Түркістанның ірі, сондай-ақ ұсақ қалалары тұрғындарының шаруашылық өмірінде ауыл шаруашылық еңбегімен айналысу үлкен роль атқарды. Қалалардың археологиялық материалдар бойынша және жазбаша дереккөздері бойынша жартылай аграрлық сипатын зерттеушілер атап өтеді. Қалалар бақтармен және бақшалармен, жүзім ағаштарымен, егістіктермен және жайылымдармен қоршалған болды. Егіншілікпен және мал шаруашылығымен жақын және алыс ауылдардың тұрғындары ғана емес, сондай-ақ қалалықтар да айналысты.

Қалалардың әрқайсысы суармалы егіншілігі, тауарлық астық өндірісі және басқа ауыл шаруашылық өнімі дамыған ұлан байтақ егіншілік ауданның орталығы болды. Қалаларда қолөнер кварталдары болды, қолөнер – керамикалық, темір соғатын, ағаш өңдеу, шыны үрлеу, тоқыма, былғары, зергерлік, құрылыс ісі дамыды.

Түркістан қалаларында фортификациялық жүйе дамыды. Қоршауда ұзақ уақыт шыдайтын бекініс құрылыстары сансыз әскерлердің әрекетінен қиратылды және шеберлердің еңбегі арқылы қайта орнына келтірілді. Солармен бірге және солардың тасасында орта ғасырдың сол бір тынымсыз уақытында тұрғын үйлер, табынатын және қоғамдық ғимараттар – мешіттер, медресе, мазарлар, моншалар, дүкендер, жабық базарлар, керуен-сарайлар салынды.

Көзешілер кварталында қол өнершілер, сақталған цех жарғылары «рисоль» бойынша белгілі болғандарға ұқсас цехтарға біріккен сияқты.

Цех құрылысының дәстүрлері мен салттары, бекітілген рисольдар жүз жылдар бойы және Қазақстанның кейінгі орта ғасырдағы қалаларында көзешілерде талассыз қалыптасты. Өндірісті мамандандыру белгіленді. Осылайша, ерте және дамыған орта ғасыр кезеңімен салыстырғанда қалалық шебер-көзешілерді мамандандыру тенденциясы жаңа мезгілге жақындаған сайын басымдық алады.

Металлургия және темір соғу қол өнері, бұрынғыдай, қалада кеңінен таралу алды. Қол өнершілер шойын қазандықтарды құю жүргізді. Шойыннан, периметр бойынша үш дөңестермен обойманың өзіне тән пішіні бар доңғалақтарға арналған төлкелер жасалды. Пышақтар мен олардың сынықтары – темірден жасалған бұйымның анағұрлым көп санды санаты. Темір тағалар жиынтығы, олар өлшемдері бойынша жеткілікті түрде әр түрлі болғаны туралы куәландырады.

Зергерлер өндірісінде түсті тасты, ақық, отты опал, яшма, нефрит, агат, тау хрусталі кеңінен пайдаланылды. Тастар моншақтар, жүзікке салатындарды дайындау үшін, сондай-ақ ұсақ-түйек жасайтын материалдар ретінде және жүзіктердің өздері үшін қолданылды. Зергерлік қолөнер, қазба кезінде табылған бұйымдар куәландыратындай, жоғары даму деңгейімен сипатталған. Шеберлер түрлі техникалық тәсілдерді; соғуды, құюды, нақыштауды, штамптауды, оймалауды, алтындауды, күмісті оюды білді және қолданды. Оларға күміс және қола сымдарды дайындау, қырлау және тегістеу, түсті тасты

бұрғылау тәсілдері таныс болды. Шыныдан ыдыс және әшекей бұйымдар (моншақтар, аспалар) дайындады.

Сүйекті өндеу Қазақстан қаласында дәстүрлі қолөнер болып табылады. Ұсақ-түйек материалдар ретінде мүйіздер мен жабайы және үй жануарларының түтікті сүйегі пайдаланылды.

XV-XVIII ғғ. екінші жартысында транзиттік саудада жаңа құбылыс Орта Азия мен Ресей арасында сауда қатынастарын қазақ даласы мен Түркістан қалалары арқылы жайластыру болды. Ресеймен сауда қазақстандық қалалар экономикасының дамуында маңызды фактор болып табылды. Ресей Қазақстан мен Орта Азияға шұғалар, атластар, айналар, терілер, күміс шығарды. Сауда керуендері қазақстандық қалалар – Созақ, Қарашық, Түркістан арқылы жүрді. Деректер Сығанақты Дешті Қыпшақтың сауда айлағы деп тегін атамайды.

Халықаралық саудамен қатар Сырдария қалаларының көшпенді әлеммен дәстүрлі саудасы және жергілікті сауда болды. Қалалар төңіректік егіншілік пен көшпенді халықты қажетті тауарлармен базар арқылы жабдықтады. Қалалар базарлары көшелердің жабық қатарлары болып табылды. Дүкен-лавка әдетте қолөнер-шеберіне тиісті болды және көбінесе шеберхана мен сауда орны ретінде қызмет етті.

Түркістанда дүкендердің болуын Ахмет Яссауи кесенесінің вакфамына қатысты жазбаша құжаттардағы мәліметтер растайды. Отырарда көше бойына шығатын сауда лавкалары анықталды.

Халықаралық сауда және қалалар мен төңірек арасындағы, жеке Сырдария қалалары мен төңірегі арасындағы сауда көлемдері туралы нумизматикалық материалдар бойынша, ең бастысы Отырар мен Түркістан қазбаларынан талқылауға болады. Ясы мен Ташкенттің жергілікті алаңдары көрсетілген мыс ақшалар типологиялық біртекті кешен болып табылады және Түркістан мен Отырардың ақша қоймаларының негізін құрайды.

Түркістан ақша сарайы өніміне ұсақ мыс ақшалар да жатуы мүмкін. Көбінесе оларда жазбалардың орнына керамикалық ыдыста бейнеленген таңбаларға ұқсас түрлі белгілер соғылған.

Орта ғасырлық қалалар өмірінде егіншілікпен айналысу маңызды роль атқарды. Тұрғындарда қала сыртында өңделетін жер учаскелері болды, оған жазда көшіп баратын. Археологиялық қазбалар қалалықтардың егіншілікпен айналысуының маңызды ролін растайды. Сонымен осы кезде үйлерді иелену аудандарының артуы байқалды, бұл айвандар, аулалар, қоймалар, мал қоралары есебінен жүреді. Осы өзгерістер қала тұрғындары шаруашылығының өзгеруі туралы куәландырады. Жартылай қалқалармен жабылған шаруашылық аулалары, бидай мен ауыл шаруашылық өнімдеріне арналған үлкен қоймалар. Сол уақыттағы малға арналған арнайы орын қаланың күшейген аграрлығын көрсетеді.

Қалалық және отырықшылық мәдениетін сипаттай отырып, оның дәстүрлілігін және біршама ерте кездегі мәдениетпен сабақтастығын, бір жағынан, кейінгі орта ғасырлық қалада орнатылғанның көбісі қазақ халқының мәдениетіне органикалық бөлік болып енгенін атап өткен жөн.

Елді мекеннің әрқайсысында және кейінгі орта ғасырлық кезеңнің тұтас

өңірінде қала халқының санын анықтауда зерттелетін кезеңдегі Қазақстан қалалары үшін жасалған демографиялық есептеулер негізгі роль атқарады. Сонымен Отырардың әрбір кварталында, жеке отбасыларына тиісті 6 бастап 12 дейін үй иелену есептелді, оның құрамы жалпы қабылданған пікір бойынша 5-7 адамға тең.

Кварталда орта есеппен 45 бастап 63 дейін адам байқалды, ал қалада барлығы 4500 – 6300 адам немесе орташа алғанда 5500 тұрғын есептелді. Осындай саны Сығанақ пен Созақ тұрды. 1500 бастап 2000 дейін тұрғындар Қарасаман, Иқан, Қарнақ, Сүткент, Үзкент, Ақ қорған, Қарашек қалаларында тұрды. Түркістанда, Сауранда, Сайрамда шамамен 10 мыңнан бастап 11 мыңға дейін адам тұрды, ал уалаят орталықтарында 44 000 сәл көп тұрғындар мекендеді.

Осылайша XVI – XVII ғғ. алғашқы төрттен үш бөлігі кезеңінде Қазақстанда қала халқының саны 70 000 адамнан аспағаны көрінеді [4].

Оңтүстік Қазақстан қалалары мен оазистерінде аймақтың өзінің ішінде қалалар мен ауылды мекендеушілер арасында да, сондай-ақ бір жағынан солардың, екінші жағынан көшпенді-мал өсірушілер арасында да егіншілер мен қолөнершілер өніміне ұдайы және өзара сұранысқа негізделген көлемді және тұрақты рынок болды. Сауда Сығанақ, Ясы, Сайрам сияқты Түркістан қалаларының тіршілік әрекетінің анағұрлым маңызды жағынан алғанда түпті болды. Осы қалаларда ақшалар соғылды. Деректер, онда ірі базарлардың және көптеген дүкендердің болғанын еске салады. Қазақ хандығының өрлеген тұсындағы, әсіресе Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан кезінде қолайлы саяси жағдай, соғыс пен алауыздықтың тиылуы қалалар мен сауданың дамуына ықпал етті. Орта Азиямен, Шығыс Түркістанмен, Орыс мемлекетімен жанды сауда байланыстары қолдау тапты. Қазақ мемлекеті аумағы арқылы керуен жолдарының тармақтары жатты.

XVII-XVIII ғғ. соңына қарай феодалдық алауыздықтың, жоңғар шапқыншылығының артуына байланысты Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар құлдыруға түсті, бұл тұтастай қазақ экономикасына соққы болып тиді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (6 – начала 13 вв). Алма-Ата, 1986, с.20-23.
2. Байпаков К.М. Гончарное ремесло в г. Отраре. Алма-Ата, 1983, с. 17-37.
3. Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана. Алма-Ата, 1990, с. 157-159.



## Ортағасырлық Қазақстанның материалды мәдениеті

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
доценті, т.ғ.к.  
А.Е. Дәниyarова*

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі қазіргі таңға дейін даму үстіндегі бірқатар процестердің бастамасы болды. Олар мемлекет пен халықтың өмірінің әр түрлі жағын қарастырады. Қазақстанның мәдениеті қазіргі заманда ата-бабаларымыздың дәстүрін ары қарай дамыту мен сақтау, тарихи және мәдени жаңа ескерткіштердің ашылуымен, мазарларды, көне замандағы мешіттерді, ескі қалашықтарды қайтадан қалпына келтірумен, олардың негізінде жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтарды құрумен сипатталады. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұралы нысандарды қорғау және пайдалану туралы», «Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралы», «Мәдениет туралы» Заңы қабылданып, жүзеге асырылуда. [5].

Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 13 қаңтарындағы №1277 Бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының мәдениет Министрлігімен әзірленген «Мәдени мұра» атты 2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Осы бағдарламаның мақсаты – рухани және білім беру саласын дамыту, мемлекеттің мәдени мұрасын тиімді пайдалану және қорғауды қамтамасыз ету. Бағдарламаның міндеттері: мемлекеттің аса маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін жандандыру; мәдени мұраның, сонымен қатар, қазіргі заманның ұлттық мәдениет, фольклор, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерттеудің біртұтас жүйесін құру; ұлттық және жазба әдебиетінің санғасырлық тәжірибесін толық көркемөнер және ғылыми серияларын құру арқылы біріктіру; дүниежүзінің ең үздік ғылыми ойлары, мәдениеті мен әдебиетінің жетістіктері негізінде мемлекеттік тілде гуманитарлы білім берудің толық қорын құрастыру; мемлекеттік қорларда, мұрағаттар мен қоймаларда сақталған ауызекі тілінің дәстүрлі кәсіби дәстүрінің атақты орындаушы-музыканттарының фоножазбаларын қазіргі заманғы аудиожазбаларға көшіру және қайтадан қалпына келтіру [4].

Бүгінгі таңда біздің мемлекетіміздің басты басымдылығы мәдениетті қолдау болып табылады, себебі, мәдениет – бұл моральдық-адамгершілік құндылықтардың, адамның әлеуметтенуі, оның азаматтық міндеттерге қатыстырылуы жүйесіндегі негізгі элемент болып табылады. «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуының 2004-2006 жж. бірінші кезеңдері оның гүлденуінің негіз болды. Бағдарлама ТМД мемлекеттерінің ішінде теңдесі жоқ ерекше болып табылады. Сондықтан да, оның жалпы дүниежүзілік бірлестікте

зор резонансқа ие болуы заңды болып табылады және 2006 жылдың сәуір айында ЮНЕСКО штаб-пәтерінде табысты түрде тұсауы кесілді.

«Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижелі түрде жүзеге асырылуы оның 2007-2009 жж. дейін жалғасуына мүмкіндік туғызды. Аталмыш бағдарламаның одан әрі табысты жоспарлануы үшін Қазақстан халықтарының рухани даму Қоры құрылды.

Республиканың мәдениет Министрлігінің статистикалық талдауы қазіргі таңда Қазақстанда 25 мыңнан астам жылжымайтын тарихи, археологиялық, сәулет және монументалды өнердің ескерткіштері, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 215 мұрағат барын көрсетеді [4].

Қазақстан тарихындағы есте қаларлық оқиғаларға арналған мемориалдардың, этнографиялық және тарихи бағыттағы республикалық мемлекеттік мұражайлардың жүйесі қызмет атқаруда.

Мәдениет – бұл әрбір этносқа тән өмір сүруді ұйымдастырудың тәсілі. Қоғамның қай түріне жататынына қарамастан, адамдар әрқашанда даму процесіндегі алға жылжушылыққа ұмтылды.

Қазақ халқының ұзақ уақыт бойы қалыптасу процесіне көптеген тайпалар мен халықтардың қатысуы Еуразия тарихындағы маңызды орынға ие және ең ежелгі этностардың бірі болып табылады. Ол барлық халықтардың мәдени мұраларының мирасқоры болып табылады, сондықтан да қазақ халқы мәдени жағынан ең бай халықтардың біріне айналған. Көшпенді қазақтар Шығыс пен батыстың танымдық түрлерінің синтезі болып табылатын өзінің ойлау мен қоғамдық ұйымның тәсілін тапты. Осының нәтижесінде, дәстүрлер, әдет-ғұрып пен салттар көбірек дамыған.

Қазақстан аумағында VI ғ.-дан XIII ғ. басына дейін бірін-бірі кезектесе алмастыра отырып, монғол басқыншылығына дейін Батыс-Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттары, оғыз, қарахандықтар, қимақтар, қыпшақтар мемлекеті өмір сүрді. Монғол шапқыншылығынан кейін, XIII ғ. басында Жошы мен Шағатай ұлыстары қалыптасты, содан кейін Ақ Орда, Моғолстан мемлекеті, ал XV ғасырда Қазақ хандығы құрылды. Барлық мемлекеттерде аралас экономика болды. Мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар егіншілермен көршілес өмір сүрді, жазық дала мен қала бірін-бірі толықтырды.

Тараз, Отырар, Испиджаб қалалары ежелгі заман мен ортағасырдағы Шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолында орналасты. Ұлы Жібек жолы арқылы би және сурет өнері, сәулетшілік пен музыка өнерлері таралды. Оның бойымен келесі діндер таралды: манихейлік және буддизм, христиандық және VIII ғ. бастап қазақтардың басым және кейіннен жалғыз діні болып саналатын ислам діні. Қазақстан аумағында тұратын халық өзінің жетістіктерін шаруашылық пен мәдениеттегі әлемдік мәдениетке енгізе отырып, әр түрлі өркениеттің барлық идеялары мен жетістіктерін өзіне сіңіріп, өңдеп отырды: қозғалмалы баспана – киіз үй, аттың ер тоқымы мен үзеңгісі, салт атты жарыстың әскери өнері, кілемнің өрнектері мен күміс әшекейлер, әуендік саздар және даладағы жылқылардың шабысын елестететін әуендер. Мұның барлығы ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихының тұтастығы мен сабақтастығын анықтады.

Материалды мәдениеттің дамуы қару-жарақты дайындауда көрініс тапты. VI – VIII ғасырларда қару-жарақтың негізгі түрлері темірден жасалды. Ежелгі металлургияның дамуы ұсталық істің дамуының маңызды бөлшегі болды. Қарастырылып отырған кезеңде, яғни, VI – XII ғғ., қалаларда ұсталық іс үлкен жетістіктерге жетті. Қару-жарақты, металл аспаптары мен әшекейлерді өндіру сол кезеңде қолөнер кәсібі сипатында болды. VI – XII ғғ. жазғы баспаналар екі түрлі болды: кигізбен қапталған киіз үй және жылжымалы дөңгелектері бар баспана. Олардың құрылысы жағынан айырмашылықтары болды. Киіз үй дөңгелек тәрізді болды, негізі кереге мен домалақ күмбезден құралды. Дөңгелегі бар жылжымалы баспана әдетте қымбат материалдардан жасалды, жібек пен өрнектелген кигізбен қапталды. Жылжымалы баспаналарда бай адамдар тұрды. Қысқы баспаналарды балшықтан, шымнан, қамыстан, ал, орманды жерлерде кесілген ағаштардан салды. Ортағасырлық Қазақстан тайпаларының үй керек-жарақтары болып келесілері саналды: ағаш төсек (тосағаш), сандықтар, сырылған көрпелер, үлкен дөңгелек үстел, бесік.

Феодалдық қатынастардың дамуы ауылдарда тұратын қауымның табиғи шаруашылығының бірітіндеп құлдырауына әкелді. Қышшылардың, шыны үрлеушілердің, зергерлердің, қаруды жасаушылардың, ұсталардың, ағаш, сүйек, тасты оюшылардың қолөнер кәсібінің өнімдеріне сұраныс артты. Қышты дайындау пештерінде балқытылатын балшықтан жасалатын заттар кеңінен тарала бастады. Материал ретінде сүйек пен мүйіз кеңінен қолданылды. Сүйектен бойтұмарлар, пышақтың тұтқалары, ойынға арналған сүйектер, шаш қыстыратын түйреуіштер, түйреуіштер, түймелер жасалды. Металлдан, асыл тастардан жасалған жоғары көркемөнер бұйымдары, седептен, коралл мен көк тастан жасалған моншақтар, нефрит пен айнадан жасалған бұйымдар мемлекеттер арасындағы транзитті сауданың бұйымдары болып табылды.

Мәдениет көп қырлы әлеуметтік рольді атқарады. Мәдени жетістіктерді халық пен болашақ буынның мүддесі үшін қолдану көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты. Мәдениеттің әлеуметтік ролі өндірістің, әлеуметтік процестің нәтижелілігін арттырады.

Түркілер Ұлы жібек жолының маңайында орналаса отырып, VI - IX ғғ. керуен өтетін жолдардың бойында «сардобтар» - құдықтардың үстіндегі күмбез құрылыстарды салды. Түркілердің Қазақстан аумағына келгеннен бастап, «балбал» тас мүсіндері пайда бола бастады, олар түркілердің ауқатты адамдарының жерленген жерінен табылды. VI - IX ғғ. түркілер «дын» үлгісіндегі ескерткіштерді – киіз үй түріндегі тастан жасалған құрылысты адамдардың жерленген жерінде орнатты. Бұл «дын» және «балбал» үлгісіндегі түркі ескерткіштері исламға дейінгі кезеңге жатады.

Ерте ортағасырлық кезеңдерде кейбір қалалар тұрақты қыстақтар орналасқан мекендерде пайда бола бастады. Қазақстан аумағында қалалар санының өсуі, отырықшылық мәдениетінің дамуы X – XII ғғ. байқалады. Қала аумақтарының рабадтың (қаланың ішкі бөлігі) қалыптасуы мен дамуына байланысты артуы X - XII ғғ. байқалады. Осы кезеңде қала тұрғындарының саны көшпенділердің отырықшылықпен айналысуының арқасында артады.



Түркілердің ортасына ислам дінінің жеткеніне дейін тек тәңірге табыну емес, сонымен қатар, басқа да діндердің болғанына қала орындарында табылған VII - VIII ғғ. жататын Суяб будда шіркеулері дәлел бола алады. X - XII ғғ. Қазақстан аумағында қоғамдық және діни ғимараттардың сәулеттері ислам қағидаларына сәйкес дами бастады. Ислам дінінің таралуына байланысты Қазақстан аумағында X - XII ғғ. қала құрылысының жаңа элементтері мешіттердің құрылысы болып табылды.

Ортағасырлық Қазақстанда қалалар мен көшпенді өмір қатынастарының кеңеюі мен нығайтылуына ең бастысы, өзара саудамен айналысуға байланысты ортақ мүдделері әсерін тигізді. Бұл екі әлемнің өзара қарым-қатынастарының даму кезеңі ортағасырлық Қазақстанның X-XII ғғ. тең келеді.

X – XII ғғ. сәулет өнерінің дамуын Тараз қаласы маңына жақын орналасқан Бабаджа-хатун (X-XI ғғ.) және Айша-Бибі (XI-XII ғғ.) мазарлары дәлел бола алады. Отырар қаласында қазба жұмыстарын жүргізу кезінде XI - XII ғғ. шығыс үлгісіндегі екі монша табылды. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұрасы тізіміне 2003 ж. маусым айында ортағасырлық Қазақстан тарихы мен мәдениетінің ерекше ескерткіші - XV ғғ. Әмір Темір бұйрығымен орнатылған Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі кірді.

X—XII ғғ. Орта Азия мен Қазақстанда қалалар мен қала қоныстарының күрт өсуі басталды. Олар егіншілік алқаптары негізінде және көшпенді, жартылай көшпенді мал шаруашылығының өзара қарым-қатынасы бар аудандарда пайда болды және дами бастады. Қала орталықтарының экономикалық және шаруашылық аймақтарындағы кейбір айырмашылықтарымен қатар, басты сипаттамаларында (әлеуметтік-экономикалық қатынастар, топография, сәулет, материалдық мәдениет) өзара ұқсастықтар болды. Қарашоқ, Қарнақ, Қиялық, Яки-Оғыз, Ашнас, Баршынлықкент сияқты жаңа қалалардың қатары пайда бола бастады.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалалары ортағасырлар бойы қалалық мәдениеттің орталықтары болды. Бұл жерде қалалар қанғар және үйсіндердің өмір сүрген уақытында пайда болған, алайда, олардың одан әрі көркеюі VII-XIII ғғ. тең келеді. Бұл кезеңде қала мәдениетінің дамуының бірнеше негізгі орталықтарын бөліп қарастыруға болады: 1) Сырдарияның ортаңғы ағысы – қала мәдениеті дамуының ең ежелгі орталықтарының бірі. Арыс өзенінің бастауларында Испиджаб өңірі, ал Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылысқан жерінде Фараб немесе Отырар өңірлері орналасты. Төменгі ағысқа қарай Ясы-Түркістан өңірі; 2) Сырдария ағысының төменгі ағысына қарай – көшпенділер үшін зор экономикалық және мәдени маңызы бар Янгикент, Сығанақ, Жент, Баршынлықкент қалалары болды.

3) Оңтүстік-батыс Жетісу – Талас пен Шудың өзенаралық аймағы. Талас өзенінің бастауларында халқы металлургиямен айналысқан Шелжі өңірі орналасқан. Талас алқаптарында Тараз өңірі, ал Шу алқаптарында – Суяб және Баласағұн өңірлері орналасты; 4) Солтүстік-шығыс Жетісуға Яки-Оғыз, Қаялық, Алмалық және басқа да Ұлы жібек жолындағы ірі сауда орталықтары кірді; 5) Ертіс аңғарында араб және парсы дереккөздеріне қарағанда 16 қимақ

қалалары, соның ішінде, қағанат астанасы – Хақан және Хақан-Қимақ орналасты; б) Орталық Қазақстан – Нұра аңғарында, Сарысу жағалауларында – Торғай сағасындағы Жұбаныш және Ұлыбағыр қалалары болды.

«Қала» түсінігі әр түрлі кезеңде және әр түрлі қоғамда әр түрлі мағынаны білдірді. «Қала» жиі елді мекен деп аталды, оның тұрғындары ауыл адамдарымен салыстырғанда қолөнер кәсібі мен саудамен айналысты. Мұсылман Шығысындағы қала мәртебесін анықтаудың маңызды белгісі – оның әкімшілік ролі болып табылды. Қалалар «кент» терминімен белгіленді. Қаланы белгілеу үшін «балық» термині қолданылды. Бұл сөздерге қандай материалдан құрастырылғаны және қандай географиялық ортада болатынын көрсететін «таш» - тас, «шим» - шым, «күм» - күм терминдері қосылды. Қала аттары тайпа немесе ақсүйек өкілдерінің атауына байланысты жиі атала бастады. Жазба деректеріне қарағанда, ірі қалашықтардың қираған орындарын сипаттайтын қалалар санының қатарына Испиджаб, Отырар, Тараз, Құлан және басқалары жатқызылды. Испиджаб (қазіргі замандағы Сайрам ауылы) оңтүстік Қазақстандағы ең басты қала және сауда орталықтарының бірі болды, оның облыстарына Жетісу қалалары да жатқызылды.

Өз кезеңі үшін қалалар абаттандырудың жоғары деңгейімен ерекшеленді. Тұрғын үйлерде канализациялық және жылыту жүйелері болды. Ірі қалалардың тұрмысы үшін су құбырларының болуы үйреншікті құбылысқа айналды. Қыш құбырлармен төселген жер асты күмбезді туннельдер салынған. Қалада көпшілік моншасы болды. Археологтар қала тұрғындарының монша құрылысындағы жоғары мәдениетін белгілейді. Осылайша, Тараздағы моншаның жалпы ауданы 152 ш.м. тең болды. Олар күйдірілген кірпіштерден орнатылды, едендерге кірпіш тақташалар төселді. Жылыту үшін еденнің астында орналасқан ыстықты өткізуші каналдар жүйесі қолданылды. Моншада шешінетін бөлмелер, ванналар мен бассейндер, бу шығарылатын бөлмелер болды. Оларға күмбездердің люктарына орнатылған шыны дискілер арқылы жарық түсті. Қабырғалары өсімдіктен жасалған оюлармен безендірілді. Мұсылман дәрігерлері IX - XI ғғ. гигиеналық қасиеттері бар заттардың тізімін жазып отырды. Ежелгі заманның дәрігерлері адамға моншаның тынықтыру, босандату әсерін тигізетінін біле отырып, қабырғаларға адамның өмірлік күш-қуатын нығайтуды сипаттайтын көріністерді салу қажет деп санаған. Ибн-Синаның (980-1037 гг.) пікірінше, жақсы моншада қалыпты температура, жарық шам, кең бөлме, саябақтар мен бақшада серуендеп жүрген ғашықтардың суреті сияқты көркем, керемет жұмыстардың болуы қажет еді.

Ортағасырлық қала бірнеше бөліктерден тұрды. Әдетте қаланың ортасында үкімет резиденциясы орналасқан қамал немесе қорғандар болды. Қамалдарды қаланың атақты адамдары, бай саудагерлер мен егіншілер, діни қызметшілер, әскерилер мекендеген аудан – шахристан қоршады. Шахристанның айналасында қаланың негізгі бөлігі қоныстанған сауда-қолөнер ісі дамыған қала маңындағы тұрақтар орналасты. Қаланың өзінен басқа, өңірлерде шағын қоныстар тұрақтады. Археологтар көбінесе қала маңында, тау шатқалдарында салынған қамалдардың қалдықтарын тапты. Қамалдар қарапайым елді мекендерден «қорған» (қорғаныс) деп аталатын күрделі

құрылыстармен ерекшеленді. Сол кезеңдегі қаланың дамуын Тараз қаласынан табылған Айша-биді, Қарахан, Бабаджа-хатын, Орталық Қазақстандағы Домбауыл сияқты монументтік құрылыстар кесенелерінің пайда болуы дәлелдейді. Қазақстан қалаларының сәулеті өткен кезеңнің сәулетшілік өнерімен тығыз байланысты. Ортағасырлық Қазақстанның ерекшеліктеріне мыналар жатады: біріншіден, қазақстандық қалалар көшпенді өмірмен тығыз байланысты болды; екіншіден, қала тұрғындарының бір бөлігі жаз мезгілінде мал шаруашылығымен қала сыртында айналысты; үшіншіден, қалалар Еуропадағындай саудагерлік-қолөнер емес, ең бастысы, әкімшілік-сауда орталықтары ретінде пайда бола бастады. Қаланың аумағы мен маңызы тек шұрайлы жерде орналасуымен ғана емес, сонымен қатар, әкімшілік ролімен де анықталды.


Осылайша, ортағасырлардағы Қазақстан бір жағынан, Соғды мен Мәуереннахрдың әскерімен, екінші жағынан, көшпенділер мәдениетіне байланысты дамыған, қала өмірінің мәдениеті жетілген, өркениеті кең аймақтардың бірі болды.

Мәдениет адамзат өмірін ұйымдастырады. Әр кезеңнің ұрпағы мәдениетті жандандырып, келесі ұрпаққа аманат ретінде таратады, себебі, ол биологиялық тәсілмен пайда болмайды. Құндылықтарды, нанымдарды, нормаларды, ережелер мен мақсаттарды меңгерудің нәтижесінде тұлғаның қалыптасуымен оның іс-әрекетінің реттелуі пайда болады. Бұл процесс - әлеуметтену процесі атауын иеленді. Ғалымдар мәдениет деп іс-әрекетті басқаруға үлес қосатын жоспарларды, рецептілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды қамтитын механизмдерді реттеуші жүйелерді атайды. Мәдениет жеке топтардың нормалары арқылы құрылған құндылықтарды қамтиды. Мәдениет адамның өмірлік жолын бойлап өтеді. Мәдениет субъектісі – адаммен тығыз байланысты. Адам өзін іс-әрекет процесінде мәдени-тарихи болмыс ретінде қалыптастырады. Мәдениет адаммен өзінің іске асырылған сыртқы сипатымен байланыса отырып, үнемі қарым-қатынаста болады. Бұл қарым-қатынастардың мәні – адамның ертеде қалыптасқан мәдениетті жаңа мәдениетті құра отырып, өз білімі мен құндылықтарын, қабілетін, ең бастысы, өзінің адамзаттық болмысын заттандыру арқылы меңгеруінде.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Акинер Ш. Формирование казахского самосознания. От племени к национальному государству. - Алматы: Ғылым, 1998.
2. Арнольд А.И. Введение в культуру. - Москва: Народная Академия культуры и общечеловеческих ценностей, 1993.
3. Жайдаров О. Тенгрианство: мифы и легенды древних тюрков. - Алматы: Рауан, 2004.
4. Государственная программа «Культурное наследие» // Казахстанская правда. – 2004. – 13 января.
5. Закон Республики Казахстан «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» // Казахстанская правда. – 1992. – 2 июля; Закон Республики Казахстан «О Национальном архивном фонде и архивах» //

- Казахстанская правда. – 1998. – 22 декабря; Закон Республики Казахстан «О культуре» // Казахстанская правда. – 2006. – 15 декабря.
6. Ибраимов Т. Белые горы // Кинофорум. - 2003. - №1.
  7. История Казахстана с древнейших времён до наших дней. Том 1./ Под ред. К.А. Акишева, К.М. Байпакова. - Алматы: Атамур, 1997.
  8. Кшибеков Д. Кочевое общество. – Алма-Ата: Атамур, 1984.
  9. Масанов А. Кочевая цивилизация казахов. – Москва: Эксмо-Пресс, 1995.
  10. Марголит С. Кинематограф оттепели. - М., 1992.
  11. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Мектеп, 1998.



## Қазақ мәдениетіндегі жыраулар шығармашылығы

*«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
Ж.А. Түсүпбеков*

Қазақ философиясындағы екінші кезең, қазақ хандығы құрылған заманнан басталады. Бұл кезеңнің өкілдері: Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Доспамбет, Бұқар т.б., жыраулар.

Ел, жер, халық тағдыры мен болашағы толғандырған жыршылардың насихат (дидактикалық), арнау, толғау, мадақ, мағыналы жырлары ел аузында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болды. Ғасырлар бойы өзінің отан сүйгіштік өршіл рухымен, имандылық ғибратымен, таным тағылымымен көпшіліктің көкейіне жол тапты. Толғауларға тән сипат — олар халықпен етене жақын, солардың мұң-мұқтажын жоқтады, елге танымал тарихи оқиға, келелі кеңес жайлы баяндайды. Жыршы көпке белгілі әңгіме желісін шешен тілмен тереңнен толғап, қисынмен сомдап, ғасырлар бойы қасиетін жоғалтпайтын асыл мұраға айналдырады. Нақыл – өсиет сөздерден түзілген бұл жырлардан жыраулардың ұшқыр қиял, алғыр ой, сыншыл ақыл, қара қылды қақ жарар әділ көңіліне куә боламыз.

Хан қысылып, қара тоқырағанда, көкірек көзі ашық дала данагөйлері — жырауларға жүгінген. «Өнер алды-қызыл тіл» деп білген халық суырылып шығып сөз бастаған ерлердің уәжіне тоқтаған. Ел өміріндегі елеулі оқиғалар кезінде әркез хан қасынан, іс басынан табылатын осынау жыраулар бірде хан мен батырды жарастырған ақылмандығымен дараланса, енді бірде ел толқуын басып, бірлікке үндеген данышпандығымен көзге түскен.

«Анығында өсиетшіл қария, толғаушыл жыраудың негізгі міндеті өлеңшілік емес, елге басалқы айтып, басшылық жасау болатын. Бұл екеуі де ең алдымен ақылшы кеменгері, заманның сыншысы, қырағысы болады. Сондықтан әрқайсысы өз елі, өз табының не биі, не батагөйі болады. Екеуі де жалғыз ел ақылшысы емес, елді меңгерген хан мен бектің ақылшысы, уәзірі есебінде болған... Көп елге хан жарлығын орнату керек болса, айтқан сөзі ем болатын дуалы ауыз да осылар... Бұл адамдар ең алдымен ел меңгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің барлығы ел мұңына ел қамына арналған сөздер болады. Бұлар өз заманындағы қазақтың жоғары табынан: билер, басшылар ортасынан шыққан, өздері әкім. Сондықтан ел тізгінін ұстаудың бір шарты, көптің қамын жеу болғандықтан, артында қалған сөздерінің барлығы әлеуметшілдік сарынымен айтылады», – деп жазды Мұхтар Әуезов.

Әр ханның тұсында ел мен хан арасын жақындастыратын, ханның арынын басып, ел тізгінін тежейтін жыраулар болғаны тарихтан белгілі. Мәселен, әрқашан ханға кеңес берер ақылгөй жырау, абыз ретінде Қорқыт бабаның Дерсе хан, Асан Қайғының Жәнібек хан, Шалкиіздің Би Темір, Жиёмбеттің Есім хан, Бұқардың Абылай хан жанынан табылуы осының дәлелі. Бұл хандардың әрқайсысы — ел басына күн туып, ханның біліктілігіне, халықтың бірлігіне, ердің батырлығына сын болған шақтарда жалпақ жұртқа тұтқа болған тарихи тұлғалар. Ал, осы хандардың қасында адамгершілік, имандылық, отансүйгіштік қағидаларына берік, ақылгөй ұстаз, қауымды бірлікке шақырушы рухани көсемдердің болуы, олардың ел басшысымен мақсат-мұраттарының бір арнада тоғысуы халық мүддесіне сай келген.

Қалыптасқан пікірлерге сүйенер болсақ, қазақ халқының дана, шешен, дүниенің, болмыстың, өмірдің, адамның мән – жайын жете түсінген философ халық екендігіне көзіміз жетеді. Бірақ қазақ халқының тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, өмірі мен көзқарасынан біз кез келген философияны немесе философиялық бағыттар мен мектептерді таба алмаймыз. Тіпті 19 ғасырдың орта шеніне дейінгі әдебиеттен билердің, ақын – жыраулардың ел аузында сақталған мұраларынан «философ немесе пәлсапа» деген сөздерде кездестірілмейді. Мүмкін қазақ даналарынан шыққан ой дүниетанымы философияның жоғарғы деңгейі болар.

Француздың ұлы ғалымы Рене Декарттың ойынша, «философтарға қарағанда ақындардың еңбектерінде небір ұлы ойлар жиі кездесетініне таңқалмасқа шара жоқ. Мұның өзі ақындардың шын шабыттанған шақта, қыран қанатты қиялынан уытты ойлар туатынынан болар. Оттың шақпақ тастан шығатыны сияқты, ойдың түп негізі де білімде жатыр емес пе? Философтар ақылға арқа сүйесе, ақындар ой – қиялдарымен жүректі жалынға орайды, сондықтан да ақын жырлары жаныңды баурап, тез жалындап жана бастайды ғой...». Мұндай даналық ой – сөздің қадір қасиетін, мән – жайын тереңірек ұғынып, оны жоғары бағалаған жыраулардың ең алғашқы өкілі Асан қайғы болатын.

Жыраулар ұлттық сана-сезімнің жанашырлары ұлттық болмыстың жаршылары. Олар үшін қазақтың сана-сезімін жетілдіру, қазақты халық ретінде сақтау және мемлекетті қалыптастырудың тірегі. Сондықтан ұлттық сана – сезімнің салтанаты үшін күресті ұлттық қауымдастықтың табиғатын тұтастауға қызмет етті. Ел жұртқа іріткі салатын әрекеттерді сынады.

Олар қазақтың атамекендігі бірлігі мен бүтіндігін, басқалығы мен басымдығын құптады, елдің есін жиғызатын азаттық пен адамгершілікті жақтады және де ұрпақты тәрбиелеудің тәсілдерін баптады.

Қазақ мемлекеті құрыла бастаған заманда хандар мен сұлтандар жырауларды қастарына топтап іріктеді. Жыраулар ел билеудің елді бірлікке шақырудың басты ұраншысы болды. Сондай-ақ жыраулар талантымен, шеберлігімен, батылдығымен көптің көңілінен шыққандар. Асан қайғы мен Қазтуғаннан басталатын жыраулардың қайсысы болса да дүниетанымындағы басты бағыты болып жерді – елді сақтап қалу болатын. Жыраулар дүниетанымындағы «жер» мәселесі арқылы философия ғылымындағы барлық

бағыттар ашылмақ. Жыраулар үшін басты мақсаты мен асыл арманы – жерін сақтап қалу болатын. Ол үшін бастысы не қажет? Ол халықты, жерді сақтап қалатындай саясат қажет. Қоғамдағы ғылымдардың ішінде саясаттану ғылымының орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Оның дұрыс – бұрыстығы, сайып келгенде, адамдардың, халықтардың тағдырымен тығыз байланысты. Мысалы, мемлекет агрессиялық, яғни басқыншылық соғыс саясатын жүргізсе, оның салдары бірнеше жылдарға созылатын қайғы – қасіретке соқтыратыны даусыз. Ал егерде мемлекет ғылыми дәлелденген тиімді бейбіт саясат жүргізсе, еліне қолайлы, халқына жайлы болары да белгілі. Адамзат саясаттың сиқырлы сырын, құбылмалы құбылысын өте ерте заманнан түсініп білгісі келді.

Ежелгі Шығыс, антикалық дәуірдің ойшылдары мемлекеттің, саяси биліктің мән – мағынасы неде және кімге қызмет етеді, қоғамдық құрылыстың қандай түрлері бар және олардың ең жақсысы, халыққа ең қолайлысы қайсысы деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Кейінірек адамзаттың іс – тәжірибесінің, ақыл – ойының, мәдениетінің дамуына байланысты саясаттың ұғымдары, түсініктері, тұжырымдамалары пайда бола бастайды. Қоғамдық – әлеуметтік және саяси құрылымы мен қатынастары жылдан – жылға күрделене бастайды. Әлемнің алғашқы саясаттанушылары Конфуций, Платон, Аристотель ғұлама ғалымдар. Бұл ойшылдар теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыста қарастырды. Олар саясатты адамдардың мақсат-мүддесіне сай келуге, адамгершілікке негізделуге тиіс деп ұқты. Ал жырауларды саясаттанушылар – мен салыстырсақ, зерттеушілердің анықтауынша, «жырау» термині «жыр» сөзінен шыққан. Сонымен Жырау – ең алдымен жасампаз тұлға. Жырау болу – жаны да, тәні де күшті адамдардың үлесі. Олар батырлар, ру, тайпа және ұлыстардың басшылары болды, хандар, сұлтандар жыраулардың қолдауы арқылы дәурен сүрді, соғыстарға қатысты, жауынгер серіктерін жыр етті, тарих пен оқиғаларды өлеңдерде, жырларда және ұлағатты толғауларда баяндады. Олардың толғауларындағы тармақтар мақалдар мен мәтелдерге айналды. Көптеген жыраулар бір мезгілдің ішінде әулие, би, абыз рөлдерін де атқарды.

М. Мағауин атап көрсеткендей, жырау сөйлесе нақты сөйлейді және күнделікті істерге араласпайды, ұсақ-түйекке бола дауыс көтермейді. Олар өз бауырларының алдында тек соғыс уақытында ғана, ұлы жиындар мен мерекелерде немесе аймақаралық жанжалдар мен үлкен лаңдардың күндерінде, оларға өзінің құнды білімінің күшімен және поэтикалық сөзінің рухымен әсер ете отырып тіл қатады. Олар тыңдаушыларға магиялық ықпал жасай алатын.

Ал қазақ философиясындағы хандық дәуірдің алғашқы ойшылы Асан қайғы – ұлттық идеяның тарихи негізін салған. Сондай-ақ Асан қайғыны Қазақ мемлекетінің алғашқы ханы Жәнібектің маңынан көреміз. Асанның қайғы атануы бахиді, ахиретті ойлағаннан туған қайғы емес. Асан мұңының тамыры тереңде жатыр. Оның негізінде, халықтың сол кездегі тұрмыс – халіне жаны ашығандықтан, өмірге көңілі толмауынан болса керек. Асан бабамыздың қайғысы – бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы. Асан қайғының философиясындағы өзекті мәселе жер болса, ол жер

туралы айтып қана қоймай, жаңа ұғым қалыптастырған, ол Жер – ұйық ұғымы. Жер – ұйық дегеніміз халыққа ортақ идея ұсыну, оларды бірлікке, туыстыққа шақыру. Сондай-ақ, Жер – ұйық – ол ұлттық идеяның алғашқы формасы. Мемлекеттің негізін салушы Асан атамыз болса оның жолын жалғастырушылар, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар жыраулар. Кез – келген қоғамға талдау жасай отырып, оның өмір сүруі идеологиясымен тығыз байланыста екенін, сол арқылы басқарылып, сол арқылы өмір сүре алатынын байқаймыз. Сондықтан тарих сахнасының (өткенде де, болашақта да) саяси мәселелерсіз дамуы мүмкін емес. Жыраулар көрсеткен саяси бағыттар арқылы қоғамда қозғалыстар мен дамулар, жаңғырулармен жаңа мағыналар пайда болады, әлсін-әлсін құндылықтар жаңа қырларымен пайымдалып отырады. Осындай сапалы өзгерістер, іргелі тұжырымдар бұқара халық үшін бағдар, жол сілтер алау сияқты рөлдерді атқарады.

Қазақстанның көптеген ғалымдары Асан бабамыздың «Жер – ұйық» идеясын Кампанелланың «Күн қаласы» сияқты трактаттармен салыстыра отырып утопиялық жағынан қарастырады. Асан бабамыздың идеясын утопияға жатқызу шындыққа жанаспайды, неге? – өйткені утопия дегеніміз ол – батыс ойшылдарының қиялы іске аспаған еді, ал Асан бабамыздың жер ұйығы бүгінгі Қазақстан деп айтуға болады, себебі 130-дан астам ұлттың мекеніне айналған, бүгінгі таңдағы қазақстандықтардың менталитеті, жер астындағы қазба байлықтары, Менделеев кестесіндегі бүкіл элементтердің біздің жерде, әлемнің Қазақстан жеріне қызығып қарауы – бұның барлығы Асан бабамыздың ойы шындыққа айналған процесс екенін дәлелдейтіндей.

Бабамыздың Жерұйықты іздеуінің басты себебі неде? Өйткені оның ойы тереңде жатыр. Заман оның ойынша, көптеген өзгерістер әкелуде. Баяғы емін – еркін кең даланың бойында көшіп жүріп, бірде соғысып, бірде бейбітшілікке ат тіреп өмір сүре беретін заман келмеске кетті. Ендігі жерде тұрақты, бір қалыпты мал бағып егін егіп, жазда жайлау, қыста қыстау қажет болады. Оған қазақ жері әбден лайықты еді. Бірақ мұндай жайбарақат өмір сүру үшін, ең алдымен, жайлы мекен, қаптаған жаулардан іргені қашығырақ салатын жер керек. Осыған сәйкес Асан бабаның Жерұйық іздеуі, ол үшін бүкіл қазақтың кең байтақ даласын жылдар бойы аралауы міне сондықтан.

XV-XVI ғасырларда өмір сүрген Шалкиіз Тіленшіұлы – жыраулар поэзиясының дамуына зор үлес қосқан ойшылдардың бірі. Ол – өз заманында хас батыр, данышпан жырау, әділ кеңесші бола білген адам. Ол жайында М.Мағауин «Шалкиіз-новатор еді. Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл тұрғыдан Шалкиізді қазақтың барлық жырауының атасы деуге болады» – деп жазды (Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992.-55 б).

Шалкиіздің шығармашылығына философиялық тұрғыдан көз жүгіртсек, оның шығармаларының қазақ халқының ерлік, батырлық және адамгершілік рухының дамуына ерекше үлес қосқандығын аңғарамыз. Оның шығармаларында батырлық пен ерліктің, ерліктің болмыс бітімі былайша суреттеледі:



«Жапырағы жасыл жаутерек  
Жайқалмағы желден-дүр,  
Шалулығы белден-дүр,  
Төренің кежігуі елден-дүр,  
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,  
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,  
Кешу кешмек сайдан-дүр,  
Батыр болмақ сойдан-дүр,  
Жалаңаш барып жауға ти,  
Тәңір өзі біледі,  
Ажалымыз қайдан дүр!»

Бұл ретте Шалкиіз батыр қыл шашақты найза өңгерген жауынгерлерді қаптаған қалың жаудан именбеуге, тайсалмай ұрысқа кіруге шақырады. Жыраудың мұндай шумақтары өр ұранға толы. Мына бір жыр шумақтары да Шалкиіздің батырлығын суреттейді. Шалкиіз өзінің адамгершілік тағылымға толы жырларында жақсылықты үнемі жоғары бағалап, жамандықты сынға алып отырады. Адамды жамандыққа ұрындыратын көбінесе оның пиғылы. Сондықтан адам өз-өзіне үнемі: «Қайтпек керек?» – деп жүруі қажет.

«Жапалақ ұшпас жасыл тау,  
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.  
Ойлап тұрсам, жаманның  
Жалаңдаған өз басына тілі жау.  
Дүбір-дүбір шу көрген  
Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай,  
Түлкідей құйрық тастаған  
Жаман фиғылың жетер басыңа-ай».

Дүниеде жамандар мен жақсылардың орны бөлек. Шалкиіздің жырларының ұрпақ тәрбиесіне ерекше қызмет атқаратындығында сөз жоқ. Бұл жырлар үнемі адамгершілікке шақырады. Жырлардың астарындағы даналық кеңестер адамгершіліктің биік рухын көрсетеді. Сондай-ақ осы жыр жолдарында, тілдің адам дүниетанымында орны қаншалықты екенін көрсетіп отыр. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с., айтқан екен «Аллаға сенсеңдер, ақиретке бой ұсынған болсаңыздар, жақсы сөйлендер немесе үндемеңдер» деген екен. Он күнәнің тоғызы тілден деп бекер айтпаған болар дана бабаларымыз.

Жыраулардың келесі өкілі ол Ақтамберді жырау. Ақтамберді жырау елдің елдігін, адамгершілікті жоғары бағалап үнемі оны өз жырларында алға тартып отырады. Адамгершілікке адам өз-өзін тану арқылы жетпек. Алдымен ата-ананы сыйлау, халқына қайырымды болу, өз мінін біліп түзеу тәрізді адамға тән қасиеттерді Ақтамберді жырау өте жоғары бағалайды. Жыраудың

философиялық ой-толғамдары және адамгершілік рух оның терең тағылымға толы толғауларында ерекше көрініс табады.

Мінезді болса жолдасың  
Күнде сонар қызбен тең,  
Жаман болса жолдасың  
Астыңнан өткен сызбен тең.  
Мінезді болса алғаның,  
Одан артық жар бар ма,  
Екі жаман қосылса,  
Күнде жанжал, күнде шу,  
Ұяларлық ар бар ма.  
Білімді туған жақсыға  
Залал қылмас мың қарға,  
Жаман туған жігітке  
Рақатты күн бар ма.  
Өз мінін білген жігіттің  
Тәлімінде мін бар ма.

Жыраудың ойынша, дүние үнемі өзгеріс үстінде. Болашақ та болмай қоймас. Болашақта біздің орнымызға жаңа ұрпақ келер. Олар сенің ісінді жалғастырар, орныңды басар. Міне, бұның барлығы да жыраудың жан дүниесінен шыққан жан айқайы, тіршілік пен бетпе-бет тілдесуі арқылы, одан түйген толғамы. Сондай-ақ қоғамдағы жақсы адамның образы немесе азшылық пен көпшілік мәселелері жыраудың шығармаларында қарастырылған. Ол жайында яғни азшылық пен көпшілік мәселелерін Батыстағы Хосе Ортега – Гассет «Востание масс» еңбегінде азшылық пен көпшіліктің қоғамдағы орнын талқылаған еді. Ал одан ерте өмір сүрген Ақтамберді жырау мына жыр жолдарында қоғамдағы негізгі мәселелерді қалай және қандай деңгейде айтып кеткенін қарап көрсек:

Жақсысы кеткен ауылдың,  
Артынан жақсы шықпаса,  
Өртеніп кеткен шөппен тең.

Жыраулардың келесі өкілі, Бұқар жырау Қалқаманұлы – XVII ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келген қазақ ойшылдарының бірі. Оның туған жері – Жиделі Байсын. Бұқардың әкесі Қалқаман батыр болған адам. Жыраудың өмір сүрген уақыты әз Тәуке, Қазыбек би, атақты батырлар Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Абылай сияқты елге танымал ел қорғандары мен билеушілердің заманымен тұспа-тұс келеді.

Шамамен 1683 жылдары болуы керек қалмаққа қазақтан қырық шамалы адам елшілікке баруға дайындалады. Бұның ішінде атақты Қазыбек би де бар. Яғни бұл кезде ол небәрі жиырма жасқа толмаған жаста еді. Міне осы сапар алдында атақты Қалқаман батырдың бәйбішесі босанып ұл туады. Қариялар бұны жақсы ырымға жорып, әз Тәуке жөргектегі нәрестеге бата беріп, оның атын Бұқар қояды. Бұқара камын ойлайтын азамат болсын деп ырымдайды.

Осылайша қазақ елінің жаугершілік заманында, қоғамның әлеуметтік жағдайы қарама-қайшылыққа толы кезеңде дүниеге келген және оны басынан өткерген Бұқар жыраудың дүниетанымына өзі өмір сүрген заманындағы қазақ елінің маңызды мәселелері әсер етпей қойған жоқ.

XVII ғасырдың аяғында қазақ елшілігі қалмақтарға барып келелі мәселелерді шешеді. Сол сапарда Қазыбек би «Қаз дауысты Қазыбек» атанып атағы елге жайылады. Елшіліктің негізгі мақсаты екі елді бітімге келтіру.

Атадан ұл туса,  
Құл боламын деп тумайды.  
Анадан қыз туса,  
Күң боламын деп тумайды.  
Ұл мен қызды қаматып,  
Отыра алмайтын елміз.  
Сен қалмақ болсаң,  
Біз-қазақ, қарпысқалы келгенбіз.  
Сен темір болсаң,  
Біз көмір, балқытқалы келгенбіз.  
Қазақ-қалмақ баласы,  
Табысқалы келгенбіз.  
Танымайтын жат елге  
Танысқалы келгенбіз.  
Танысуға көнбесең,  
Шабысқалы келгенбіз –

деп өр рухты шешендігі арқылы үлкен сес танытады. Бұның бәрі жас Бұқардың болашақта танымал қоғам қайраткері болуына, уақыт пен дүниені тануына әсер етпей қойған жоқ. Бұқар осындай заманда өмір сүрген еді.

Артур Шопенгауэр ақсүйектікті үшке бөліп қарайды: Біріншісі – атабабадан жалғасып келе жатқан генетивті тектілік. Екіншісі – байлық арқылы жасалған ақсүйектік. Үшіншісі – ақыл-ой талант арқылы жалғастық тапқан ақсүйектік. Ол өзі оның соңғысын жоғары бағалайды. Бұқардың ойынша, осы ақыл-ой таланттың өзі, адамның қандай болмағы оның шыққан тегіне байланысты. Ол: «қатын алма қарадан, арты кетпес жаладан». «Қарадан хан қойсаң, босамас ауызы парадан», – деп Абылайға үнемі кеңес те айтып отырған. Бұқар жырау адамның қандай болмағы көбінесе оның тегіне байланысты деп таниды. Бұқар жыраудың этикалық дүниетанымы өте терең. Мына бір өлеңде жастарды адамгершілік жолға шақырады.

Алла деген ар болмас,  
Ақтың жолы тар болмас.  
Тар пейілді кеңімес,  
Кең пейілді кемімес.  
Берем деген құтылмас,  
Берік байлаған шешілмес.

Қазулы жолдар көмілмес,  
Қартайған қарт бабаңды сыйлай бер,  
Күндердің күні болғанда,  
Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ рухының философиясы Әбжанов Т.Ы. Сағатова Ә.С. Рақымжанов Б.Қ. Мұқыш Қ.С.-Қарағанды: 2003.
2. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) 2-томдық. Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев. –Алматы: Жазушы, 1989.
3. Алдаспан. ХҮ-ХҮІІІ ғасыр қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырған М. Мағауин. –Алматы: Жазушы, 1971.
4. Қазақ философиясының тарихы Ғ. Есім. – Алматы: 2006.
5. Қазақ философиясы бірінші кітап Балшикеев С.Б. Рахымжанов Б.Қ. Тусупбеков Ж.А.. - Қарағанды: 2011.



## Қазақ эпосы – халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрларының бірі

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
аға оқытушысы  
К.С. Тілеугабылова*

Қазақ халқының батырлар жыры халықтың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл қазына. Батырлық жырлар халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Батырлық жырлар байырғы көне эпостың жалғасы ретінде дами отырып, қоғамдық қарым-қатынастың, саяси-әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне, бұрынғы жекелеген рулар мен тайпалардың біртіндеп халық болып құрала бастауына сәйкес қалыптасты. Қазақ батырлар жырының ең жарқын үлгілері әлем мәдениетінің қазынасының құрамдас бір бөлігі ретінде енеді.

Қазақ халқының батырлық жыры қазіргі таңда да белсене пайдаланылады, әлемдік мәдениет шеңберінде көне мұраның соншалықты өміршеңдігі мен мүмкіндігін дәлелдегендей.

Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын бір қаһарманға теліп жырлап беру тән. Батырлар жырын зерттеушілердің пікірі бойынша тайпа-ру құрылысының ыдырай бастаған кезінде пайда болды деп санайды. Орыс эпосының ірі зерттеушісі В.Я.Пропхтың пікірі бойынша қоғамдық даму заңына сәйкес, эпостың нақты тарихи оқиғаларға қатысы жанама түрде ғана көрінеді деген пікірді алға тартады.

П.П.Грязновтың пікірі бойынша: «Егер эпостық жырлардың оқиғалары бергі ғасырларда пайда болған деп саналып келсе, ал қазіргі кезде зерттеушілер эпостық жырлардың бағзы замандарда пайда болған деген тұжырымға келуде, біздің аумағымызда біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы мыңжылдықтардың екінші жартысына, ертедегі көшпенділер уақытына сәйкес келеді»<sup>1</sup>.

Ең бірінші қазақ эпосы қазақ халқы пайда болғанға дейін пайда болды, ал екіншіден, батырлар жыры иерархиялық жүйенің жоғары реттегі бір тармағы болып табылады, сондықтан оның әрбір деңгейімен тығыз байланысты. Бұл иерархия жалпы алғанда мынандай: түркі тілдес халықтардың эпосы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының эпосы, эпос және қазақ ауыз әдебиеті, эпос және қазақтардың жергілікті дәстүрі, жыраулар мектебі, жыраулардың батырлар жырын айтудағы әртүрлі жеке стильдері және т.б..

Эпостық жырлар адамзат қоғамының тарихи даму үрдістерімен бірге жасап келеді. Осыдан болса керек, эпостық жырларды кейде тарихи кезеңдерге

қарай топтастыру орын алып келе жатыр. Эпостық жырларды іштей саралап, жанрлық белгісіне, шығу дәуіріне қарай топтастырып отыру ғылымның жеткен деңгейін танытады және мұндай жинақтаушылық сипаты бар ой-пікірлер бұрын-соңды жүргізілген ізденістердің нәтижесіне сүйенеді.

Филологтар мен фольклористтердің, әсіресе қазақстандық зерттеушілердің еңбектері эпостық жырларды танып-білудің бай көзі болып табылады. Сөйтіп, батырлар жыры тарихтағы оқиғалардың халықтық тұрғыдан бейнеленген, оның халық санасындағы көркем тілмен баяндалған шежіресі қызметін атқарады. Батырлық жырлардың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүрі туралы ролі толық зерттелді. Қазақ филологиясының көрнекті тұлғалары М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Е.Исмайлов, М.Қаратаев, Н.Смирнова, Л.Соболев, Т.Сыдықов т.б. ғалымдар қазақ эпосының халықтық сипаты, идеясы, көркемдігі туралы зерттеулер жазып, қазір көпшілікке таралып кеткен батырлық жырларды жариялады. "Қобыланды", "Алпамыс", "Қыз Жібек" және т.б. сияқты батырлар жыры сюжеттік құрамы, архитектуралық, драматургиясы жағынан жан-жақты зерттеу құралына айналды. Осылармен қатар қазақ эпостық жырларының поэтикасы да зерттелді. Соның ішінде ең соңғысы Е.Жұбановтың "Эпос тілінің поэтикалық ерекшеліктері" монографиясын атауға болады.

Қазақ эпосын, соның ішінде музыканы тану саласын зерттеуде Қазақстандағы тарихи және теориялық музыка тану білімінің негізін қалаған Б.Г.Ерзаковичтің еңбегі орасан зор. Оның "Қазақ халқының ән айту мәдениеті" монографиясы бойынша қаза аңыздары мен батырлар жырының музыкалық бай мұрасының принциптері алғашқы рет зерттелген. Б.Г.Ерзаковичтің жіктеуі бойынша ХХ ғ. басында қазақ эпосы музыкалық жағынан үш түрде іске асырылды: ойнақы, оңтайлы, еркін көсілуге мүмкіндік беретін жеті-сегіз буынды жыр өлшемі, музыкалық-иллюстрациялық (фрагментарлық) және аяқталған музыкалық (программалық).

Қазақ эпосы – халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрларының бірі. Ол тарихтағы оқиғалардың халықтық тұрғыдан бейнеленген, оның халық санасындағы көркем тілмен баяндалған шежіресі қызметін атқарады. Ежелгі түрік ескерткіштерінде батырлар мен ру көсемдерінің жауынгерлік ерліктері қашалған. "Қарабек", "Ер Көкше", "Қобыланды", "Қамбар" сияқты эпостық жырлар ХІІІ-ХІV ғасырларға жатады. ХVІ-ХVІІ ғасырларда негізгі идеясы өз туған жерін басқа елдердің шабуылынан қорғаған батырлар туралы сюжеттік поэма сияқты баяндайтын батырлар жырын дамытудың жаңа кезеңі басталады. Соның қатар эпос үшін қажетті болып табылатын қиял-ғажайып элементтері мен батырлы пен ерліктің тамаша үлгілерімен тарихи оқиғалармен бейнеленген.

Эпоста барлық қиял-ғажайып элементтері нақты өмірде болғандай суреттеледі. Болмыстың алғашқы негіздері – су, жер, ауа, от өлшемдері тұтас күйде қабылданады, олар ғарыштық және табиғи тұтастықты тудырады, ал әрбір табиғи құбылыс ғарыштың үйлесімділігі немесе үйлесімсіздігін бейнелейді. Қазақ эпосында кеңістік пен уақытты бөлінбейді. Эпостық дүние танымдық жөніндегі ерекшеліктер бейнелердің алыптығымен ашылады.

Ғарыштық салыстырулар өте күрделі. Эпостық жырларда адам мен осы әлемнің қуат күші тең деп алынады. Қазақ халқының эпостық әсірелеуде қимыл-қозғалыс пен ұзақ сапарға шығу сезімі тән. Қазақ эпосы көшпенді өмірдің, халықтың тіршілік ету көріністерін, салт-дәстүрлерін ерекше бейнелейтін энциклопедиясы ретінде қабылданады. Эпостық жырларда өмірдің алуан қырлары, өмірді қабылдау көзқарастары бірдей типтік сипатқа ие болды. Болмысты түсінудің шығармашылық қырлары, метафоралық, аллегориялық, мифологиялық тәсілдері мен көп қырлы құрылымы пайдаланылған. Өмір мен табиғат бейнеленген:

Аршындап бурыл гуледі,  
Табаны жерге тимеді,  
Тау мен тасты өрледі...  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы  
Саз балшықтай иледі.  
Сеңгір, сеңгір таулардан  
Секіріп бурыл жөнелді.

Эпостық жырларда табиғат адамның көңіл-күйіне әсер ететінін атап өту қажет. Кейіпкердің көңіл-күйі және оның мінез-құлқының ерекшеліктері табиғат құбылысы арқылы беріледі. Эмоция түзу сызықты, байланысты емес, жалпы, абстрактілі. Психологизм болмайды, күйзеліс гаммалары жоқ. Кейіпкердің ішкі көңіл-күйі заттық құбылыстарында ашылады. Табиғат құбылыстары соншалықты айқын, кейіпкердің көңіл-күйі сұлу табиғат көріністерімен беріледі.

Адам мен табиғаттың бірігуі эпостық кейіпкердің біз қуат алатын Табиғат-анаға деген жақындығы, сонымен бірге өмір ағысында қосылуы арқылы беріледі. Жарқырап шыққан Күннің өзі барлық тіршіліктің жандануының көрінісі ретінде алынады. Алпамыс күн шығыстан арайлап атып келе жатқан кезде туады, өлген Қозы Көрпештің басы күн жаңа шығып келе жатқан кезде өсіп, ол үш күн ішінде тірілді. Өлім күн батар шаққа қарай таяу болады. Қайғы қара бұлтпен, жамандық – түнгі қараңғылықпен, түн түнегімен салыстырылады. Ертеде қазақтардың табиғатты эстетикалық қабылдауы күшті дамыған, «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» жырлары бұған дәлел бола алады. Поэтикалық салыстырулар тамаша, онда сұлулыққа, табиғатқа деген мифологиялық көзқарас негізі, адамның жануарлар әлемімен алғашқы қауымдық теңесу белгілері байқалады.

Эпостағы табиғат мифтік дәстүрлермен сипатталған, бірақ оны қабылдаудағы өзгерістер байқалады. Табиғат құбылыстарын әсірелеу, дүниені қабылдаудың жаңа әдістері, тұрмыстық қуаныштар, құштарлыққа толы өмірдің барлығы эпостық жырларда айқын суреттеледі. Бұл әлемді танып-білудің жаңаша көзқарас, табиғатқа деген қызығушылықты, үйреншікті және қарапайым өмір қырларын білдіреді. Пейзаждық суреттеулер толық баяндалады. Қоршаған дүние кеңістікте қарастырылады: көшпенділер әлемді,

далағы шеңбер ретінде қабылдаған. Қазақ эпосы тарихи жырлар қатарына жатады. Осы дүниенің мифологиялық бейнесі оны алуан түрлі сәттерімен және икемді қырларымен қабылдауы поэтикалық жағынан үйлеседі. Әлемді эстетикалық көру эволюциясы оны жаңаша қабылдауға әкеледі. Демек, қазақ эпосы үшін сипатты мотив — жануарлар әлемін қорғау — табиғатты танып білуге деген жаңа қатынасты білдіреді.

Алайда табиғаттың тұтас бейнесін жасауда икемділік сақталады. Ертеден бері пейзаж тұрмыстың жалпыға бірдейлігін жеткізудің маңызды түрі болып табылады. Бұл жанрда мәңгілік табиғаттың адамның дәрменсіздігіне қатынасы бойынша төзімділігі байқалады. Құшырлану, риясыз сүйіспеншілік, тұрмыстың қуанышын сезіну мен көңіл толу, масаттану, қуанышқа бөлену, шаттық, қанағаттану және осыларға керісінше қайғы, мұң, уайым, зарығу, қамығу, ашулану, зығырданы қайнау – мұның барлығы адамның бойында кездесетін сезімдердің, көңіл-күйлердің тоғысуы қазақ эпосында табиғаттың барлық құбылыстарын өзіндік ерекшеліктерімен және қайталанбайтын көріністерімен сүюді білдіреді. Мұның барлығы басында кеңістікте бағдар жасауға итермеледі, жердегі табиғат құбылыстарын білуді, аспан әлеміндегі күштердің қозғалыстарын зерттеуді талап етті.

Қазақ эпосында шексіздік ұғымы нені білдіреді? Адам табиғатты пайымдап қараудан бастап шексіздік деген ұғымға терең үнілген жоқ. Ол психологиялық жағынан тепе-тең шексіздікті ұғынды: аспанның шексіздігін, даланың ұшан-қиыр шексіздігін, яғни әйтеуір бір шегі болатын кеңістікті зерделеді. Бірақ осы алысқа жоғалатын пайымдап қарау шексіздік ұғымын тудырды. Уақыт шексіз емес, бұл дүние мәңгілік емес, тек салыстырмалы алыс болашақ. Шексіздіктің психологиялық әсері болмыстағы көрінетін шексіздіктің қиылысуынан пайда болады. Ол даланың, аспанның, аспандағы жұлдыздардың кеңістігін пайымдап қараудан туындайды.

Қазақтың ертегілерінен бастап, дау-шарларда сөйленетін қара сөздеріне шейін тақпақ болып келетіндігі, ұйқасы берік сақталмаса да, ырғағы берік сақталып, айтайын деген пікірдің образ арқылы берілетіндігі ауызша шығарманың тез ойда қалу, біреуден біреудің тез ұғынып алу тілегінен туғаны талассыз. Әрине, жырды ұзағынан айту, бір оқиғадан екіншісін тудыру, әңгіменің жалпы желісін бұзбай молынан қамти жырлау асқан шеберлікті, ақындық өнерді керек етеді. Эпостық кейіпкерлер, фольклорлық сюжеттер қазақ халқының ұлттық өзін-өзі танудағы поэтикалық символикасына айналды. Фольклордың органикалық байланысы, әдеби шығармашылығымен ұлттық салт дәстүрі қазақ ұлттық менталитетінің мифологиялық және эпостық нақыштағы хабар тарату мен шоғырлаудың айналасындағыларға өзіндік әсер ету ықпалын тудырады. Батырлар жыры халқымыздың ертедегі ерлік рухын, нені көксеп, нені арман еткенін бейнелейді.

Тарихи пейзаж тұрмысты пайымдау, әлемнің ұлылығын, уақыт қозғалысын, ұрпақтар сабақтастығын білдіреді. Уақыт ағысының идеясы, ұрпақтар жалғастығы, атадан балаға берілген тарихи жәдігерлерді мақтан тұту және қастерлеу, адамзат тұрмысындағы тарихи перспективалардың қозғалысы қазіргі ұлттық сана-сезімді қоректендіреді. «XX ғасырдағы адамзатқа ұрпақтан



ұрпаққа ауызша әңгімелердің, әндердің, аңыз әңгімелердің, этикалық туындылардың үздіксіз тізбегі түрінде берілген көркем табиғатқа, оның сұлулығы мен үйлесіміне деген орнықты көзқарас керек. Ол шығармаларда құдайлар мен батырлар, салт-дәстүр мен нанымдар, бұл дүние мен адамның өмірі туралы ойлар, сондай-ақ ғасырлардың рухани тәжірибесінен алынған ең озық туындылар, көне дүние көзқарасының өзіндік ерекшеліктері, олардың армандары мен үміттері айрықша дәріптеледі»

Ауызша көшпенді мәдениет арқылы берілген қазақтардың ұлттық бейнесі, ұлттық менталитетке және психологияға барынша із қалдырған, сөйлеу, бейнелеу, мінез-құлық стереотиптері қазіргі өмірдің көптеген прагматизміне сәйкес келмейді.

Көшпенділердің асау мінезі, еркіндікті, бостандықты аңсауы, бір қалыпты өмір сүруге деген құштарлық сезімдері байқалады. Жеке бастың пайдасы, пайдакүнемдік, ашылмаған дарашылдық сезімдері мүлдем жоқ деуге болады. Міне, осы кезде ішкі рухани мәдениет, кеңістіктегі өмірлік қажеттілік, өте тығыз немесе тарлық түсінігін қабылдамауы, өзінің үйінен бүкіл әлемді, бүкіл болмысты, жаратылысты көруге деген құштарлық өшпейтін үміт еді. Мұның барлығы оның батыстық нұсқадағы индустриялық өркениеттің қазіргі заманғы қарқынына сәйкес келмейді. Этнос болып құрылу жолындағы қолайсыздық пен қобалжушылық, оның эмоциялық көңіл-күйі сезіледі.

Қазақ эпосы басқа халықтар сияқты халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі. Адамзаттың ой санасында бүкіл болмысты, ондағы сан түрлі құбылыстың бәрін түсінгісі келетін ой-толғамдарды қамтиды. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, табиғат процестерінен іздей бастады. Табиғат әуелде жаратқан бір құдіретті күшінен пайда болып, одан былай өз алдына дербес заңдылықтарымен өмір сүрді. Жаратылыстың, болмыстың түп негізінде табиғат процестері жатыр. Ежелгі діни ілімдер халықты қоршаған ортадан психологиялық қорғау функциясын алға тартты, от, адам, су, жылқыны қадір тұтуға арналған діни рәсімдерді мүлтіксіз орындай отырып, әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз етті. Бұл шарттар адамзаттың бостандығын, жауапкершілігін, ұйымдастырушылығын, құқығына сай игіліктерге ие болуды қалыптастырды. Аспан тәңірі – бұл жаратылыстағы адам қызметінің үйлесімді бастауы.

Батырлар жырларының тікелей қалыптасуы ата-бабаларға табыну, яғни аруақтарға табынумен байланысты, археологиялық деректер куә болғандай, бұл әскери демократия кезеңіне жатады. Көшпенді тайпалар мен рулардың өмір сүру дағдысына айналған соғыс қажеттіліктерімен, өткен заманның атақты батырларының, олардың батырлар жырларындағы асқан ерліктерін суреттеу, халық арасында батырларды дәріптеп құрметтеуі, сарбаздар аруағына бағышталған жаңа әскери әдет-ғұрыптылықты орындауды талап етті. Бір сәтке тоқтап қалған уақыт пен миф кеңістігі әрбір жана ұрпақ салттық әрекеттер жасай отырып, жас ұрпаққа аруақтар түрінде қайтып келу үшін мифтік тотемдерге бағынады.

Осындай ерліктер мен атақты оқиғаларға толы өткен кезеңдерді, өзінің ата-бабаларын сыйлау мен құрметтеу орта ғасырдағы қазақ поэзиясының

оптимизмін анықтайды. Күшті тұлға идеалына ұмтылатын адамның бойында аруақтар уақыты «тоқтап қалғандай» өткен заманның елесінде қазірші өмірді қабылдау жүреді. Батырлар жыры кейіпкерлерді асыра мақтау, олардың ерліктерін дәріптеу, сол батырларға ұқсауға тырысу, өткен мен болашақты байланыстыру арқылы қазіргі өмірде халық арасында ер адамдар мен әйелдердің белгілі бір типтерін қалыптастыра әрі тәрбиелей отырып, олардың арасындағы этикалық және құқықтық нормаларды реттеп отырды. Идеалды кейіпкер сияқты болу эпоспен тәрбиеленген адамға тән қасиет. Сондықтан белгілі кейіпкерлер тыңдармандарына тұрмыста, қалыпты, күнделікті өмірде өз орындарын табуға көмектеседі. Керісінше, әртүрлі күнделікті оқиғаларды шешу қажеттілігі эпосқа, өзінің шыққан ата-тегіне деген тұрақты қызығушылық тудырды. Ауызша әңгімелермен бірге ата-баба шежіресі атадан балаға ауызша беріліп келді. Ата-баба аруағын құрметтеу мен қастерлеу қазақтарды өзінің шыққан тегін жеті атасына дейін білуге міндеттейді. Өз руындағы, өз тайпасындағы, өз жүзіндегі бабалар есімін атай отырып, қазақтар әсіресе, халық жадында қалған батырлар мен ақындарға ерекше құрметпен қараған, олардың бейнелері жастардың бойында батырлық, адалдық, ар-намыс сияқты адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. «Заманалардың үнін білдіретін оқиғаларды, көрнекті тұлғалардың өмірін білу және еске сақтау, ұлпақтан ұрпаққа халықтың поэтикалық тарихы арқылы берілген рухани мәдениетке қатыстылығын білдіреді», -деп жазды К. Нұрланова. Қазақ эпосы, басқа халықтардың эпосы сияқты рухани құндылықтарды топтастырады. Ә.Марғұлан қазақ эпостық жырлары ертедегі ғұндар, үйсіндер, қаңлылар кезеңінен бастау алады, олар, әрине, Оғыздардың, қыпшақтардың, қарлықтардың, наймандардың, керейлердің және т.б. жетістіктеріне айналды. Ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың ертедегі эпостық жырларына «Ер төстік», «Еділ», «Жайық» т.б. жатады.

XIII-XIV ғасырдың соңында 1927 жылы Иран газан ханымен қыпшақтардың соғысы туралы баяндайтын «Қобыланды батыр» батырлар жыры пайда болды. Қыпшақтың ержүрек батырлары Қараман Сейілұлы, Қарақозы, Аққозы, Қосдәулет және Қобыланды Сырлы мен Қырлы қалаларын жаулап алған қызылбастарға (ирандықтар) қарсы қырық мыңдаған әскерді басқарды. Олар жауды ойсырата жеңіп, туған жерді жаудан азат етті. «Едіге батыр» эпосының негізгі сюжеті XIV ғасырдың соңында Едіге мен Тоқтамыс хандарының арасында билікке таласудан пайда болған күрес еді. «Ерсайын» эпосы халық батыры ретінде бейнеленген Бату ханның ерліктері туралы баяндайды. «Алпамыс» жыры да халық арасында кеңінен таралған. Қазақ қоғамы рухани жағынан толық жетілген және автономды еді, көшпенділердің идеалы басқаларды өз ыркына бағындыру білуге негізделген биік беделге толы көшбасшылық – сарбаз, патриот және шешен болу қалыптасқан.

Қазақ ақындық дәстүрінде жыршылардың-жыраулардың алатын орны зор. Өйткені батырлар жырын орындаушыларға тән нәрсе оқиғаның жалпы желісін ұғып өзінше жырлау, не жыр оқиғасындағы ерекше, елеулі саналған жерлеріне ғана көңіл бөліп, қосымша оқиғаларды қара сөзбен ғана түсіндіріп, қысқарта жырлау, не жырдың ұзын ырғағындағы оқиғаның ең қызықты, ең

көркем саналатын жерлеріне ғана тоқтап, көлденең оқиғаларды шегініс, не экспозиция ретінде ғана баяндап, аттап түсу, қысқасы, әртүрлі әдістер болады. Е. Д. Тұрсынов атап өткендей, «жырау қайтыс болғандардың рухын қанағаттандыру үшін олардың тірі кезінде жасаған батырлық пен ерлікке толы істерін мадақтайтын, баяндайтын – «мақтау» арнауын орындаған». Бұл ежелгі тарихи арнау жырларында сол тарихтық негіз барлығы байқалады. Алыс сарын түрінде болса да, нақтылы тарихта болған замана бейнесі танылады. Сол дәуірлердегі ерлік істердің көмескі болса да ізі көрінеді. Жыраулар уақыт көшіне сай әскери жорықтарда ата-баба аруағына табынып, қолдауға шақыру үрдісі азайып, тек әскери жорықтарда, батырлар жырлар орындауда, қолбасшылардың ерліктері туарлы тарихи жырларды орындады. Орта ғасырдағы көптеген қазақ жыраулары бір мезгілде тамаша сарбаздар немесе қолбасшылар болған.

Қазіргі заманғы Қазақстан аумағында түркі тіліндегі атақты эпостар — «Қорқыт ата» мен «Оғызнаме» белгілі. VIII-X ғғ. маңында Сырдария өзенінің құйылысында қыпшақ-оғыз ортасында пайда болған, ұрпақтан ұрпаққа ауызша тараған «Қорқыт ата» эпосы XIV-XVI ғғ. түрік жылнамашыларының «Қорқыт ата туралы кітабы» түрінде жазылған. Шындығында Қорқыт ата — бұл өмірде болған адам, қият оғыз-қыпшақ тайпасының бегі, эпикалық жанрдың және қобызға арналған музыкалық шығармалардың негізін қалаушы. «Қорқыт ата» эпосы оғыз батырлары мен қаһармандарынан тұратын 12 поэма мен әңгімелерден тұрады. Онда түрік тайпалары, үйсіндер мен қаңлылар туралы айтылады.

«Оғызнаме» поэмасы түрік қолбасшысы Оғыз ханның балалық шағына, оның ерліктері мен жеңістеріне, ұлдарының тууы мен үйленулеріне арналған, оларды Күн, Ай, Жұлдыз, Аспан, Тау мен Теңіз деп атаған. Ұйғыр қолбасшысы болған соң Оғыз Алтынмен (Қытай) және Үріммен (Византия) соғысқан. Сондай-ақ бұл шығармада славяндардың, қарлықтардың, қаңлылардың, қыпшақтардың және т.б. басқалардың шыққан тегі туралы мәселе талқыланады. Біздің қоғам эпикалық дәстүрдің үзілмеуіне, қазіргі кезде де шектеулі дамуына мүдделі. Жыршылардың көне негіздерін қарқынды «ұстап тұр» көмегімен жыршылардың өнерін сақтау мүмкін емес: біз қазіргі заманның жаңашылдығы – эпикалық орындаудағы жаңа кезеңге бет бұрдық.

Біздің көзқарасымыз бойынша халық ауыз әдебиетінің әртүрлі тарихи типтері бар. Олардың бірі, жалпылап айтқанда, өнерді диалог пен қатынас ретінде түсінуге байланысты: бұл нақты шығармашылық коммуникацияның актісі. Қазақтың эпикалық дәстүрі осындай. Барлық диалогта, белгілі бір формулаларды, "блоктарды" жинақтау кезінде және олардың үйлесімі кезінде белгісіздік пен болжағыштықтың өз үлесі бар. Осылайша, қазіргі заманғы қазақ этномызыка білімінің алдында ауқымды және жауапты міндеттер тұр.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. В.Я.Пропп. Русский героический эпос. М., 1978.

2. Грязнов П.П. Древнейшие памятники героического эпоса народов Южной Сибири. Е.Жубанов «Поэтические особенности эпического языка» Алма-Ата, 1978.
3. А.Маргулана, С.Садырбаева «Вопросы циклизации казахского эпоса», Алма-Ата, 1975.
4. А.Маргулана«О носителях древней поэтической культуры казахского народа», Алма-Ата, 1985.
5. Е.Турсынов «Типы носителей казахского фольклора», Алма-Ата, 1984.  
«Истории казахской литературы» (тт. 1-2), энциклопедия, «Мектеп» в 1982 г.
6. Турекулов Н. Современный казахский фольклор: Жанрово-структурный анализ. Под общ. ред. М.К.Каратаева. Алма-Ата, 1982. «Казахский эпос» Алма-Ата, 1982.
7. Ерзакович Б.Г. Музыкальное наследие казахского народа. Алма-Ата, 1979.



## Қазақ халқының мәдени мұрасы: әндер, ертегілер және мақал-мәтелдер

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің  
«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының  
аға оқытушысы  
Г.С. Байпелова*

Қазақ халқының мәдени мұрасы ғасырдан ғасырға жеткен дәстүрді сақтау мен одан әрі дамытуға бағытталған кешенді шаралармен, тарих пен мәдениеттің жаңа беттерін ашумен сипатталады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қаулыға 2004 жылы 13 қаңтарда ҚР Президенті қол қойғаннан бері қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі басты тақырыптардың бірі – осы мәдени мұраға қайта оралу, оны бұқараға жеткізу мен әлемге таныту болып саналады. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы білім беру мен рухани саласын дамыту, ел ішіндегі мәдени мұраның сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету – бағдарламаның басты міндеті.

«Мәдени мұра» бағдарламасын осынау өмірге әкеліп жан берген – мемлекет. Елбасының тәуелсіздік алған уақыттан бергі көкейінде жүрген жаңашыл идеяларының қатарында «Мәдени мұраның» нақты орын алуы, Тәуелсіз еліміздің бірлігі мен тұтастығын, саяси жүйенің тұрақтылығын, идеологияның жұтамауын, рухани мұраттарға сенімнің нығаюынан туған деуге болады. Жаһандану дәуірінің ұлы жолында жақсысын бойға сіңіріп, жаманынан аулақ болуды Елбасы өзінің «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты жазған еңбегінде атап өткен болатын.

Қазақ халқының тарихы мен әдебиетінің мәдени мұраларын жинастыру ісі бұрынғы ғасырлардағы зерттеу – деректерді айтпағанда, ХІХ-шы ғасырдан бастап Ресей ғалымдары мен шетел зерттеушілер тарапынан үнемі жүргізіліп келді. Қазақ ғалымдары Шоқан Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мәлік Ғабдуллин т.б. қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің бай мұрасы саналатын ертегі, мақал-мәтел, жұмбақтарды, әндерді халық арасынан тірнектеп жинап, ел игілігіне жаратуға көп үлестерін қосты – десек біз артық айтпаймыз.

Дүние жүзі елдерімен иық тіресе дамып, қанатын кеңге сермеген еңселі еліміз әлемге тек қана экономикалық-саяси салада жеткен жетістіктерімен ғана емес, сондай-ақ мәдени-рухани құндылықтары арқылы танылуда деп мақтанышпен жар салуға болады.

Қазақ халқының ұлттық өнерін ұрпақ бойына сіңіріп, жастарымыздың білікті азамат болып қалыптасуына «Мәдени мұра» бағдарламасының берер пайдасы мол деп білеміз.

Еліміз мақтаныш етер мәдени – асыл мұра, рухани жәдігерліктерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп бүгінге жеткен көл-көсір ән қазынасы ерекше орын алады.

Қазақ әні – қазақ халқының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Күнделікті тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрге орайласа туған ғұрыптық ән, қара өлеңдерден тартып, адам баласының аңсар-мұратын, қайғы-мұң, сағыныш-шерін, өзек өртер өкініші мен жарқын үміт, қуаныш-шаттығын, сан-алуан сезім-күй, жан әлемін өрнектеп, формалық, мазмұндық тұрғыдан кемеліне келе түрленіп биік кәсіби өреге жеткен дәстүрлі ән өнері ұлттық музыка мәдениетіміздің алтын өзегі, ертеден бүгінге арқауын үзбей жетіп, қазіргі рухани болмысымызға нәр беріп тұрған сарқылмас қайнары іспетті.

Қазақ елінің әлемдік мәдениетке қосар үлесі де, күйімен, жырымен бірге осынау дәстүрлі ән мұрасы екендігінде күмән жоқ. Бүгінгі жаңа әндердің бастауы бұрынғы қайнар көзінен нәр алатынын ұмытпайтын ұрпақпыз. Ежелгі ұранындай «Елім-айдың» жалғасын бүгінге жеткізген арқалы да арынды өнер дарындыларын қазақ халқы көп туғызған. «Әр заманның өз әні бар» дейтін халқымыздың қашанда өмірлік тірлігін көңіл көтеретін қуаты мол ән-әуен әлдиімен байытып отырған емес пе. Елі мен жерін жан жадыратар өз туындыларымен өрнектеп өткен Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Естай, Балуан Шолақ, Мәди, Ыбырай сияқты сал-серілердің есімдері ел есінде сұлу да сезімге толы, аққу қанаты әсем әндерімен ұзақ сақталып келеді. Біржан Қожағұлұлының «Теміртасын», Жаяу Мұсаның «Көгаршынын», Ақанның «Сырымбетін», Мұхиттың «Айнамақозын», Естайдың «Қорланын», Балуан Шолақтың «Ғалиясын», Мәдидің «Қарқаралысын», Ыбырайдың «Гәккуін» әлі күнге жүрегің нұрланып, көңілің көкке өрлеп, құлақтың құрышын қандыра тыңдайсың. Қазақ әндері қазынасының ұлы көші жыл өткен сайын түрленіп, қырланып бастаудан танар емес. Талай-талай уақыттың сүзгісінен өтті, жоқшылықты да, тоқшылықты да бастан кешірді, бірақ көмескіленіп қалған жоқ. Әуелетіп айтқан сайын жарқырай түсер алтын қорыңыз осылар. Демек, шынайы шығармашылық жүректен туған нәрсе әсте ұмыт қалмайды, халықпен бірге тыныстап, бірге ғұмыр кешіп, қанат қағып, самғай береді екен.

Ұлы данышпан Абай Құнанбаев айтқандай: «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үннің тәтті оралған мәні оятар» және де осы ретте Майраның «Майра», Ғазиздің «Ғазиз», Мәрия Жагорқызының «Дудар-ай», Әсет Найманбайұлының «Инжу-Маржан», Жамбыл Жабаевтың «Уғай-ай», Шашубай Қошқарбаевтың «Ақ қайың», Кенен Әзірбаевтың «Бозторғай» деген секілді және басқа талант иелерінің, тәмам жұрт алқалаған алтын айдарлы тәтті де тәлімді туындыларын алға тартуға болады. «Ән төгілген жерде, адам тірлігі жеңілдейді» дегенді халық бекер айтқан ба. Сондай-ақ, «Ақын мен әнші адамзаттың бұлбұлы» дегенді де еске салып отыратын сол кеменгер халық.

20-30 жылдары — бұл Қазақстан мәдениетінің тарихындағы өте күрделі кезең еді, сондықтан қазақ өнеріне келеңсіз және оң әсер етті. Оң әсерлер деп, білім мен ғылым саласындағы күрт өзгерістер, әдебиет пен өнер саласындағы табыстарды айтға болады. 1939 жылы республика бойынша халықтың сауаттылығы 65%-ға, ал қазақ халқы арасында — 40%-ға жетті. 1940 жылдарға қарай еңбекке жарамды халық арасындағы сауатсыздық мүлдем жойылды деп айтуға болады. Бірақ, бір жағынан, бұл ұлттық мәдениет өзінің тарихи бастауынан ажырап қалған жылдар еді. Бұл ауыр кезең - тоталитарлық режимнің, репрессияның толқыны еді, қазақ ұлттық зиялы өкілдерінің көзін жойып, құрта бастаған кез еді.

Демек, XX ғасырдың 30-жылдары бұл жерде бірнеше театрлар пайда болды, олар бүгінгі таңда «оңтүстік астананың» жетекші сахналары болып табылады. Ұлы Отан соғысы жылдары Алматы қаласына Мәскеу, Петербург,

Киев өнер өкілдері қоныс аударды. Режиссерлер, актерлер мен сценаристтер Қазақстанда жемісті жұмыс істеді, осының арқасында Қазақстандағы театр өнері жаңа деңгейге көтерілді. Соғыстан кейін Алматы қаласының көптеген театрлары Қазақстанда, КСРО аймағында, Еуропа мен Азияда кеңінен танымал болды.

Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады, сондықтан Алматы қаласында әртүрлі ұлттық театрлар ашылды, олардың арасында неміс, корей, ұйғыр театрлары көзге түсті. Театр өкілдері әртүрлі ұлттан тұрса да олардың барлығы өз сахналарында өз халқының сюжеттері негізінде спектакльдер қойды.

XX ғасырдағы 40-50жылдары Қазақстанның мәдени өмірі қатан идеологиялық қысымға ұшырады, соның негізінде мәдени құрылыс мәдени қызметтің жекелеген түрлерін қарапайым қосу ретіндегі догматикалық түсініктер бойынша қабылданды: мектеп құрылысының дамуы, жоғары оқу орындары санының артуы, мәдени-ағарту жұмыстары және т.б. Сондықтан мәдениеттің саясатпен байланысы ең негізгісі болуы тиіс, яғни социализмнің жасампаздығын насихаттау қажет болды.

Саяси мәселелер бойынша ВКП (б) ОК Қаулысы қабылданған соң 1946 жылы 26 тамызда Қарағанды облыстық театрының репертуары күрт өзгерді. Облыстық қазақ театры өткен заманның хандары мен батырларының өмірінен алынған фольклорлық тақырыптағы пьесалардан бас тартты, өз репертуарын қазіргі заманғы қазақ және орыс драматургтерінің туындыларымен толтырды. Театрда 1949-1950 жылдары А. Корнейчуктың «Макар Дубрава», А. Сафроновтың «Московский характер» «Песня жизни», «Дружба и любовь», «Я советский врач», «Балбулак», Ф. Шиллердің «Коварство и любовь» пьесасы, балаларға арналған «Алтын сақа» және т.б. спектакль қойылымдары қойылды. Театрдың премьерлік спектакльдері қоғамның және баспасөздің оң бағасын алды. Қазақ КСР-ның 30 жылдығына арналған Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» спектаклі қойылды, спектакль қазіргі заманғы колхозшылардың өмірі туралы алғашқы қазақ пьесаларының бірі, кейін «Абай», П. Павленко «Счастье» және У.Шекспирдің «Укрошение строптивой» спектакльдерін қойды. 1950 жылы облыстық орыс драма театры И. Штоктың «Грушенька»; К. Симоновтың «Чужая тень»; С. Михалков пен Д. Самойловтың «Тайная война»; «Таланты и поклонники», А. Островскийдің «Доходное место» және «Горячее сердце»; М. Сагалович пен Б. Фаянстың «Государственный советник», Л. Компанейцтің «Человек должен жить» спектакльдерін қойды. Осы жылы Қарқаралы совхоз-колхоз театрының репертуарында Ж.Байжановтың «Жолдастар», Мұхтаровтың «Семья Алана», В. Собконың «За вторым фронтом» және С. Бегалиннің «Шолпан» қойылымдарын қойды. Алайда, шығармашылық ұжымдардың күші, мемлекеттік және партиялық органдардың Қазақстандағы театр өнерін дамыту мәселелеріне зор көңіл бөлгеніне қарамастан, театрға көрермендердің сирек келуі үрдісі жалғаса берді.

Осы жағдайға байланысты себептерін анықтау және одан шығу жолдарын іздестіру туралы өнер ісі жөніндегі облыстық бөлім меңгерушілеріне және театр директорларының кеңесі өтті (Алматы, 1951 ж.17 наурыз), кеңесте драма театрларының репертураларының жағдайы туралы мәселелер, кеңес адамының



бейнесін театрда бейнелеу, спектакльдерді шығармашылық ресімдеу сапасын арттыру мәселелері қарастырылған. Көрермендердің театрға деген қызығушылығын азайту себептерінің бірі көрермендерге ұсынылатын репертуардың жоғары деңгейі жеткіліксіз болуы еді.

Қарағанды облыстық өнер мекемелерінің 1951 жылғы 9 ай ішіндегі жұмысы туралы баяндама жазбаларынан алынған деректерге көз жүгіртсек, облыс орталағында 400 мың адам жұмыс істеді, бірақ халықтың мәдени қызмет көрсету деңгейі өте төмен күйде қалды. Облыстағы жалғыз драма театры Қарағанды қ. ғимараты болмағандықтан сегіз жыл бойы Балқаш қаласында жұмыс істеді, ол жерде көрермендер контингенті қамтамасыз етілмеді. Облыстық қазақ музыкалық-драмата театрының өз жайы болмады, сондықтан кинотеатр жайында жұмыс істеді, біресе киносеанстар, біресе қойылымдар қойылып отырды. Материалдық факторларға байланысты музыкалық мәдениетте де қарқынды дами алмады: облыстық филармонияның құрамында симфониялық оркестр мен музыкалық лекторий, хор және хореографиялық ұжымдар болмады. Филармония жұмысшылармен, репетициялық жайлармен, меншікті сахнасымен қамтамасыз етілмеді, тіпті өзінің маңыздылығы жағынан тиісті дәрежесін де ақтай алмады.

Облыстық кәсіби театрлардың қанағаттанарлық жағдайын түзетуге байланысты біздің еліміз үшін тән театрларды бір-біріне қосу мен ірілендіру тәсілі пайдаланылды: 1951жылғы 1 қыркүйектегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысына сәйкес, облыстық орыс театры тұрақты жұмыс істеу үшін Балқаш қаласынан Қарағанды қаласына ауыстырылып, Қарағанды облыстық қазақ музыка драма театрымен біріктірілді, біріктірілген орыс және қазақ театры 1953 жылға дейін бірге жұмыс істеді.

50 жылдардың соңында тыңайған жерлерді игеруге байланысты Орталық Қазақстанның ауылдарында мәдени құрылысты кеңейту мен мәдени өмірді жандандыруға үлкен көңіл бөлінді.

1954 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің «Тыңайған жерлерді игерген аудандарда еңбекшілерге мәдени қызмет көрсетуді күшейту туралы» № 388 бұйрығына сәйкес және 1954 жылғы 25 тамыздағы КСРО Министрлер Кеңесінің № 12, қаулысын орындауға байланысты республиканың концерттік ұйымдарына «1954 жылдың IV тоқсанында тыңайған жерлерді игерген аудандардың халқына мәдени қызмет көрсету үшін, ең алдымен, жаңадан құрылған колхоздардың қызметкерлері мен жұмыскерлеріне, соның ішінде Ақмола және Қарағанды облысына Қарағанды облыстық филармониясы концерттің саны 100-ден кем болмайтындай 8 концерттік бригаданы» ұйымдастыруды және жіберуді ұйғарды.

Орталық Қазақстанның театр өнерінің әрі қарай дамуына 1957 жылы алғашқы рет ұйымдастырылған Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің драма театрларының республикалық байқауы оң әсер етті, байқау жеңімпаздары Қазақстандағы алғашқы «Театр көктеміне» қатысуға жолдама алды. Байқау театр ұжымдарының шығармашылық қызметін жандандыруға, құнды шығармашылық туындыларды жасауға мүмкіндік берді. Байқау театрлардың

шығармашылық дербестігін және бастамаларын кеңейту жағдайында театр жұмысының қорытындысын шығарды, ұжымдар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді, ең озық режиссерлік, актерлік және шығармашылық-безендіру жетістіктерін анықтады. Әділқазылардың жоғары бағасы Павлодар қаласының облыстық қазақ және орыс театрларының (Н. Виртаның « Дали неоглядные»), Ақмола облыстық орыс театрының (А. Корнейчуктың «Почему улыбались звезды»), Қарағанды облыстық орыс театрының (Н. Гогольдің «Ревизор»), Қостанай облыстық орыс театрының (В.Гусевтің «Иван Рыбаков») спектакльдеріне болды.

90-жылдары КСРО құлағаннан кейін Алматы мен Қарағандының көптеген театрлары құлдырауға ұшырады, бірақ жұмысын жалғастыра берді. Бірақ сонымен қатар тоталитарлық цензурадан қорықпайтын жаңа тәуелсіз театрлар пайда бола бастады. Театр студиялары пайда болды, оның негізіне сахна шеберлігінің қазіргі заманғы еуропалық мектебі алынды, интерактивтілік пен суырып салма өнері үшін үлкен кеңістіктер ашылды. Мысал ретінде «АРТиШОК» Алматы театрын айтуға болады.

Қазіргі таңда Алматы, Астана, Қарағанды және Қазақстанның басқа қалаларының театрлары қаланың мәдени өмірінде маңызды роль алуда. Қойылымдардың әр түрлілігі (пьеса, опера, балет, ертегі) кез келген көрерменнің сұраныстарын қанағаттандыра алады. ХХІ ғасырдың басынан бері қалада құрылыс қайта жанданды: негізгі көшелер қалпына келтірілді, көшелер қала құрылысының ең бірінші жоспарында қарастырылған, тұрғын үйлер, мәдени және әкімшілік ғимараттар қайта жаңғыртылды, қазіргі заманғы эстетиканың талаптарына жауап беретін жаңа сауда орталықтары салынды, жаңа парктер салынуда.

Қарағанды тарихы АЛЖИР және Карлаг лагерьлерімен тығыз байланысты. Карлаг, КСРО ғылымы мен мәдениетінің көптеген өкілдерінің тұтқында отырған жері Қарағанды мәдениетінің бір ошағына айналды. Олар бірегей мәдени мұраларын өмірдің азапқа, қайғы-қасіретке толы кезеңде қалдырды. Тұтқында отырғандардың күшімен кеңес мерекелеріне арналған концерттер мен спектакльдер қойды. Суретшілер безендіру жұмысымен айналысты. Карлагта тіпті балет қойылғаны белгілі. Мұның барлығы, негізінен жоғары кәсіби деңгейде болды. 30-жылдардың соңында Қарағанды бейнелеу өнерінің тарихы бастау алады. Қазақстандағы өнердің жаңа кезеңінен тұтастай дамуының алғышарты қаланды. Жер аударылған көптеген тұтқындар кейін қалада қалып, қала мәдениетіне айтарлықтай үлес қосты. Қала құрылысын жандандыруға неміс және жапон әскери тұтқындары да қатысты. Қала аумағында 50-ден астам тарих пен мәдениет ескерткіші бар: Кеншілер мәдениет сарайы, Н.Әбдіров атындағы спорт сарайы, К. Станиславский мен С. Сейфуллин атындағы театрлар, «Чайка» қонақ үйі, цирк ғимараты, «Шахтёр» стадионы, Н.Әбдіров, Бұқар жырау, Ғ. Мұстафин, А.Байжанов, «Кеншілер даңқы», «Мәңгілік алау» ескерткіштері, Ауғанстанда қаза тапқан қарағандылық жауынгерлердің құрметіне арналған мемориалдық сәулет ансамблі.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры 1932 жылдан бері жұмыс істейді. 1964 жылы театрға қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі

С. Сейфуллиннің есімі берілген. Театр М. Әуезов, Г. Мүсірепов, С.Мұқанов және т.б. қазақ драматургтерінің пьесаларын қойды. 1996 жылғы IV республикалық фестивалде Қарағанды қазақ драма театры екінші орын алды. Қарағанды қазақ драма театры VII республикалық фестивалде Г. Гориннің «Атың шықпаса» пьесасы бойынша спектакль үшін «Гран-при» жүлдесіне ие болды. Қазіргі кезде театрда 8 сахна жетекші шебері мен жоғары категориядағы 12 актер ойнайды. 2008 жылы желтоқсанда Бұқар жырау көшесі бойындағы жаңа ғимарат ашылды. Жаңа театр Бұқар жырау мен Бейбітшілік көшесі қиылысындағы бұрынғы «Жазғы театрдың» орнына салынды. Халықтар достығы мемлекеттік орденді, атақты режиссер К.С.Станиславский атындағы Қарағанды орыс драма театры 1930 жылы салынды. 1963 жылы драма театрға режиссер К. С. Станиславскийдің есімі берілді. 1981 жылы театрға елу жыл толу құрметіне байланысты Халықтар достығы орденімен марапатталды. Театр сахнасында Қазақ КСР халық әртістері: В. В. Караваев, А.А.Демидова, В.Ф.Корниенко, В.К.Борисов, Қазақ КСР еңбегі сіңген әртістері Т.Ф.Зеленин, Т.А.Давыдова, Д.А.Белов, В.Т. Макуш, А. П. Зимарёва, қазіргі кездегі труппадағы Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген әртістері А. В. Григоров, Н. Ф. Штоколова, әртістер Т. А. Федоренко, В. Г. Злобин, Л. М. Пекушева, И.Ф.Городкова, И. С. Немцев, А. П. Кочемаскин, Г. А Турчина, О.В.Миронов ойнайды. Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры 1973 жылдың 17 қарашасында құрылған. Театр негізін КСРО-ның басқа қалаларында жұмыс істейтін актерлер құрады. Олардың қатарында РСФСР халық әртісі Игорь Войнаровский, РСФСР еңбегі сіңген әртісі Нина Симонова бар. Солармен қатар консерваториялардың, театр және музыкалық оқу орындарының жас түлектері лайықты орын алады. 2000 жылы театрға «Академиялық» деген атақ берілді. Қазіргі кезде Қарағандыда 4 қазіргі заманғы кинотеатр бар, бірақ 1980 жылдарға қарағанда азырақ. 1990 жылдары «Мир», «Қазақстан», «Юбилейный», «Родина» кинотеатрлары жойылды (олардың орнына City Mall сауда кешені салынды, онда Cinema Town үш зал кинотеатры бар), «Маяк» (қазіргі кезде мешіт). 90 жылдардың соңында «Аврора» кинотеатры «Сарыарқа» кинотеатрына айналды, 2007 жылы қазіргі заманғы екі залдан тұратын кинотеатр қайта жаңғыртылды. «Ленин» кинотеатры — Қарағанды облысындағы қазіргі кезде қолданыстағы кинотеатрлардың ескісі. Кинотеатр 1960 жылы сәуір айында ашылған. 2002 жылы қайта жаңғыртылып және техникалық құралдармен қайта жабдықталды. Кинотеатр екі залдан тұрады, әрбір залдың сыйымдылығы - 160 орын.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1932 жылы политехникалық ретінде құрылды, ал 1938 жылы облыстық өлкетану мұражайы деп аталды. Қазіргі кезде мұражайда 3 ғылыми-зерттеу бөлімі бар: жалпы тарих, археология және этнография, қазіргі заманғы тарих және экскурсиялық-бұқаралық жұмыс. Мұражай қорында 134 810 экспонат бар. Мұражайдың жалпы ауданы 1 800 м<sup>2</sup> құрайды. Мұражай экспозициясы 14 залда орналасқан. Қарағанды облыстық бейнелеу өнерінің мұражайы 1988 жылы ашылған. Мұражай коллекциясында кескіндеме, график, мүсін, декорациялық-қолданбалы өнердің 8 мыңнан астам туындысы есептелген. Мұражай халық

арасынан өнер туындыларын жинаушы, жинақтаушы, сақтаушы және көрмеге қоюшы ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту бөлімшесі болып табылады. Мұражайға жыл сайын 60 мыңдай келушілер келеді. Мұражайда атақты қазақстандық суретшілерінің жұмыстары сақталады. Қарағанды экологиялық мұражайы — экологиялық мәдениетті сақтау мен дамытуға, халықтың экологиялық ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету сай жұмыс істейді. Псевдореалистік мәнерде құрылған интерактивті экспозициялар Орталық Қазақстанның өзекті экологиялық проблемалары және Семей яролық полигонындағы ядролық сынақтардың зардаптары туралы баяндайды. Мұражай Байқоңыр космодромының тарихын және проблемаларын, жергілікті ауыр өнеркәсіп проблемарына үлкен көңіл аударады.



## Кеңестік кездегі Қазақстанның кино және кескіндеме өнерінің дамуы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
профессоры, т.ғ.к.  
С.Д. Шаймұханова*

Қазақстан мәдениетінің барлық салаларының дамуына байланысты қазақ кино өнерінің пайда болуы синтетикалық өнер ретінде кино өнерінің қалыптасу процестерін күрт жеделдетті. Кино өнері театр, музыка, кескіндеме, мүсін, сәулет сияқты өнердің басқа түрлеріне қарағанда ғылыми және техникалық жаңалықтар, қоғамдық қатынастардағы төңкерістер мен мәдениеттегі жоғары сілкіністер болған ХХ ғасырдағы адамзаттың дамуының жоғары сатысында пайда болды және дамыды.

Қазақстан аумағында алғашқы киносеанс 1910 жылы болды. Бірақ бұл айтулы күн өлкедегі кинематографтың бірлескен таралуының басы болып табылмайды. Бұл жай ғана алыпсатарлардың кино нарығын жаулауға деген әрекеті еді. Сол кездегі кинотехниканың өте төмен деңгейі, өлкенің экономикалық тұрғыдан артта қалуы, халықтың шашыраңқы орналасуы мен жолсыздық жағдайы фильмдердің тұрақты болмауына және барлық жерде көрсете алмауға себепкер болды. Сол кезеңде фильмдерді тек кейбір ірі қалаларда ғана көруге болатын, ал алыстағы ауылдардың көп жылдар бойы кино туралы ешқандай мағлұматтары болмады.

1925 жылдан бастап Қазақстанның кинодағы алғашқы қадамдары жасалды. Бұл Қызылорда қаласында өткен Республика Кеңесінің V съезінде хроникалық түсірілімдер еді. 1925 жылы Қазақстан туралы алғашқы деректі фильм түсірілді. «Қазақ АКСР-і құрылуының бес жылдығы» атты атаудың өзі оның мазмұнынан хабар беріп тұрғандай. Фильмде қазақ даласындағы Кеңес өкіметінің алғашқы қадамдары, құрылғанына бес жыл болған жас республиканың табыстары туралы баяндалады. Кинематограф осы фильмнің пайда болған сәтінен бастап Қазақстан еңбекшілерінің өмірінен алынатын тақырыптарға қызығушылық танытады және қазақтар туралы фильм жасауға әрекет етеді. Кино қазақ халқы үшін неғұрлым қол жетерліктей көрініске айналды. Көшпелі кино алыс ауылдарға барып, хроникалы-деректі, үгіт-насихат түрдегі фильмдерді көрсетті.

Қазақстанға арналған алғашқы көркем фильмдер экранға өткен ғасырдың 20-30 жылдары шықты. «Боран», «Дала әні», «Жұт», «Түрксіб», «Тайна Каратау», «Жау соқпағы» кино фильмдерінде қазақ халқының тұрмыс салтының әртүрлі жақтары баяндалады. Осындай кинолардың пайда болуы республикадағы дамып келе жатқан кино өнерінде елеулі жаңалық болып

табылды және патшалық Ресейдің артта қалған түкпірлерінде мәдени революцияның дамуына маңызды әсер етті. Бұл кинолар ұлттық қазақ кино өнерінің іргетасын қалады. Қазақстанның ұлттық кино өнерінің пайда болуы мен дамуына қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері белсене қатысты, мысалы, Мұхтар Әуезов - «Райхан», «Абайдың әні» фильм сценарийлерінің авторы; Ғабит Мүсірепов, «Амангелді», «Махаббат туралы поэма», «Сарбаздың ұлы», «Қыз-Жібек» сценарийлерін жазған; Әбділда Тәжібаев, оның сценарийі бойынша «Жамбыл», «Бұл Шұғылада болған» фильмдері түсірілген. Республикадағы жетекші драматургтердің бірі - Шахмет Құсайынов Владимир Абызовпен бірге «Қыз-жігіт», «Біз осында тұрамыз» фильмдерінің сценарийін жазды. Бұл жазушылардың Қазақстан кинематографиясының дамуына қосқан үлесі тек сценарийлер жазумен ғана шектелмей, «Қазақфильм» киностудиясының барлық қызметіне белсене қатысумен, жаңа шығармашылық және режиссерлік сценарийлерді талқылау, фильмдегі актерлерді рольдерге бөлу, картинаның музыкасын, декорациялардың эскизін және персонаждардың костюмдерін бекіту, түсірілген материалдарды көру, түсіріліп біткен фильмдерді экранға шығару туралы мәселелерді қарастырудан тұрады. Олар қазақ киносының шығармашылық бағыттағы жекелеген проблемалық мәселелер бойынша пікірталастарға белсене қатысты. Олардың қызметі тұрақты және іскерлік сипатта болды. Мұхтар Әуезов, мысалы, өмірінің соңғы күніне дейін «Қазақфильм» киностудиясының шығармашылық кеңесінің мүшесі болды.

Бұл жазушылардың шығармашылығының ең бастысы мынада, олар ұлттық кино өнеріне проза, поэзия, драматургия сияқты қазақ көркем әдебиетінің әртүрлі жанрдағы бай тәжірибесі мен дәстүрін әкелді. Бұл мазмұны бойынша әлеуметтік және түрі бойынша ұлттық өнер ретінде отандық кинематографияның қалыптасуындағы шешуші қадам болып табылды. Республикадағы кино өнерінің қалыптасуы мен дамуындағы актерлердің ролін қайта бағалау қиын. Бұл ретте қазақ киносы әлемдік көркем кинематография толық мағынада қызықты және сөйлейтін кезеңде пайда болғанын, яғни кез келген халықтың көркем киносы актерсіз болмағанын ескеру қажет. Актерлердің ролі енді ғана қалыптасқан ұлттық кино өнерінде маңызды еді.

1926 жылы алғашқы қазақ театры ашылды. Оның актерлік құрамы негізінен көркемөнерпаздар есебінен жинақталған еді, олардың арасында тамаша әртістер шықты: Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Шәкен Айманов, Қапан Бадыров және т.б. Олар ұлттық театр өнерінің және республикадағы кинематографияның алғашқы қарлығаштары еді. Олар түспеген бірде-бір қазақ киносы жоқ. Олар бір картинадан келесі картинаға дейін шығармашылық жағынан шарықтады, кино актерінің шеберлік ерекшеліктерін табанды игере отырып, ұлттық кинематографияның алға қарай дамуына маңызды үлес қосты. Киноға тұрақты түсетін актерлердің қатары жыл сайын толығып отырды. Нұрмұхан Жантөрин, Әмина Өмірзақова, Ыдырыс Ноғайбаев, Сейфолла Телғараев, Кененбай Қожабеков, Зәмзәгүл Шарипова, Лола Әбдіқаримова, Фарид Шарипова, Сәбира Майқанова, Асанәлі Әшімов, Рахметолла Сәлменов,

Қасымхан Шанин және т.б. фильмдерге түсіруде өздерінің жарқын таланттарын көрсете білді. Қазақ актерлері түскен Абай – «Абайдың әні», Нұржамал «Дала қызы», Амангелді «Амангелді», Амантай «Ботагөз», Жамбыл «Жамбыл», Шоқан «Оның сәті келді», ана «Ана туралы аңыз» кинолары кеңестік кинематографияның алтын қорына енді.

Қазақстанның ұлттық кино өнерінің дамуына республиканың кескіндеме және музыка өнерінің өкілдері де маңызды үлес қосты. Осыған байланысты алғашқы қазақ суретшілерінің бірі – Құлахмет Қожықовты атап өтуге болады, ол Абай Құнанбаев пен Тарас Шевченконың шығармаларына иллюстрация жасаған. Оның үлкен талант екенін «Ташкент трактісі» және «Ауыл» суреттерінен көруге болады. Өз халқының өмірі мен тұрмысын терең білу, айналадағы құбылыстардың мағынасын анық әрі дәйекті бейнелей білуі Құлахмет Қожықовта оның кинодағы алғашқы жұмысында - «Жамбыл» фильмін көркем рәсімдеу нобайында байқалды (1943). Суретші жай кескін сызықтар арқылы қарындашпен қазақтардың ауыр өмірі мен қайғысын таныта білді, сәтті композициялық және бейнелеу-эмоциялық шешімдерді тапты. Қазақ киносының ұлттық өзіндік ерекшелігі фильмдердің экстерьері мен интерьерінде бейнеленді. Құлахмет Қожықов «Абайдың әні», «Алып туралы ән», «Домбыра үнімен», «Бұл шұғылада болған», «Менің атым Қожа», «Алдар көсе» фильмдерінде декорациялық элементтердің көлемді-кеңістігін, қазақ даласының табиғатын, тұрмыстық жайларды сәтті бейнеледі. Орта Азия мен Қазақстан Республикаларының төртінші кинофестивалінде (1965) «Алдар көсе» фильмінде сәтті кескіндемелік бейнелеулер көзге түсіп, Құлахмет Қожықов арнайы дипломмен марапатталды.

Республиканың жетекші композиторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Сыдық Мұхамеджанов, Еркеболат Рахмадиев, Нұрғиса Тілендиев, Ғазиза Жұбанова көптеген фильмдер үшін музыка жазды. Олар біздің жазушыларымыз, актерлеріміз, суретшілеріміз сияқты жас қазақ кино өнеріне өз жанрындағы бай тәжірибе мен дәстүрлерді енгізді. XX-ғасырдың 20 жылдарына дейін Қазақстан аумағында тек жиырма киноқондырғы ғана жұмыс істесе, ал 1963 жылы алты жарым мың киноқондырғы жұмыс істеді. Фильмдерді орыс тілінен қазақ тіліне аудару фонограммасы бойынша жасалған жұмыстың арқасында көп ұлтты кеңестік кинематографияның және шетелдік кинолардың ең озық туындылары қазақтар үшін үлкен жетістік болды. Көркем, деректі және ғылыми-танымал фильмдерді кеңінен көрсету, олардың халықтың көп көруі, еңбекшілердің эстетикалық талғамын арттыруға елеулі үлес қосты. Кино бұқаралық және қол жетерлік өнер ретінде қазақ халқының өмірлік қажеттілігіне айналды. Бұл жағдайдың ерекшелігі, өйткені көрермендердің фильмдерді бағалай білуі маңызды. Көрерменді тәрбиелеу, көрерменнің бойында белгілі бір эстетикалық талғамының болуы мен көзқарасы кино өнерінің табысты дамуын қамтамасыз ететін шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Қазақ театр, музыка және кескіндеме өнерінің, көркем әдебиеттің, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, халықтың мәдени, жалпы білім беру деңгейінің үздіксіз артуы, ұлттық зиялық қауым өкілдерінің өсуі, қазақ кеңестік

кино өнерінің қарыштап алға дамуына мүмкіндік берді. Бұл, әрине, заңды құбылыс, өйткені кино синтетикалық өнер ретінде талантты актерлерсіз, суретшілерсіз, композиторларсыз, кинодраматургияның дамуына үлес қосатын жазушыларсыз пайда болып әрі дами алмас еді. Қазақ киносы бірнеше күрделі кезеңдерді бастан кешті – ұзаққа созылған қажырлы күрестер мен ізденістер кезеңі, танымды көріністен жасанды өнерге дейін кинематографияның даму мерзімі. Қазақ киносы қазіргі заманғы кинотехниканың дыбысталу, түрі және басқа жетістіктері танылған және табысты игерілген кезде, қазақ мәдениетінің барлық салалары жан-жақты кәсіби дами бастаған кезде пайда болды. Алайда қазақстандық кино өнері шашыраңқы пайда болған деген тұжырым жасауға болмайды, қазақ көркем әдебиетінің қалыптасуы, сондай-ақ республикада театр, музыка және кескіндеме өнерінің қалыптасуымен бірге дамыды.

1929 жылы Алматы қаласында "Востокфильм" Бүкілресейлік трестің өндірістік бөлімшесі болып табылатын алғашқы киностудия құрылды. Монтаждау және мультипликациялық зертханалар, жазуларды түсіру бойынша цех құрылды. "Востокфильм" трестің өндірістік бөлімшесі оны ұйымдастырушылардың пікірлері бойынша Алматы қаласында болашақта киностудияны құру үшін база болуы тиіс. Алайда "Восток-фильм" трестің өндірістік қазақ бөлімшесі аз уақыт қана жұмыс істеп 1931 жылы жабылып қалды. "Востоккино" басқармасы барлық жұмыстарды Мәскеуге ауыстырды. Бөлімшенің жабылу себептері, негізінен, техникалық базаның әлсіз болуы және кино үшін сценарийлердің болмауы еді.

Өткен ғасырдың 30-жылдардың алғашқы жартысында қазақ көркем әдебиеті нығаю жолына түсті. 20-жылдардың екінші жартысында құрылған қазақ театры көптеген елеулі табыстарға қол жеткізді. Сол кезеңде Қазақстанның музыкалық мәдениеті шығармашылық тұрғыдан биікке көтерілді. Қазақ кескіндеме өнері кәсіби шеберлігі жағынан да дамыды. Қазақстанның ұлттық кино өнерінде кино өндірісінің техникалық базасы болмады, сондай-ақ инженерлік-техникалық және шығармашылық кадрлар болмады. Бұл ұлттық кино өнерінің дамуына елеулі әсер етті. Қазақ киносының алғашқы қарлығаштары өнердің жаңа түрін жасау мен дамыту үшін туған мәдениетінен барлық керекті, пайдалы және іске асатын жайларды зерделеуге, талдауға және пайдалануға тырысты. Бірақ, кино өнерінің дамуы үшін, ең бастысы, күшті материалдық-техникалық базасының, маман кадрлар мен кинодраматургияның кәсіби шеберлері болуы тиіс еді. Олар бір-бірін толықтырады, бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Алматы қаласындағы кино өндірісінің тоқтап қалуы және Қазақстан туралы фильмдер бойынша жасалған барлық жұмыстардың Мәскеу қаласына ауыстыру кино өндірісіндегі осы негізгі үш компоненттің болмауына байланысты. Тек үш жылдан кейін ғана бұл проблема шешімін тапты, яғни 1934 жылы Алматы кинохроника студиясы ұйымдастырылды. 1941 жылы Қазақ КСР Халық комиссары Кеңестің 1941 жылғы 12 қыркүйектің № 762 Қаулысы негізінде Алматы көркем фильмдер киностудиясы құрылды. 1941 жылдың 15 қарашасында Алматы киностудиясы Қазақстанға қоныс аударған «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларымен бірге – Біріккен Орталық киностудиясының құрамына



енді. Ол БОК Алматы қаласында 1944 жылға дейін жұмыс істеді, соғыс жылдарында барлық отандық шығармашылық фильмдердің 80%-ы түсірілді. 1944 жылы 25 қаңтарда Алматы киностудиясы Алматы көркем және хроникалық-деректі фильмдер киностудиясы деп аталды. 1945 жылы «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудиялары көшіп кеткеннен кейін, Алматы көркем және хроникалық-деректі фильмдер киностудиясы дербес жұмыс істей бастады. Осылайша, алғашқы кезеңде қазақстандық кинематографтың қалыптасу процесі күрделі және бірқатар кемшіліктерге толы болды, мысалы, көркем әдебиеттің, актерлердің, композиторлардың, суретшілердің, материалдық-техникалық базасының, біліктілігі инженер-техникалық кадрлардың жетіспеушілігі, жоғары өндіріс мәдениетінің төмен болуы. Бірақ кейін 50-жылдарға қарай бұл проблема мүлдем жойылды және XX ғасырдың екінші жартысынан бастап отандық кино индустриясының өрлеуі байқалады.

Қазақстанның кино өнері туған халқының рухани мәдениетін дамытуға өз дарыны мен шеберліктерін беруге тырысқан хас таланттардың тегеурінді ұмтылыстары арқасында дамыды. Қазіргі кезде бұл адамдар үлкен шығармашылық өмірмен өмір сүретін және өзінің барлық күш-жігерін үздік кино туындыларын шығаруға жұмсайтын ұжымды құрайды. Бұл ұжым «Қазақфильм» киностудиясы. Қазақ кино өнерінің көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық табыстары олардың табанды, жігерлі ізденістерімен, неғұрлым мазмұнды жаңаша ізденістерге ұмтылуы, барынша өткір және көкейкесті проблемаларды шешуге, барынша көркем түрлерді таңдауға деген шеберліктерімен байланысты. Осы ізденістер нәтижесінде халық барынша ұнатқан фильмдер пайда болды: «Қыз-жігіт», «Біздің сүйікті доктор», «Ана туралы аңыз», «Менің атым Қожа», «Алдаркөсе» және т.б. Кеңес кезінде қазақ киносының туындылары Бүкілодақ экранында табысты көрсетілді. Қазақстан кинематографисттері Мәскеу, Ленинград, Киев, Минскіде бүкілодақтық кинофестивальде және Азия мен Африка елдерінің халықаралық кинофестивальіне қатысты. Көптеген қазақ режиссерлері мен актерлері осы фестивальде құрмет дипломдарымен марапатталды.

Кино күрделі өнер ретінде тек өнер адамдарынан да, басқа мамандықтағы адамдардан да, мысалы костюмерлер, реквизиторлар, грим жасаушылар, монтаж жасаушылар, режиссердің ассистенттері, операторлар, суретшілер, өндірістік цехтың шеберлерінен де ұжымдық күш-жігерді талап етеді. Оларды әдетте фильм титрінде көрсетеді, картинаның жасалуына маңызды үлес қосады. Қазақ кино өнеріне өзінің бүкіл саналы ғұмырын арнаған тұлғалардың қатарында Ф. Лелюх, А. Шевелев, К. Юманков, З. Бошаев, Т. Бейбітов, Е. Дергачева, инженерлер Ю. Бреус, Е. Белоконь, Л. Касперский және т.б. бар. Қазақ киносының дамуына айтарлықтай үлес қосқандар кино өнерінің шынайы патриоттарына айналды.

Шығармашылық және инженерлік-техникалық қызметкерлердің қатары жыл сайын жас мамандармен толықтырылып отырды, олар арнайы білімді Мәскеу қаласындағы Мемлекеттік кинематография институтында және Ленинград киноинженерлер институтында алған. Олардың кейбіреулері қазіргі

кезде атақты режиссерлер. «Қазақфильм» киностудиясы құрылған сәттен бастап жарты ғасыр өтті. Студия жыл сайын кеңейеді, өндірістік технология жетілдіруде. Қазақ кино өнерінің даму перспективасы жаңа түсіру алаңдарын салу, республиканың табиғи-климаттық мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажеттіліктерін тудырды. «Қазақфильм» киностудиясының құрылу тарихынан бастайық. 1960 жылы қаңтар айында Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің бұйрығымен бұл студия «Қазақфильм» киностудиясы деп аталды. 1984 жылы «Қазақфильм» киностудиясына ұлттық кинематографияның көрнекті өкілі Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың есімі берілді. Шәкен Айманов – қазақ кинематографының жетекші актері мен режиссері, КСРО халық әртісі, аңыз әңгімелердің басты кейіпкері – Алдар көсе туралы фильм түсіруді көп жылдар бойы армандаған. Ол осы фильмнің идеясын өзі ұсынған және барынша жарқын эпизодтарды таңдап алды. Фольклорлық тақырыпқа арналған бірде бір қазақ фильмінің болмауы оның жанына қатты батты. Осындай картинаның кейіпкері болуы үшін оның өзі халықтың арасында барынша танымал болуы тиіс еді, әзіл-оспақты жаны сүйгіш, қалжыңқой, шаршауды білмейтін Алдар көсе сияқты көңілді болуы тиіс еді. Шәкен экранда халықтың сүйікті кейіпкерін барынша анық бейнелеуге тырысты. «Ол Алдар көсе бойынан өз халқының талантын көргендей, қолында қылыш тұрса, аузында ақыл, даналық есетін кейіпкер еді», - деп еске алады сценарий авторы Л. Варшавский. 1964 жылы «Алдар көсе» фильмі экранға Ш.Аймановтың қоюымен шықты. Бұл фольклорлық материалды пайдаланудың бай тәжірибесі еді, бір сюжеттен басқа сюжетке ауысып отыратын ертегі кейіпкері нақты биографияға ие болды.

Қазақ көркем кинематографының бастауы 1938 жылы шыққан «Амангелді» киносынан бастау алады. Бұл ұлттық фильм жасаудағы алғашқы әрекет еді, «Ленфильм» киностудиясы базасында түсірілді. Қазақ халқының даңқты ұлы, азамат соғысының батыры Амангелді Иманов туралы кино түсіру идеясы көрнекті жазушылар Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповке тиесілі еді. Қазақстанның тумасы, сол кезеңде атақты драматург, жазушы Всеволод Иванов сценарий жазуға шығармашылық тұрғыдан көмектесті. Ол қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, тұрмысын зерттеді, ал Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов драматургиялық шеберліктің негізін қалады.

«Амангелді туралы фильм» - қазақ халқының шынайы өміріне арналған алғашқы толық метражды фильм. Кеңестік кинематографияның озық дәстүрін жалғастырды: «Чапаев», «Біз Кронштадттанбыз», - деп жазды «Казахстанская правда» газеті. Ерлік пен батырлыққа толы бұл кинолента төңкеріс алдындағы қазақ даласының шынайы бейнесін айқын көрсете білді. 1916 жылы Торғай даласындағы ұлт-азаттық қозғалысын бастаған Амангелді Имановтың қаһармандық бейнесі халықтың төңкеріс алдындағы толқуларын тудырды. Сценарийдің өзінде болашақ фильмнің халықтық идеясы анық ескерілді. Ол идея экранда шеберлікпен берілген. Картинаның режиссері М.Я. Левин әлі жас ұлттық кино үшін осы алғашқы кино туындының маңыздылығы мен мағынасын түсіне отырып, фильмге үлкен жауапкершілікпен қарады. Екінші режиссер ретінде кино саласында елеулі тәжірибе жинақтаған Б.А. Медведевті және бас оператор ретінде түсірудің майталман шебері Х.М. Назарьянцты шақырды.

Фильмге арнап жазылған музыканы жас композитор Ахмет Жұбанов жазды. Басты рольдерге ұлттық сахнаның маңдай алды актерлері шақырылды – Елубай Өмірзақов, Қалибек Қуанышбаев, Сералы Қожамқұлов, Шара Жиенқұлова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков. Олар кейін естеліктерде жазғандай, сол кезде өздерін ишара, ыммен сөйлеу, қозғалысты, ырғақты бақылауға қабілетті театр сахнасының кәсіби шеберлері ретінде сезінгендерін айтады. Бірақ камера алдындағы алғашқы жұмыс кинода театр тәсілдері мен әдістерін соқыр түйсікпен қолдануға болмайтынын түсінді, яғни өнердің жаңа түрі жаңа техниканы, жаңаша актерлік ойындарды, жаңаша кино мәдениетін талап етті. Осылайша, кинематограф актерлерге жаңа мүмкіндіктерді іздестіру, актерлік шеберлігінің ауқымын кеңейтуде қатаң талаптар қойды.

«Амангелді» фильмінің экранға шығуы республиканың мәдени өмірінің үлкен жаңалығы болып табылды. Фильм түсірушілер Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Демек, алғашқы қадам жасалды, алайда тұтқиылдан басталған соғыс әлі жас қазақ кинодраматургиясының жүзеге асатын көптеген жоспарларына кедергі жасады. 1941 жылы Алматыда Біріккен Орталық киностудиясы (БОК) құрылды, оның құрамына Алматы киностудиясымен қатар Алматыға қоныс аударған «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудиялары жұмыс істеді. Олардың республикаға келуі, жергілікті мәдениет өкілдерінің кәсіби шеберліктері жоғары мамандармен - С.Эйзенштейн, В. Пудовкин, И. Пырьев, Б. Бабочкин, В. Марецкой, Э. Тиссэ, И. Москвин және т.б. тығыз шығармашылық жұмыс істеуі өз жемісін берді. Орта буынды мамандарды оқыту қолға алынды, актерлік киномектебінде әртістердің біртуар саңлақтар тобы қалыптасты, өз сценаристері, режиссерлері, операторлары пайда болды. Соғыстың ауыр күндері, қаза тапқандардың санының артуы, орны толмас шығындар, ел басына төнген қауіпті күндерді сейілту үшін халықтың біртұтас жұмылуы мен жеңіске деген берік сенім қазақ және орыс халқының мызғымас достығын нығайтты. Мұның барлығы қазақ кинематографистерінің тұтас буыны үшін үлкен кәсіби мектепке айналды. Осы тығыз байланыс мәскеуліктер мен ленинградтықтар көшіп кетсе де жалғаса берді. Бұған дәлел соғыстан кейінгі жылдары қазақтың атақты ақыны туралы Н.Погодин мен Ә.Тәжібаевтың сценарийі бойынша режиссер Е.Дзиган «Жамбыл» фильмін түсіруі, кинода төңкерістен кейінгі қазақ халқының өмірінен орын алған өзгерістер арқау болған.

Фильмге республикамыздың атақты актерлері – Құрманбек Жандарбеков, Қапан Бадыров, Кененбай Қожабеков және театр мен кинода өнердегі жолын бастаған Шәкен Айманов түсті. Режиссер Ефим Дзиганның көреген даналығын атап өтуге болады, яғни Шәкеннің бойындағы тұнып тұрған күшті және шығармашылық ауқымдылықты тани білді. Айманов бейнелеген көреген абыз, ақын, туған халқының ұлы - Жамбыл бейнесі актерлік шеберліктің жарқын шыңы болып қала береді. «Жамбыл» фильмі біздің елімізде және шетелде де көрермендер қуанышына ие болды. Қазақ халқының музыкаға, әнге, күйге, әзілдер мен өткір қалжыңдарға деген сүйіспеншілігі кинокомедия жанры бойынша экрандағы көріністерден орын алды. Осы жанрдағы фильмдер түсірудің алғашқысы әрі сәтті түскені Ш. Құсайынов пен В. Абызов сценарийі

бойынша түсірілген «Қыз-жігіт» комедиясы. Көрікті қыз Ғалия мен бақташы жігіт Айдардың арасындағы махаббат тарихы бір сюжетті құрайды, онда комедиялық жағдайлар көп, диалогтар өткір қалжындарға толы, сатиралық эпизодтары көп. Басты рольдегі Лола Абдукаримованың бейнесі ерекше мерекелік көңіл күй танытады, оның ролінен көңілді тентек қызды, қыздарға тән қулықты, батыл шабандоз қызды көруге болады. Сонымен қатар тамаша актерлік ансамбльді М. Сүртібаев, К. Қожабеков, К. Байсейітов, В. Сошальская, С. Телгараев, Б. Римова, С. Қожамқұлов және т.б. болды.

Осы кезеңде тамаша қазақ суретшісі Әбілхан Қастеев (1904-1973) – Қазақстанның тұңғыш кәсіби суретшісі, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ КСР халық суретшісі тамаша өнер туындыларын салды. Қазақ кескіндеме өнерінің негізін салушылардың бірі, кескіндемеші, график-суретші. 1929-1936 жж. Н.Г.Хлудов (Алматы қ.) және И.И.Бродской (Мәскеу қ.) шығармашылық студияларында білім алған. XX ғасырдағы Қазақстанның өзіндік шығармашылық жылнамасын құрайтын 2000 астам картиналар, акварельдер мен суреттердің авторы. Оның жұмысының негізгі бөлігі Алматы мен Мәскеу қалаларының мұражайларында сақталуда. Суретші қордың құжаттық материалдарын сыйға тарту ретінде 1962 жылы мұрағатқа тапсырған. Оларды сипаттау нәтижесінде 96 іс тұжырымдалды, сол бойынша тізімдеме жасалды. 1927-1962 жылдар кезеңіне жататын қордың құжаттық материалдарының негізгі бөлігі суретшінің жасанды картиналары мен нобайлары (май, акварель, қарындаш) арқылы берілген. Қор құрамында биографиялық сипаттағы құжаттардың шағын тобы бар (фотографиялар, суретшінің сөйлеген сөздерінің мәтіндері, Ә. Қастеевтің шығармашылығы туралы пікірлер мен рецензиялар).

Николай Гаврилович Хлудов – алғашқы орыс суретшілерінің бірі, соның арқасында XIX ғасырда кескіндеме өнерінің нақты мектебі қалыптаста бастаған және сол бойынша Қазақстан аумағында өзінің ізбасарлары пайда бола бастаған. Суретші саяхатқа көп шыққан, Орта Азия мен Қазақстанның өмірі мен тұрмысын бейнелейтін суреттер салған, соның негізінде оның кескіндеме туындары жарық көрген. Қазақстанның алғашқы суретшілері: Ә.Қастеев, А.Бортников, Н. Савельев. С. Чуйков сияқты суретшілердің кәсіби тұрғыдан дайындалуы үшін шеберханасын берген, олар сурет пен композицияның негіздерін меңгеріп, ең бастысы, табиғатқа және адамзат баласына деген сүйіспеншілікті шығармаларына арқау етті. 1920–1930 жж. коллекция, негізінен, шынайы салынған акварельдер және суреттермен салынды. Ә. Қастеев, А. Исмаилова, К. Ходжикова, Х. Ходжиковалардың алғашқы жұмыстары сол кезеңді бағалаумен, бейнелеудің айқындығы, терең жеке және ішкі сезімдерді айқын бейнелеумен құнды.

Кеңес халқы үшін XX ғасырдың 30-50 жылдары азапқа толы жылдар болды, өйткені сол кезеңде саяси репрессиялар жүзеге асырылды. ГУЛАГ (лагерьлерді бас басқару) КСРО-ның барлық аймағында «өрмекші тор» күйінде торлап алды, ИТЛ – түзету еңбек лагерлері. Оның ірі бөлімі «КарЛАГ» еді, ол Долинка кентінің ортасында орналасқан, Қазақстан лагерлерінің барлық жүйесі бойынша КарИТЛ орналасады. Лагерге келген тұтқындар арасында –

Александр Леонидович Чижевский, Лев Михайлович Премиров, П.Антипов, А.Васильева, Ю.Й.Соостер суреттері сақталған. 90 жылдары осы тақырыпты қарағандылық суретшілер С.Калмаханов, А.Осипенко, А.Цой, П.Реченский репрессияға ұшыраған адамдардың қайғы-қасіретін көрсете білген. Карлаг тұтқыны – Фризен Павел Петрович (1887-1978) мерзімін өтеп шыққаннан кейін Қарағанды қаласында қалды, Кеншілер мәдениет сарайында қалалық кескіндеме студиясын көп жылдар бойы басқарды. Қоныс аударылған неміс ұлтынан Владимир (Вольдемар) Александрович Эйферт (1884-1960) – көрнекті кескіндеме, педагог және 50-жылдардағы Қарағанды кескіндеме студиясын басқарды.

Солардың арасында Долинка кентіндегі Карлагта, Малиновка кентіндегі (АЛЖИР) «Гулаг суретші әйелдері» 30-50жылдары: Ермолаева Вера Михайловна (1893-1937) – көрнекті кескіндемеші, кітап график-суретшісі. 1935 жылы тұтқынға алынған және «КСРО НКВД кезіндегі ерекше кеңестің» шешімімен «әлеуметтік қауіпті элемент» (ӘҚЭ) бабы бойынша ИТЛ-ға 3 жыл мерзімге сотталған. Мерзімі аяқталған соң 1937 жылы Қарағандыда ату жазасына кесілген.

Изнар Наталья Сергеевна (1893-1967) - жоғары білікті суретші, акварельші. Ол Мәскеу қаласында 1937 жылы желтоқсанда сотталған, Бутырка түрмесінен Қазақстанға ауыстырған, бастапқыда «АЛЖИР», кейін «КАРЛАГ», онда Долинка кентінің орталық клубында безендіруші суретші болып жұмыс істеген.

Соғыс жылдары Қазақстан Суретшілер Одағы Ресей мен Украинаның орталық аудандарынан суретшілерді қабылдады, кескіндемешілердің, скульпторлардың, графикші суретшілерге тапсырыс көп болды. Қазақстан жерінде тағдыр тәлкегіне ұшырап, депортацияланған, репрессияланған, суретшілердің туындыларды салу техникасы мен тақырыбының алуан түрлігі ұлттық мектеп туындылары ретінде мұражай жинағына енді. Бұл кездейсоқ емес. Суретшілер өздерінің екінші Отанын сүйді, Қазақстан тұрмысы мен табиғатына үйреніп, сіңіп кетті.

1950-жылдардың соңында Мәскеу, Ленинград, Харьков қалаларының ЖОО арнайы шығармашылық білім алған алғашқы ұлттық суретшілер шықты. Бұл ұрпақ Кеңес Одағының танымал суретшілер қатарына батыл енді. Әртүрлі кезеңдегі жұмыстар Қазақстанның шығармашылық ерекшеліктерінің даму эволюциясына көңіл аударуға мүмкіндік береді. К.Телжанов, Н. Нұрмұхамедов, М. Кенбаевтың туындылары мағынасы, тақырыбы, орындау техникасы жағынан ауқымды, С. Мамбеев полотносы шабытқа толы. Олардың пайда болуы өз кезінде Қазақстан өнерінің жаңа шынайы беттері ретінде қабылданды. А. Ғалымбаева, Г. Исмаилова жаңа сахналық және кинематографиялық бейнелерді жасауға белсене қатысты. Қазақстан мүсіншілері Х.И. Наурызбаев, Б.А. Төлеков мұражай коллекциясында берілген өткен заманның және қазіргі кезеңнің көрнекті адамдарының портреттерін бейнеледі. Суретшілер тарихи шеңберде шектеліп қалмай, өз кейіпкерлерінің ішкі әлемін, оның жан дүниесін, нәзік қырларын таба білуге және анықтауға, соны бейнелеуге ұмтылды.



## Қазақстан мәдениетінің тәуелсіздік кезеңінде даму

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
Патриоттық тәрбие беру ФЗИ директоры  
А.В. Волкова*

Тәуелсіздік кезеңінің басты жетістіктерінің бірі қазақ мәдениетінің, сондай-ақ Қазақстанда тұратын этностардың мәдениеттері мен дәстүрлерінің жандануы және әрі қарай дамуы болып табылады. 1990-2000-шы жылдардың қазақстандық мәдениет тарихында жаңа кезең болғаны даусыз. Қазақстан үшін жалпы алғанда бұл кезең сондай-ақ оның алуан түрлі мәдениетінің жаңа сапасының қалыптасуымен белгіленді. Еліміздегі барлық ұлттар өзінің дәстүрлерін, салттарын дамыту мүмкіндігін алды.

Музыкалық ұжымдар репертуарында және театрлар сахналарында қазақстандық тақырыптама басты болды. Абай Құнанбаев, Құрманғазы Сағырбайұлы, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жамбыл Жабаев, Мағжан Жұмабаев және т.б. сияқты мәдениет қайраткерлерінің мерейтойларына арналған фестивальдар өтті. Абайдың 150 жылдық мерейтойын мерекелеу шеңберінде республикада 156 жаңа қойылым қойылды [1, 171 б.].

Музыка өнерінің әрі қарай дамуын ынталандыру және орындаушылардың шығармашылық өсуі мақсатында халықаралық фестивальдар мен конкурстар өтті. Алматыда «Азия дауысы», «Үкілі домбыра», «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны», «Жас Қанат» конкурстары және басқа мәдени-көпшілік шаралары өтті.

Тәуелсіз болған жылдар ішінде Қазақстан Кеңес Одағының ыдырауымен және Азиялық дағдарыспен байланысты ауқымды экономикалық дағдарыстардың салдарын басынан өткізді. Мәдениет дамуындағы жақсы жақтарымен қатар, шетелдік көпшілік мәдениеттің жаппай енуінен туындаған жағымсыз жақтары да болды. Зорлық мен қайырымсыздықты насихаттайтын төмен сынамалы, дарынсыз, рухсыз реалити-шоу, кинофильмдер теледидарларды жаулап алды. Өскелең ұрпақтың бір бөлігі лайықсыз және арсыз тәртібінің үлгілерін дағдыға айналдырды. Бұқаралық коммуникация құралдарынан қазіргі шетелдік мәдениеттің онша жақсы емес үлгілерін отандық кино мен телеарнадағы, сондай-ақ білім беру саласындағы, жалпы алғанда қоғамдағы сапалы өзгерістермен байланысты біртіндеп ығыстырып шығару ғана қалыптасқан рухани-адамгершілік жағдайды біртіндеп жеңуге мүмкіндік туғызды [2, 287 б.].

Мәдени өмірдегі маңызды оқиға 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясын – теңдессіз институтты құру болды, оның қызметі этникааралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталды.

Қазақстанның зайырлы сипатындағы діни алуан түрлілік біздің халқымыздың толеранттылығының шынайы белгісі болды. Қазақстанда діни мәселелер салдарынан ешқашан дау-дамай болмаған, Астана жаһандық дінаралық диалог орталығы болды, онда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері үш рет өткізілді. Қазақстандық қоғам бұрыннан құрмет, достық және сенім принциптеріне бағдарланған және қоғамнан әрі қарай да барлығына түсінікті: дұшпандық — бұл моральдық, адамгершілік және этикалық нормалардың бұзылуы деген сигнал үнемі болуы қажет. Осы мақсаттарда Қазақстандық этникааралық және конфессияаралық модельді жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде Қазақстанда да, шетелде де этностардың мәдениет күндері, фестивальдар, конкурстар, ұлттық театрлар, шығармашылық ұжымдар концерттері барлық жерде өткізілді. «Дөңгелек үстелдер», конференциялар, семинар-тренингтер қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, толерантты тәртіпті қалыптастыру, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру проблемаларына арналады [3, 75 б.].

Барлық проблемаларға қарамастан, Қазақстандағы экономиканың үдемелі өсуі әлеуметтік-мәдени сферадағы реформаларды оңтайлы жүргізуге мүмкіндік берді. Мәдениетті қолдаудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы құрылды. Қазақстанда 2000 жыл Мәдениет жылы болып жарияланды. Театрлар, мәдени орталықтар саны 20 есе өсті.

2000-шы жылдарда мәдениет саласында белгілі нәтижелерге қол жеткізілді. Мұражайлар қоры құнды экспонаттармен толықтырылып, үштен бірге өсті. Білім беру деңгейінің өсуімен бірге библиографиялық ақпаратқа сұраныс байқалды.

2001 жылғы ақпанда еліміздің мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі – Қазақстанның «Асыл мұра» музыкалық мұрасы жобасының тұсаукесері болды. Жобаның мақсаты – ұлттық музыкалық мұраны жүйелендіру, өңдеу және цифрлық тасымалдауыштарға жазу [4, 297 б.].

1989 жылдан бастап жыл сайын «Азия дауысы» халықаралық фестивалі өтеді. Фольклорлық ұжымдар, «Отырар сазы» ұлттық аспаптар оркестрі, «Салтанат» би ансамблі өзінің өнерімен қуантады. 1978 жылы құрылған «Тамаша» әзіл және сықақ театры жұмыс істеуін жалғастырады, оның қанатынан «Бауыржан шоу», «Аққу-Гәкку» сияқты жас ұжымдар шықты.

Дәстүрлі қазақ музыкасы ғасырлар бойы ұрпақтардың рухани тәжірибесін жинады және таратты. Дәстүрлі қазақ музыка тілі бай, оның құрылымы күрделі, жүйелі ұйымдастырылған, бұл оның ғасырлар бойы халықтың өзгеріп келе жатқан тарихи тәжірибесін көрсетуге және онымен бірге эволюциялануға мүмкіндік берді. Қазақтардың, негізінде қалалықтардың арасында дәстүрлі қазақ музыкасын қабылдамайтын қабатша қалыптасты, бұл – ақпараттың кодын ашуға қабілетті хабарламалар. Коммуникациялық жүйеде үшінші буынның бұзылуы басталды, бұл коммуникативті және таңбалы жүйелердің өзара байланысқандығына қарай жалпы алғанда таңбалық жүйенің, яғни қазақ музыка тілінің өзінің құлдырауына әкеледі.

Бұл процесті аутенттік (төлтума дәстүрлі) қазақ музыкасы концерттерінің аздығы және оны БАҚ арналары бойынша тарату уақытының үдемелі

қысқаруы, яғни музыка-тілдік ортаның біртіндеп жойылуы күрделілендіреді. Осыдан, қазақ музыка тілінің құлдырауы дегеніміз біздің өзімізде және мәдениетімізде бар жақсының құлдырауы. Бірақ осыған қарамастан, қазақстандық классикалық өнер жұлдыздары – скрипкашы Айман Мұсаходжаева, тенор Әлібек Дінішев, тамаша сопрано, опера әншілері Майра Мұхамедқызы, Нұржамал Үсенбаева және басқалардың әлемнің ірі театр сахналарында үнемі өнер көрсетіп, классикалық өнерді отандық қана емес, сонымен бірге шетелдік бағалаушыларға кеңінен танымал болғаны жақсы болып табылады [5, с. 59].

Егер қазақстандық эстрада жайында айтсақ, мұнда да бірқатар проблемалар бар. Мәдениет сарайларының шектелгендігі, персоналмен, аппаратурамен, жылумен және әртістерге арналған басқа инфрақұрылыммен болатын проблемалар көп. Жоғары кәсіптік дыбыс жазу студиялары талап етіледі, авторлық құқықтары қорғалмаған. Бірақ отандық сахнада Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Рамазан Стамғазиев, Мақпал Жүнісова сияқты танылған мэтрлермен қатар, Досымжан Таңатаров, Тоқтар Серіков және басқа жас таланттардың сәтті өнер көрсетіп жүргенін атап кету керек. «Ұлытау», «МузАрт» шығармашылық ұжымдарың, «Гүлдер» ансамблі, «Нұр-Мұқасан» дуэті және басқалар елімізде де, оның шекарасынан тыс жерлерде де лайықты даңққа бөленіп жүр. [6, 24 б.].

«Ел», «Алтын самұрық», «Майра», «Қазақ әуендері» продюсерлік орталықтары ән кештерін ұйымдастырады. 2005 жылдан бастап республикада «Алтын самұрық» ұлттық конкурсы өткізіледі. Қазақстанда жыл сайын жас орындаушылар шығармашылығына арналған «Шабыт», «Алтын Алма» және т.б. сияқты конкурстар мен фестивальдар өткізіледі.

Қазақстанның бас қаласы – Астананың мәдени инфрақұрылымы кеңейіп келеді. Онда Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театры, М. Горький атындағы орыс драма театры, К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры, Президенттің мәдени орталық, Мемлекеттік цирк, Бейбітшілік және келісім сарайы, Орталық концерт залы жұмыс істейді [2, 289 б.].

Соңғы жылдары концерт залдарының инфрақұрылымы елеулі өзгерді, олардың сыйымдылығы артты: 2005 жылдың басында 18 мың орын болды, бұл 2003 жылмен салыстырғанда 22%-ға артық. Жыл сайын филармониялардағы концерттер саны орта есеппен - 56%-ға, олардың тыңдаушыларының саны 10%-ға көбейеді [4, 299 б.].

Қазақстан Республикасының Үкіметі, атап айтқанда Мәдениет және ақпарат министрлігі қазақстандық мәдениетті шетелде насихаттауға үлкен көңіл бөледі, мысалы: Алматы хореография училищесінің оқушылары АҚШ, Швейцария сахналарында өз талантын көрсетті; Республикалық корей музыкалық-драма театры Оңтүстік Кореяда Әлемдік этникалық фестивальға қатысты (1991); Мәскеуде, Парижде, Түркияда, Монғолияда, Украинада Абай шығармашылығына арналған шаралар өткізілген; 2003 және 2004 жылдарда өткізілген Ресейдегі Қазақстан жылы және Қазақстандағы Ресей жылы үлкен резонанс тудырды.



Қазақстан 49 алыс және жақын шетелмен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Еліміздің өміріндегі маңызды оқиға ШЫҰ қатысушы елдердің мәдениет министрлерінің кездесуі, ТЮРКСОЙ Тұрақты кеңесінің мәжілісі болды.

2008 жылғы қыркүйекте V Еуразиялық Халықаралық кинофестиваль өтті. «Опералия-2008» IV халықаралық музыка фестивалі Қазақстанның бас қаласы – Астананың 10 жылдығына арналды. Түркіменстанның, Египеттің, Иорданияның және Катар мемлекетінің мәдениетіне арналған шаралар өткізілді, Қазақстан мәдениетін Монғолия мен Тәжікстанда насихаттау бойынша шаралар ұйымдастырылды [7, 137 б.].

Осының барлығы тәуелсіздік кезеңінде қазақ ұлттық мәдениетінің және жалпы алғанда Қазақстан халқы мәдениетінің айқын жанданғаны және әрі қарай дамығаны туралы куәландырады.

Айтыс өнерінің - музыкалық-поэтикалық суырып салып айту жанрының жандануы өткен ғасырдың 80-ші жылдарында басталды. Айтыстарды музыкалық ұйымдастыруға қатысты проблемалар болды. Бірақ мемлекеттің қолдауының арқасында айтыс әрі қарай даму мүмкіндігіне ие болды. Ақындар сайысын телеарна бойынша тарату айтыстың бүкіл республикада шеру жасауына бастама болды. Облыстарда ірі сайыстар өткізілді, жеңімпаздары облысаралық жекпе-жекке қатысты. Шымкент, Жезқазған, Қызылорда, Торғай, Орал, Семей облыстарында ақындар мектептері қалыптаса бастады. Өкінішке орай, біздің кезімізде ақындардың таза суырып салып айтуы сирек кездеседі. Оның әлдеқандай себептері бар. Қазіргі уақытта ұйымдастырылатын айтыстардың әрқайсысы белгілі тақырыптамаға арналады (соңғысы алдын ала жарияланады), нәтижесінде айтысқа азды-көпті «дайындалған» ақындар қатысады. Бірақ айтыс өнерінде Аманжол Әлтаев, Мәліс Қосымбаев, Айнұр Тұрсынбаева, Оразалы Досбосынов және тағы басқалар өз іздерін қалдырғанын атап кету керек. Бірқатар ақындар – Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбілов, Әзімхан Қосбармақов Қазақстанның халық ақыны атағын иеленді. Ақындардың кейбіреуі Қазақстан Республикасының құрметті өнер қайраткері атағына ие болды. Абай мен Жамбылдың 150 жылдығына, Түркістанның 1500 жылдығына, Тараздың 2000 жылдығына арналған Қазақстанның ірі мерейтойлық шараларында ақындар айтыстары өткізілді. 1997 жылдан бастап «Хабар» агенттігі ЖАҚ айтыс өнерін белсенді насихаттады. 2002 жылдан бастап «Айтыс» хабары аптасына бір рет жақын және алыс шетелдерге «Каспионет» спутниктік арнасы арқылы таралады.

2004 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлыққа қол қойды. Бағдарламаны іске асыру халықтың мәдени игілігінің жандануы және дамуы ісінде елеулі нәтижелер берді. Оны қабылдаған сәттен бастап 51 мәдени-тарихи ескерткіш қалпына келтірілді; Қазақстан аумағында ежелгі тұрақтарда, елді мекендер мен қалашықтарда 39 маусымдық археологиялық зерттеу жүргізілді; Қытайға, Түркияға, Ресейге, Монғолияға, Жапонияға, Египетке, Өзбекстанға, Арменияға, АҚШ-қа және Батыс Еуропаға 15 экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция-

лар нәтижесінде еліміздің мәдени қорын байыта түскен, бұрыннан белгілі 5 мыңға жуық қолжазба мен басылым табылды. Фольклортануға, әдебиеттануға, өнертануға, философияға, саясаттануға, тіл біліміне арналған 16 бағыт бойынша ғылыми басылымдардың бірнеше жүздеген томының жарыққа шығуы үлкен жетістік болып табылады. «Бабалар сөзі» 100 томдығының 51 томдық нұсқасы, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі энциклопедияның 10 томы, «Қазақ философиясының» 16 томы, «Философияның әлемдік мұрасының» 18 томы, Баласағұн, Отырар қалаларының, орхон ескерткіштерінің толық атласы басылып шығарылды. Сонымен қоса, «Қазақстандық электрондық кітапхананың», «Мәдени мұраның» интернет-порталдары құрылған болатын. «Мәдени мұра» бағдарламасы 2007-2009 жылдарда іске асырылды, ал 2009 жылы 2011 жылға дейін дамудың жаңа кезеңіне өтті [2, 296 б.].

«Қазақфильм» студиясы ең үздік гуманистік және реалистік дәстүрлерді қалыптастырып, кеңес кинематографиясында алдыңғы шепте болды, Сонымен бірге кино және театр, жалпы алғанда мәдениет 1990 жылдардан бастап өтпелі дәуірдің қиындықтарымен: бұрынғы байланыстардың үзілуімен, қаржыландырудың, ресурстардың, кадрлардың, икемді басқарушы шешімдердің жоқ болуымен атап өтілген ауыр кезеңді бастан өткізді. 2000-2005 жылдарда Қазақстанда әр түрлі жанрлы 30 көркем фильм түсірілді. Көрермендер Мемлекеттік сыйлықты алған Ардақ Әмірқұловтың «Гибель Отрара» және Сатыбалды Нарымбетовтің «Көзімнің қарасы» тарихи фильмдерін жылы қабылдады. Талантты жас режиссер Рүстем Әбдірашевтің «Девушка из города» (2004) картинасы Анапа қаласында (Ресей) өткен ТМД және Балтық елдерінің халықаралық кинофестивалінде Гран-Приді жеңіп алды. Тәуелсіздік жылдарында «Көшпенділер» (режиссерлері Иван Пассер, Сергей Бодров, Талғат Теменов), Дәрежан Өмірбаеваның «Шұға», С. Нарымбетовтің «Мұстафа Шоқай», Данияр Саламаттың «Вдвоем с отцом», А. Әмірқұловтың «Прощай, Гульсары» фильмдері және басқа фильмдер түсірілді. Отандық киноның тарихында алғаш рет «Рәкетир» фильмі бойынша әйгілі кинорежиссер Ақан Сатаев «Адасқандар» мистикалық триллерін түсірді. Ермек Тұрсыновтың «Келін» фильмі қазақ киносына жаңа толқын әкелді [4, 303 б.].

2010 жыл "Сказ о розовом зайце", "Кто вы мистер Ка" және "Рывок", "Ирония любви", "Коктейль для звезды" сияқты бірқатар отандық премьералармен белгіленді. Олардың көпшілігі "Қазақфильм" киностудиясының қатысуымен түсірілді. Кино біздің елімізде мәдениетке бөлінетін мемлекеттік бюджеттің ең шығынды бабын құрайды [5, 58 б.].

Сонымен, қазіргі қазақстандық кинематография үздік дәстүрлер және жаңа маңызды даму бағыттары негізінде қалыптасты және дамыды.

Қазақстанда туризмнің дамуы мәдениет саласындағы басты проблемалардың бірі болып табылады. Қазақстанда туризмнің дамуымен айналысатын бірде-бір мемлекеттік құрылым жоқ, барлық туристік фирмалар – жеке. Қазақстанда қалыпты реестр және нысандар кадастры болуы үшін, туристік-өлкетану экспедицияларын жандандыру қажет. Қазақстанға жаңа нысандар қажет. Бұл жұмысқа балалар мен жасөспірімдерді белсенді қатыстыру қажет, себебі қазіргі сәтте біздің елімізде балалар және жастар

туризмі жоқ. Сондай-ақ кадрларды даярлау проблемалары да бар: білікті гидтер жоқ, демалыс орындары көркейтілмеген, қала сыртындағы тарихи, атаулы нысандарға кірме жолдардың жағдайы нашар, елімізге келетін туристерді есепке алу жеткіліксіз жүргізіледі. Қазақстанда 1203 туристік агенттік пен фирма бар, олардың 690-ы – Алматыда. Туристік қызмет кең текшені алады. Алматы бойынша бұл сфера – алдыңғылардың бірі, бірақ ол, өкінішке орай, жеткіліксіз дамыған. 2009 жылы туризм сферасында 30 млрд. теңге қаржы табылған – бұл төмен көрсеткіш.

2011 жылы 7-ші қысқы Азия ойындарын өткізу шеңберінде Ойындарға қатысушылар және қонақтар үшін қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін көрсететін мәдени-көпшілік шаралар өткізілді. «Мәдени Азиада» - бұл тарихи және мәдени мұрасы бай Қазақстанды көрсету, елімізді тұрақты дамыған қазіргі мемлекет ретінде көрсету, еліміздің туристік әлеуетін көрсету, Қазақстанды әлемдік жұртшылықтың алдында Еуразияның спорттық және мәдени жүрегі ретінде биікке көтеру, қазақ халқының басты ерекшелігі – қонақжайлылығын көрсету мүмкіндігі. Азия ойындары Қазақстан тарихындағы жарқын оқиға болып табылады, ол спорттық менеджментте теңдессіз тәжірибені иеленуге және республика имиджінің әлемдік аренада жоғарылауына ғана мүмкіндік туғызып қоймай, сонымен бірге Қазақстанда туризм индустриясының дамуы үшін кең мүмкіндіктерді ұсынады.

Республикадағы халықаралық және ішкі туризмді дамыту үшін Қазақстанның «Жібек жолы» туристік трансконтиненттік маршрутына қатысуы орасан зор мүмкіндіктерді ашады, ол UNESCO-мен ынтымақтастықта UNWTO қамқорлығымен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемнің 80-нен астам елінде шетелдік серіктестері бар, 1500-ден астам туристік ұйымдар жұмыс істейді.

Бірақ Қазақстан халықаралық туристік көрмелерде көрсетілмейді, шетелде бірде-бір туристік өкілдігі жоқ, сондықтан әлеуетті туристердің Қазақстанда бар жақсы атаулы туралы ешқандай түсінігі жоқ. Қазақстанның туристік әлеуеті бай және алуан түрлі, оның туризмнің барлығы дерлік түрлерін дамыту үшін теңдессіз мүмкіндіктері бар. Туристер үшін Қазақстан аумағындағы саяхаттар маршруттарының көп саны ұсынылады. Соңғы жыл ішінде Қазақстанға 4,5 миллионға жуық турист келді. 7-ші қысқы Азия ойындары өткенде Қазақстанға 10 000 астам шетелдік қонақ келді. Осы көзқарастан, Азия ойындары туристік саланың дамуына түрткі болды [8, 16 б.].

Сонымен, Қазақстанның мәдениет, өнер және спорт саласында елеулі жетістіктері бар, олар ұлттық мәдениеттің әрі қарай дамуы туралы сенімділікпен айтуға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Нурпеисов, К., Аманов. Б., История Қазақстана. – Алматы: Рауан, 1996.- 176 с.
2. Аяган Б.Г. Современная история Қазақстана. - Алматы: Раритет, 2010.- 432 с.

3. Тастемирова Л.У. К проблеме религиозного экстремизма\\Евразийское сообщество. - №2, 2010.- с. 74-78
4. Морозов А.А. Қазақстан за годы независимости/Под общей ред. Султанова Б.К. - Алматы,2005. – 378 с.
5. Саиров Е.Н. Культура – важнейший компонент государственной политики\\ Мысль.-№7, 2010.- с. 55-59
6. Нургалиева А.К. Патриотизм и культура в Қазақстане\\Білім әлемінде. - №6, 2010.- с. 24-25
7. Локтионова О.С. История Қазақстана. – Алматы, 2008.- 152 с.
8. Иренов Г.П. Культура и общество\\Евразийское сообщество.-№5, 2010.- с.15-20



## Жаһандандыру және оның мәдени процестерге әсері

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының доценті, филос.ғ.к.,  
К.Ш. Жәлелов*

Әлемде адамзат тұрмысын түбегейлі өзгертудің объективті процесі жалпы планетарлық ауқымда іскер және жеке адамдар арасындағы қатынас әдістері мен типтеріндегі тереңнен ығысулары себепші болған. XX ғасырдың аяғындағы ақпараттық революцияны, «әлемдік ауыл» сипатын алап келе жатқан, біртұтас өзара тәуелді және өзара келісілген әлем жайлы идеяны шындыққа айналдырды (ЮНЕСКО). Компьютерлендіру, Интернет, спутниктік коммуникациялар барлық елдер мен әлем аймақтарының экономикасын, ғылымын, мәдениетін бірге байланыстырады. Коммуникативтік айқындылық, еркін өту, ешбір шекара мен демаркациялық желілерді білмейтін ақпараттық ағымдардың қайта ағылу жағдайы жасалады. Бүкіл әлемдік шырғауық, Интернет жаңа виртуалдық шындықты, өздерінің заңдары мен нормалары бар жаңа империя құрайды. Ешкімнің де, әлемдік тарихтың шетінде қалғысы келмесе, осы объективті процеске қарсы тұруға шамасы келмейді.

Негізі ақпараттық революция болып табылатын жаһандандыру адамзат өмірінің: экономика, саясат, мәдениет, тіл, білім, рухани-адамгершілік даму, этника аралық және конфессия аралық қатынастар сияқты барлық саласына шешуші әсер етеді. Осы барлық сфералар, ақпаратты меңгеру мен алмасудың жеделдетуші ырғағына түсе отырып, сапалы жаңа сипаттар алады.

Жаһандандыру жаңа заманның басымдықтағы өркениеттік процесі, адамзат тарихындағы принципті түрде жаңа құбылыс бола тұра, бұрыннан келе жатқан шоғырландырушы жалпы әлемдік беталыстың қарапайым жалғасы болмаса да, сонымен қатар өзіне басқа жалпы әлемдік процестердің көптеген қасиеттерін енгізеді.

Жаһандандыру бір елдерге айтарлықтай пайда әкелсе, басқаларға жұт болып келетіні анық. Бірақ, «кімге тиімді, кім мүдделі» деген принциптен шыға отырып, жаһандандыру субъектісін қайта құрылымдау, оның байқалу пішіні бойынша мағынасын ашу – анағұрлым күрделі іс. Себебі бүкіл әлемдік тарих бүгінгі күні анонимдік сипат алуда – барлық елдердегі барлық адамдар оқиға барысына әсер етудің нақты мүмкіндігінен тысқары қалды деуге болады. Сыртқы белсенділік және тіпті қарбалас кезде адамдар басқару және күрделі істер жасаудың объектісі болып табылады, бұқара мен жекелеген индивидтердің тәртібі жоспарланады және бағдарланады (дәлелденбейтін әрекеттер мен істерге айтарлықтай жиі бұзып-жарып өтеді). Оның үстіне жаңа заман адамының шектеулі сыртқы белсенділік кезінде нақты енжарлығы, мемлекеттік

құрылымның типіне байланысты емес деуге болады, себебі әрқайсысы өзінше адамдарды қоғамдағы жалпы процестерге және жеке тұлғалық даму процесіне нақты әсер етуден шеттетеді. Демократиялық режимдердің адамды оқиганы басқарудан шеттетудің мол жетіктігімен ерекшеленетінін бекітуге болады.

2000 ж. қыркүйекте мемлекет басшылары БҰҰ мың жылдық Декларациясын қабылдады, онда өздерінің басты міндеттері ретінде «жаһандандыру әлемнің барлық халықтары үшін позитивті фактор болуын қамтамасыз етуді» хабарлады [1]. Бұл жаһандандыру игілігінің қазіргі кезде анағұрлым бірыңғай қолданылмауына байланысты. Жаһандық бәсекелестік қабілеті бар елдер, яғни батыс постиндустриялық әлем елдері ұтады.

Жаһандандыру белгілі шамада бүкіл әлемдік ауқымда нарықтық шаруашылық жүргізудің жағымсыз жақтарын тудырып отырады, оларға Батыс елдерінде «әлеуметтік мемлекет» құру жолымен тұтастай тыйым салынған. Бүгінгі күні әлемдік экономикада қаржылық-олигархтық күштер билік алуда, олар жаһандық деңгейге жекелеген және топтасқан эгоизмнің ең дөрекі түрлерін алып шығады. Жаһандандыру жекелеген адамдар мен топтардың қолдарындағы байлық пен билікті түсіру құралына айналып келеді: Жер бетіндегі ең бай деген үш адамда әлемнің 47 кедей елінің байлығынан асатын қаражат бар, 475 ең бай тұлға барлық адамзат баласының жартысының игілігінен асып түсетін байлықты бақылап отыр. Әлем бай тұрғындарының бестен бірі мен бестен бір кедей тұрғыны арасындағы қатынас 1:75 жетті [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясында былай делінген: «Жаһандандыру – біздің жалпы адамзат тегіне барлық алуан түрлі болмысымызбен жататындығымызға негізделген ортақ келешекті қалыптастыру бойынша тек кең ауқымды және табанды күшіміз арқылы ғана түгіл қамтитын әрі әділ сипат ала алады» [3].

Адамзаттың табанды даму көзі мәдениетінің алуан түрлілігі мен көп түрлілігінде. «Біздің мәдени алуан түрлілігіміз, - дейді БҰҰ жариялаған Жер Хартиясында, - құнды мұра болып табылады және түрлі мәдениет тұрақты өмір салтының өз көрінісін жүзеге асырудың өз жолдарын табады » [4].

Адамзат Жер Хартиясы бастаған жаһандық диалогты кеңейтуге тиіс, ақиқат пен даналықты іздеу жолында біз бір-бірімізден көп нәрсе үйренуіміз керек. Бір алуан түрлілік пен біртұтастық, жеке еркіндік пен қоғамдық игілік, қысқа мерзімді жоспарлар мен ұзақ уақыттық мақсаттар арасынан үйлесімдік табуымыз керек.

Жаһандандыру – көп өлшемді процесс: ол өзінің орбитасына алуан түрлі тәсілдермен және құралдармен тартады. Экономиканың жаңа әлемдегі өмірдің барлық жақтарына билік ететін әсеріне сәйкес жаһандандыру нақ экономикалық салаға баса назар аударады, бұл табиғи құбылыс. Нақ осындай жаһандандырудан пайда күтуге болады, оның үстіне еңбектің жалпы әлемдік бөлінуі мен елдердің экономикалық саралануы осындай жаһандық шоғырланудан құтылмастай етеді. Сондықтан экономика саласындағы жаһандандыру өз-өзінен қалай да болсын сөзсіз болатын, табиғи құбылыс сияқты. Осыған орай жаңа заманғы аналитикалық ой, экономика, бүгінгі күні оған басты назар аударған кезде, барлық қоғамның, барлық адамзат баласының

шоғырланған бейнесі болып табылады және экономиканы шоғырландыра отырып барлық елдер тұтастай, жан-жақты шоғырланады.

Жаһандандыру процестерінде ұлттық мәдениетті бір іздендіру қажеттігін ерекше түрде табандамаса да болады - бұл процесс, мәдениеттің экономикадан айтарлықтай бөлектігіне және мәдениеттің жаһандық экономикалық процестерде өзінің ұлттық, дәстүрлік, идеялық негіздерін сақтау қабілетіне қарамастан экономикалық шоғырландыру салдары болып табылады.

Бүгінгі күні мәдениет, экономикалық жаһандандыруға берілетін қарапайым реакция емес, жаһандандырудың шешуші аспектісі ретінде ойластырылуы қажет. Осыған орай мәдениетті жаһандандыру – бүкіл әлемдік ауқымда мәдени біртектілікті бекіту деп санамаған жөн. Бұл процеске мәдени қақтығыстар мен қарама-қайшылықтар енеді. Түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің шиеленістері мен қақтығыстары – жаңаша көп полярлы әлемнің басты факторы [5]. Жаһандандыру жағдайында жаңа философия – Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік сұхбатының мәтінінде қарастырылған өзара түсіністік философиясы қажет.

Әлеуметтік әлем «қысымы», бір жағынан, әлемнің өзін-өзі «кеңейтуін» мойындаудың жедел артуы, екінші жағынан, мемлекеттіліктен айрылған өркениеттер, аймақтар, ұлттар-мемлекеттер, жергілікті халықтар, өздерінің тарихтары мен сәйкестіктерін белгілейтін жаһандық жағдай тудырады. Әлемде халықтар мен аймақтарда жеке бірегейлік пен ерекшелікті сезіну күрт өсті. Жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерді қорғау жаһандық феномен деуге болады.

Өзіндік мәдениеттердің өзін-өзі сақтау қабілеттілігі мүмкін, бірақ бұл мүмкіндік тек белгілі бір жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Олардың алғашқылары болып, әлемдік қауымдастыққа арналған ұлттық мәдениеттің сөзсіз мәнділігі болып табылады, бұл үшін осы мәдениет ішкі жағынан ғана бай болып қоймай, әлем қабылдайтындай, әлемге қажетті болатындай болуы керек – сол кезде әлемдік қауымдастық оның сақталуына мүдделілігі рефлекстік түрде болмайды. Берілген тезисте қосымша талаптар өте көп, оларды ұстанған кезде осы мәдениет сақталуы мүмкін. Мысал ретінде мынадай – халықтың басқа ұлттық мәдениетті қабылдау қабілеттілігі сияқты тезисті келтіруге болады. Жалпы азаматтық бейненің сол немесе басқа мәдениеттегі шоғырлануы, жалпы азаматтық бейненің ұлттық пішінін игеру мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей маңызды болуы керек.

Мұндай мәдениет, өкінішке орай, аз. Бірақ берілген шартты орындау мәдениеттің сақталуына кепілдік бермейді – бұл тек мүмкіндік. Басқа мәдениетті елдерде «бөтен» мәдениетті қабылдауға қабілетті адамдар айтарлықтай көп болуы қажет. Тек сонда ғана бұл мәдениет қоршаған ортадағылар қабылдайтындай болады. Бірақ бұл жолда да терең, жалпы адамзат мәдениетін қауіп-қатер күтеді: жалпы адамзаттық маңызды төмендету қолынан келмеген бір іздендіру бастамашылары нақ соны қабылдайтын адамға, оны осындай қабылдауға қабілетсіз ете отырып, әсер етеді. Мұнда осыған ұқсас: өз мәдениетінің артықшылық идеясын ойға сіңіруден бастап (оны да параллель бұза отырып), әрбір адамның өзіндік өмір мәнін - меңгеруге адамды оларды

игерудегі бәсекелестік күрес итермелейтін бір іздендірілген шартты өмірлік құндылықтармен алмастыру арқылы тұлғасыздандыруға дейінгі құралдардың үлкен таңдамасы бар. Жаһандандыру тең құқықтық сұхбат барысындағы әрбір мәдениеттің баю құралы болудың орнына, барлық дерлік мәдениетті тұлғасыздандыру түріне айналды. Бұл егер осы құралдарды тікелей қарама-қайшы бағытта: өзара баю емес, тұлғасыздандыру мен бір іздендіру мақсатында айқын пайдалану болмағанда, коммуникацияның дамыған жаңа заманғы құралдары кезінде әдеттен тыс болып көрінер еді.

Жаһандандыру ұлттық мәдениеттердің өзіндік дүниетанымдық мазмұнымен санаспайды, оның мәтінінде бұл мәдениеттердің өзінің ерекше мазмұны ғана болады. Оларды, барлық заттай байлықтары мен мәдениетін сақтап, дүниетанымдық негізден айырсаң, бұлар өзінің тереңдігін жоғалтады. Бірақ жаңа заманғы жаһандық процестерде іс нақ осылай болып тұр. Жұртшылыққа сол немесе басқа мәдениеттің тек көзге түсерлік феномендері ғана қойылады – олар қызықты, көңіл қоярлық болып мойындалады, бірақ оларды тудырушылардың дүниетанымында тамырланбағандықтан, бұл феномендер не экзотика ретінде, немесе қисынсыз әрекет ретінде, болмаса нонсенс ретінде, әйтпесе қызықты фольклор ретінде қабылданады.

Осы процестердің барлығында ең қауіптісі, ешкім «Бұл менің мәдениетім» деп айта алмайтын мәдениетті орнатумен аяқталады. Сонымен «ешкімді емес» мәдениет жасалады, оның субъектісі болмайды, ол үшін ешкім жауапты емес, сондықтан ол қалай болса солай: рухсыз, төмен, ашулы, бүлдіруші бола алады. Егер бұл мәдениет «ешкімдікі» болмаса, онда оны ешкім меңгеруге, дамытуға, жақсартуға міндетті емес. Мәдени стереотиптер - фрагментарлық, бір сәттік, шартты. Мәдениет ыдырайды, мәселелі жағдайларға формалдаланған реакция жинағына айналады. Сонымен мәдениет өзіне тән қызметін атқаруды: адамды әлемге енгізу, адам өмірі мен тұрмысына мән-мағына беруін доғарады.

Жаһандандыру батыс мәдениетінің, барлық қалған мәдениеттерді жұтып алуына ықпал етеді деген пікір кеңінен таралған. Шынында да, «естілетіндей» болу, орын алу және сақталып қалу үшін бұл мәдениеттер Батыс мәдениетіне ұқсастырылуы керек. Ал ұқсастыру ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын төмендетеді және Батыстың қабылдау қабілетіне максимум дәрежеде сәйкес келетін мәдениеттер қабылданарлық болады. Қорыта келгенде ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысынан ештеңе де қалмайды. Таралған пікір осындай, бірақ ол тек ұлттық мәдениет субъектілерінің ар-намысына алдында көз бояушылық, себебі Батыс ұлттық мәдениетке ешқандай осыған ұқсас талаптарды алдына қоймайды. Ұлттық мәдениет осы қиындықтардың бәрін қабылданарлық болу мақсатында өздері жасайды. Қорыта келгенде ұлттық мәдениеттен ештеңе қалмайды деуге болады.

Бірақ екінші жағынан, егер өзіндік болмысын табанды ұстап, «естілетіндей» болуға, әлемдік қауымдастыққа қызықты болуға жағдай жасамаса, онда өзінің ұлттық құндылығының көкжиегінде ғана маңызды, өз-өзіне ғана қызық болып қалу, яғни мәдени оқшаулану жағдайында қалу қаупі туады.



Сол кезде ұлттық мәдениеттің осындай «қорығына» батыс жұртының мәдениеті баса-көктеп енеді, оған өзінің билігін орнатуға көп уақыт қажет емес.

Бірақ, бір жағынан, егер өзіндік ерекшелігіне сеніп, әлемдік қауымдастық туралы «естілгендер» туралы ойланбайтын болсаң, онда тек өз көкжиегінде ғана ұлттық құндылықтар маңызды деген өз мүдделеріңмен оқшаулану қатері пайда болады, яғни мәдени оқшаулану жағдайына тап боласыз. Ұлттық мәдениеттің «қорығына» батыстық бұқаралық мәдениет көріністері қосылуға ұмтылады, оның үстемдік етуіне көп уақыт қажет емес.

Қазіргі заманғы әлемде ұлттық мәдениеттен жаһандану мәдениетіне ауысу жүріп жатыр, ал ол мәдениеттің тілі ағылшын тілі болып табылады. Америка доллары әлемнің көптеген елдерде қолданылады, батыстық бұқаралық мәдениет біздің өмірімізге қарқынды ұмтылыспен енуде, либеральды-демократиялық қоғамның сол немесе басқа дәрежедегі моделі көптеген елдерде іске асуда, әлемдік ақпараттық кеңістік қалыптасуда (Интернет және басқа қазіргі заманғы жаңашыл ақпараттық және коммуникациялық технологиялар), батыс мәдениетін жаһандандыру жүзеге асырылып жатыр, жаңа нақтылық – виртуальды әлем және виртуальды адам. Осылайша, кеңістік пен уақыт бір-біріне жақындасуда, кейде қосылып та кетеді. Жаһандануға қарсы және батысқа қарсы адамдар пайда болды. Мұндай жағдайда тілдік және мәдениеттік сәйкестілікті, өзгешеліктерді, жер шарының басқа халықтарының мәдениеттерінің бірегейліктерін сақтау туралы көкейкесті проблема туындайды.

Ұлттық мәдениетте таңдау мен одан шығу жолдары жоқ па немесе осылардың қорытындысы біреу – бүгінгі кезде үстемдік құрып отырған мәдениеттің түрлеріне қосылу, өз өзгешеліктері мен маңыздылықты жою ма? Автордың пікірі бойынша, әрине жоқ. Өзін қадірлейтін адам жеңілістерге шыдамайды, тек шыдамды болып қалуы керек. Ұлттық мәдениет құндылықтарынан ажырауға болмайды. Ұлттық мәдениетке жалпы адамзаттық реңк беру керек, сонда ғана ұлттық мәдениет шығынсыз дамиды.

Әлемдік мәдениет кеңістігіне ұлттық мәдениеттің енуінің күрделі міндеттерін шешу үшін анықтайтын бағытта оған ұнау қажет емес, тек өз даралығыңмен қалу, соны ұстану керек. Өз мәдениетінің шегінде, өз көкжиегінде қалып қоюға болмайды, әлемдік мәдениет кеңістігіне ұмтылу керек, бірақ оған ұмтылғанда ұлттық мәдениеттің мазмұны мен құндылықтарына ие болатындай түрде ұмтылу керек. Дегенмен ұлттық мәдениетке «өзін-өзі өткізуге» мәжбүрлемеу керек, оны қабылдай алмайтынына, қарастырмайтынына, түсіне алмайтынына, бағалай білмейтініне, міне осылардың барлығына дайын болуы керек. Бұдан, ұлттық мәдениет заманаға, дәуірге «маңайламайды».

Алайда кімде кім ұлттық мәдениетті өз шегінде ең жақсыларын қабылдай алуы мүмкін. Сонымен қатар жаһандану талап етіп отырған сол мүмкіндіктерді пайдалана алуы мүмкін. Ол өз бейнесін көбейтіп, «әрбір үйге ене алады. Бірақ «әлемнің ең күшті сахналарында» ұлттық мәдениет басқа өңірлерде өз бейнесі мен түрін табуы мүмкін, сол жерлерде кеңінен қабылдануы мен пайдалануы мүмкін».

Бірақ белгілі қазақстандық философ А.Г. Косиченко атап өткендей, егер ұлттық мәдениет кең пайдаланылмаса, ауқымды түрде қабылдай алмаса, онда тұрған ештеңе жоқ. Себебі, ең бірінші, ұлттық мәдениет дегеніміз тұтас бір халықтың мәдениеті болып табылады. Ұлттық мәдениет осы мәдениеттерге тән құндылықтарды адам бойына сіндіріп, тәрбиелей алады. Егер осы мәдениет нағыз мәдениет болса, онда адам әлемге қызығады, немесе адамның мәдени ерекшелігі жалпы адамзаттық мәдениетке ұмтылады [6]. Ұлттық мәдениет өзінің ерекше құндылықтарымен құнды, өйткені бұл құндылықтарда керемет ерекшеліктер бар, яғни әлемді тану және осы дүниені тану мағынасын көру қабілеті. Бұл топырақтан қол үзуге болмайды, ал керісінше жағдайда ұлттық мәдениет жойылып кетеді.

Біз дәстүрлі мәдениет туралы айтқан кезде, онда дәстүрлі рухани құндылықтарға негізделген, өркениетті дамудың ұзақ мерзімді жеткілікті тарихы, қоғамның мәдениеті, әлеуметтік құрылым туралы айтуға болады. Бұл қоғам ұлттық менталитетті және өмір салтын қалыптастырудың артық-кем үздіксіз және ұзақ мерзімді дәстүрлі қоғамы. Осындай тектес қоғам топтарына, экономикалық жаңартудың белгілі бір табыстарына дәстүрлі негізде жеткен елдер жатады, олар мынандай елдер: Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Сауд Аравиясы, Кувейт, Үндістан, Бразилия және т.б. Сонымен қатар экономикалық жаңарту жолында енді қадам басып келе жатқан Орталық Азияның посткеңестік мемлекеттері, Иран, Пәкістан, Африка континентіндегі көптеген мемлекеттер, Солтүстік Корея, Ирак, Куба сияқты «шетке қағылған мемлекеттер».

Осы елдердегі экономикалық және әлеуметтік проблемалардың болуы, сол немесе басқа дәрежедегі рухани байлық, жаһандануды әр түрлі қабылдау әр түрлі модульдері бар: соңғы қабылдамаудан тиімді жаңартудың атынан өзінің ұлттық сәйкестілікке кірігуге дейін. Бірақ жаһандану кез келген контекстінде – осы «шақыруға» барабар шараларды әзірлеуді және идеологиялық стратегияны талап ететін нақтылық.

Егер жалпы деңгейде талқылайтын болсақ, онда жаһандану әрине, пайдалы емес, мәдениетке де зиянды емес. Бірақ, жаһандану бар, сондықтан мәдениеттік ымыраға келу салдарынан оған қатысушылар алысқа барады. Мұндай мәдениеттік ымыраға келудің арқасында жаңа әлемдік мәдениеттің «алаңы» пайда болады, сондықтан оған қатысушы барлық ойыншылар мәжбүрлі-келісілген ереже бойынша ойнайды. Бұл ретте жеңімпаздар болмайды.

Адам өзінің саналы мәдени дамуының тарихи кезеңі ішінде мәдениеттің маңызын және оны өз тұрмысында жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болып тұрған шығар. Мәдениет, кейде адамның рухани дамуының процесін әрдайым өзгертті, оның алдына жалған мақсаттар қойып, сол мақсатқа жету жолындағы оның рухын жаниды. Мәдениет жаһандануда өзін-өзі жоғалтпайды, ал керісінше жаһандануда мәдениет өзінің шектік негіздерін айтады, өзінің мазмұны мен маңызын ашады. Адамның рухани даму саласы оның әлемді тану түріндегі мәдениет емес. Жаһандану мәдениеттің осы мағынасын түсініп, адамның рухани жандануына өзінің идеяларын орнатуға мүмкіндік береді,

жаһанданудағы мәдениеттің шекті дағдарысын бастан өткерген адам мәдениеттегі нақты рухани өрлеу мүмкіндігін алады деген сенім сақталады.

Жаһандану феноменінің өзі батыс интеллектуалдық элитасымен асыра көрсетіледі, жаһандану процестері мәдениеттің өзара алмасуларын енгізе отырып, мысалы, денсаулық сақтау жүйесін, ғылымды, технологияны, киімдерді және т.б. енгізе отырып, ежелгі дәуірден бері алғашқы өркениеттің кезінен бері дүниежүзілік тарихтың маңызды элементтері болып табылады. Біз бүгінгі кезде ұшырасып отырған құбылыстар өткен кезеңде де сансыз жиыны болып қалды. Бұл шоғырландыру империялық жүйедегі халықтың үлкен саны, олардың мәдени гегемониясы және олардың шіріп бара жатқан империяның жергілікті өркендеуі ретінде қабылданған мәдени фрагментацияларды шоғырландырмау – мұның барлығы бұрынғы және жиі кездесетін құбылыстар.

Қазіргі заманның жаһандану процестерінде құндылықтардың екі жүйесі: дәстүрлі мәдениетте және құндылықтар жүйесі ағыны бар құндылықтар жүйесі, либеральды және демократиялық бағыттар маңындағы құндылықтар жүйесі кездесетіні туралы тезис кеңінен таралған. Екі әлемнің қарама-қарсы тұруы сияқты осы екі құндылық жүйесінің қақтығысуын мағыналау анық емес: ескі, дәстүрлі және қазіргі заманғы, демократиялық. Егер осылай болса, екі құндылық жүйесінің қарама-қарсы тұруына жол берілмейтін еді – адамзат құндылықтарының тарихи басымдықтары туралы айтуға болады, сол кезде дәстүрлі бұрынғы құндылықтар жаңа, жаңа әлемдік реалияларға сәйкес келетін жаңа құндылықтарға ауысады, ал мұндай құндылықтар либеральды-демократиялық құндылықтар деп аталады. Олардың тарихи дамуындағы құндылықтардың артықшылықтары туралы айтылып тұрған жоқ, бірақ саяси, діни және әскери дау-дамайларға дейін әкелетін қарама-қайшылықтар туралы сөз болуда, себебі жоғарыда аталып өткен құндылықтардың екі жүйесі бүгінгі күні көкейкесті құндылықтар болып табылады.

Қазіргі заманғы әлем тәжірибесі кейбір дәстүрлі құрылымдар қазіргі өркениетті өте шектеулі түрде сіндіруде екенін сенімді түрде көрсетеді. Тәжірибесіз және жаңашылдықсыз көрсету мүмкін емес. Дәстүрдің өзі адамға жоғалып кетпеуге мүмкіндік береді, керісінше өзінің өмір салтын қазіргі заманғы алға ұмтылған өзгерістерге бейімделу керек.

Дәстүрлі және қазіргі заманғы құндылықтар арасындағы қарама-қайшылықтар солардың арасында емес, ал керісінше жеке тұлға ретінде де, қоғамдық сала да жеткілікті негіздеуге мүмкіндік бермей, қазіргі заманғы құндылықтар жүйесінде болуды талап етеді. Бұл ретте автор негізгі себептердің бірін көреді – қазіргі заманғы адам бойында қандай да бір құндылықтар Батыстағыдай, Шығыстағыдай жүйесінің болмауы. Мұны барлық жерден байқауға болады: террористер, діни құндылықтар жүйесін бетке ұстап, өз әрекеттерін сол құндылықтар жүйесінде ақтап, бүгінгі кездегі өзекті саяси мақсаттарды діни құндылықтарға айырбастау арқылы саналы немесе санасыз түрде әрекеттер жасайды, оларды демократиялық қоғамнан таңдап алған соңғы мазмұнда әрекет жасайды.

Мұның барлығы, қазіргі заманғы әлемде құндылықтар анархиясын сенімді түрде бейнелеп көрсетеді, ол қолайлылық пен ақталу үшін плюрализм

деп аталады, бірақ бір нәрсені ғана білдіреді: қазіргі заманғы әлем өз өмірінің тіршілік әрекеттерін құндылық негіздерін жоғалтты. Осы жерден фрагментарлық пен бірізді еместік; одақтар мен діни бірлестіктердің шарттылығы; волонтаризм, саясатта тұрақтылық пен критерийлердің болмауы; адамдардың ауқымды абсолюттік айла-амалдары; төтенше және ақталған БАҚ билігі және т.б.

Жаһандану осы процестерді бірлескен түрде және жалпыға ортақ етіп жасады. Соңғы оншақты жылдардың тәжірибесі өте маңызды және тиісті қорытынды жасауға мүмкіндік береді: соғыс олардың түсініктері бойынша қазіргі кезде қажет емес, егер соғыс әрекеттері пайда болса, онда бұрынғыдай мақсатпен емес, басқа жаңа мақсаттармен ұмтылады. Соғыс кезінде іске асырылған әрекеттердің нәтижесі қазіргі кезде қарсылас тараптың құндылықтар жүйесін бұзу арқылы әбден қол жеткізеді, сосын соңғысы бұл ретте одақтасқа айналады.

Тек дәстүрлі құндылықтар қазіргі заманның ұрандары алдында әлсіз ғана емес, принципті түрде – олар тіпті мүлдем басқаша дүние тану көзқарастарында, мәдени, әлеуметтік-саяси және экономикалық атмосферада топтасады, бірақ ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар бізге жақын, либеральды және демократиялық тұжырымдамалар мен идеялар маңында топтасқан құндылықтар – бұл құндылықтар әлсіз және бос, осыны жаңа тарих көрсетіп отыр. Осындай құндылықтармен өмір сүретін Батыс әлемі қазіргі кезде тіпті басқаша өмір сүреді, жануарлар инстинктісімен шектеліп қалған жалаң эгоизмге дейін осы құндылықтардың позитивті мазмұнына әкеледі. Либеральды құндылықтар оларды нақты іске асыруға дейін әкелінген, қоғамның бұзу құралына айналды.

Көріп отырғанымыздай, жаһандану процесі үдемелі қарқынмен келуде, осы процестерге қол созған елдер және кейінірек қосылатын елдерге өте қиын: барлық қолайлы қуыстар мен текшелер бос емес, қалыптасу процесі мүлдем аяқталған, тек сол процестер бойынша әлемдік жаһандану процестеріне қатысуға болады. Аутсайдер-елдерде курсты түзетуге кететін уақыт тіпті қалмайды, бұл ретте күрделі қателіктер жасай отырып және бұдан да қиын жағдайларға тап бола отырып шарасыз түрде «жүріс барысында» бағыттарды таңдап алу керек және қатарға тұру керек. Бұл жағдайдан позитивті түрде шығудың барлық түрлерінен барынша тиімдісі келесілер: елдің қолда бар және перспективалы мүмкіндіктерін айқын түрде бағалай отырып, жаһандану процестерінде өз орнын анықтауды, өзінің өзгеше табысты жолын таба білуді ұсыну болып табылады. Бұл ретте экономика мен саясат туралы ғана сөз болып отырған жоқ, бірақ идеология, құндылықтар жүйесі туралы да сөз болып отыр, солардың маңайына ауқымды әлеуметтік топтар біріге алатындай, адамзатқа бейбітшілік, динамикалық даму үстіндегі және тұрақсыз қазіргі заманғы әлемде елдер арасындағы келісімге қол жеткізе алатындай кепілдік бере алатын топтар бірігуі мүмкін.

Жаһандану жергілікті мәдениеттен және құндылықтардан келісімді түрде бағыныштылықты емес, жана өркениеттің жаңа тәжірибелерін таңдамалы түрде қабылдау және игеруді талап етеді, ол солармен болатын конструктивті диалог

процесі барысында ғана мүмкін. Әсіресе посткеңестік кеңістіктегі жас, тәуелсіз мемлекеттер үшін және олардың ұлттық қауіпсіздігін нығайту үшін қажет. Сондықтан бізге жаһандану ахуалын дұрыс бағалауға және оларды шешу тәсілдерін табуға мүмкіндік беретін пән аралық зерттеулер нысаны ретіндегі жаһандану процесін дамыту өте қажет.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Декларация тысячелетия ООН // Экология – XXI Век. 2002. № 1-2. С. 24.
2. Международная жизнь. 2001. № 1. С. 58.
3. Декларация тысячелетия ООН // Экология – XXI Век. 2002. № 1-2. С. 24.
4. См. <http://www.earthcharter.org/draft/charter.htm>.
5. Федотова Н.Н. Возможна ли мировая культура? // Философские науки. № 4. 2000. С. 58-68.
6. Косиченко А.Г. Национальные культуры в процессе глобализации // [www.orda.kz](http://www.orda.kz). Электронный информационно-аналитический бюллетень. №№ 8, 9.

## Мазұмны

Кіріспе.....	3
<b>Бұрханов К.</b> Қазақстан жастарының отаншылдығын білім беру жүйесінің призмасы арқылы дамыту және нығайту.....	4
<b>Нұрлыгенова З.Н.</b> Қазақстан аумағындағы қола және тайпалық қауымдастықтарының мәдениеті.....	7
<b>Нұғман Б.Г.</b> Қазақстан тарихында түрік кезеңінің рухани мәдениеті. Қазақстан аумағына әлемдік діннің енуі.....	15
<b>Сүлейменова М.Ж.</b> Орта ғасырдағы Қазақстанның қала мәдениеті (VI – XVII ғғ.).....	22
<b>Дәниярова А.Е.</b> Ортағасырлық Қазақстанның материалды мәдениеті.....	30
<b>Түсіпбеков Ж.А.</b> Қазақ мәдениетіндегі жыраулар шығармашылығы.....	37
<b>Тілеугабылова К.С.</b> Қазақ эпосы – халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрларының бірі.....	45
<b>Байпелова Г.С.</b> Қазақ халқының мәдени мұрасы: әндер, ертегілер және мақал-мәтелдер.....	53
<b>Әбдірахманова А.А.</b> XIX ғасырдағы-XXI ғасырлардың басындағы музыка өнері және көркем шығармашылық.....	58
<b>Әбдірахманова А.А.</b> XIX ғасырдағы-XXI ғасырлардың басындағы Қазақстанның мерзімді баспасөзінің дамуы.....	65
<b>Нұрлигенова З.Н.</b> Кеңестік Қазақстандағы білім беру мен ғылымның дамуы.....	73
<b>Мақалақов Т.Ж.</b> Кеңес Одағы кезеңінде қазақ әдебиетінің дамуы.....	80
<b>Шаймұханова С.Д.</b> Кеңестік кездегі Қазақстанның музыка және театр өнері.....	84
<b>Шаймұханова С.Д.</b> Кеңестік кездегі Қазақстанның кино және кескіндеме өнерінің дамуы.....	93
<b>Волкова А.В.</b> Қазақстан мәдениетінің тәуелсіздік кезеңінде даму.....	102
<b>Жәлелов К.Ш.</b> Жаһандану және оның мәдени процестерге әсері.....	109

ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

### 4-кітап

2-ші басылым, өңдел. және толық.

**Құрастырушы авторлар:** Г.А. Байжабагинова, Л.Г. Матвеевкова, А.В. Волкова, А.К. Сламбекова, З.Н. Нұрлыгенова, Б.Г. Нұғман, А.Е. Даниярова, Ж.А. Түсүпбеков, Г.С. Байпелова, К.С. Тілеуғабылова, С.Д. Шаймұханова, А.А. Әбдірахманова, М.Ж. Сүлейменова, Т.Ж. Мақалақов, К.Ш. Жәлелов.

31.03.2004 ж. берілген № 50 мемл.баспа лиц.  
Басуға 15.12.2011 ж. қол қойылды. Тапсырыс 1923  
Пішімі 60x84x16. Есептік баспа табағы 7,2. Таралымы 3 дана.  
Бағасы келісімді.  
ҚарМТУ баспасы. 100027. Қарағанды. Бейбітшілік бульвары, 56